

894.342-7

Ж-27

к23. 83.

Имя
Жансүгіров



894,342-7

*-27

ІЛІЯС ЖАНСҮГІРОВ

ҚҰҚ

ББК 84 Қаз 7-4
Ж 27

142120

5-620-00845-4 .

Қуыршақ

Қуыршақ деген кішкене кісі. Аяғы, қолы бар. Аузы, мұрны бар. Белі буулы, жеңі сұғулы, төсегі салулы. Ішпейді, жемейді. Қолдан жасайды. Базарда сатады. Қыз балалар ойнайды, бірінен бірі алады. Қуыршақ үндемейді. Берсе кетеді, алса келеді. Тіл болмайды, үн болмайды.

Жоқ, бекер, қуыршақ үлкен кісі. Аяғы, қолы бар. Аузы, мұрны бар. Белі буулы, жеңі сұғулы, төсегі салулы. Ішеді, жейді. Қолдан жасамайды, қатыннан туады. Базарда сатпайды, қазақта сатады. Сақалды балалар ойнайды. Бірінен бірі алады. Берсе кетеді, алса келеді. Тіл болмайды, үн болмайды.

Күндерде бір күн ауданы Бадам, ауылы алтыншы, Қасымбекұлы Әбдірақым деген адам қуыршақ іздеп Шымкент қаласындағы Құрият көшесін қыдырыстап келе жатты. Кенжетайдың қақпасына тоқтай қалды.

— Бабас осында тұра ма?

— Қай Бабас?

— Кәдімгі ағаш төресі Сәрсенов.

— Осында. — Бабас шығады.

— Қані, Бабас, қарындасыңа қанша сұрайсың?

— Әуелі қор, қолайыңа жақса...

— Көріп тұрмын. Құнтақты қолдың жасаған қуыршағындай бала екен. Тек саудасына келіссек...

— Мың жарым сом пұл бер де, ал.

— Жо, жолдас, ұстаған жерден ағаш та сынбайды. Өзің совет адамысың. Біледі деген қызметкердің, оқыған адамның бірісің. Совет тұсындағы қыздың бағасының арзандағанын қалай білмейсің? Берсең мың сом, артыққа ала алмаймын.

— Бір ат қос!

— Мәйлі, бопты.

Сауда бітті. Қой сойылды. Құда түсті. Бабасқа 700 сом өтті. Әбдірақым қыз қойнында, пұлы берілген!

Ертең қыз Әбдірақыммен “қашып” кетіпті, бостандық!

Бабас Қаңқада тұратын Ересіл Арыстанбайұлы деген, осы күнгі бір жуан саудагердікінде отыр:

— Әйел керек еді. Қызыңыз Әлимеге қанша сұрайсыз?

— Имам Ағзам болсын, алғашқы сауда ғой, 2000 сомнан кемге жоқ...

— Қызыңыз қымбатырақ екен... Шымкент қаласында қыздың қызының алды-ақ мыңға жетеді. Мәселен, мен, өз қарындасымды да мыңнан асыра алмадым. Бұдан арзандатпасаңыз ала алмаймын.

— Қайыр, Имам Ағзам болсын, мың жарымға көнсең, Әлиме сенікі.

— Мәйлі, бопты.

Сауда бітті. Қой сойылды. Құда түсті. Ересілге 1010 сом өтті. Бабас қыз қойнында, пұлы берілген!

Ертең қыз Бабаспен “қашып” кетіпті, бостандық!

Қатшаны қатындыққа әкелген Әбдірақымда бүгін ес жоқ. Қабағы жарқылдап, танауы желбегейленіп, ыржаң-ыржаң етеді. Алтыншы ауылдың халқына той қылып мырзамсып жатыр. Қайнағасы Бабас та тойда.

Той өтті. Бабас қайтатын болды.

— Бүйімтайыңыз?

— “Бүйімтайыңыз” дейтін не бүйімтай болады? Саудада достық жоқ. “Қолыма қыз тигенде берем” деген 300 сом мен бір атты бер; жұмысым сол!

— Сауда дегенмен сүйек болдық қой. Тойға да, қойға да шағындап қалдым. Біраз мүрсатана бересіз ғой деймін...

— Мен былай деп ойлаған жоқ едім...— деп, Бабас сырт айналып кетті.

— Қарағым, Қатша қарындасым. Мен мына қуыңнан түңілейін дедім ғой. Ауылыңның да, аймағыңның да сұрқы жоқ екен. Тамырын тарттым. Мені кісі келді-ау деген жоқ. Осындай жекжат бола ма? Мен кісі танысам, сен мұнда кісі бола алмайсың, келсап боласың...

Қатша солқ-солқ жылайды.

— Қой, жылама. Мен тұрғанда қор болам деме! Қайда барсаң да еркін. Совет тұрғанда зорлап қатын қыла алмайды.

— Аға, енді қайтем?

— Үйге қайтасың? Саспа. Жауға жараны білдірмелік. Бір күр жорық сапарымыз шығар. Ауданға барғанда айтарыңды айтарсың. Мен Сайрамнан тосам. Қош, қарағым!

Әбдірақымның қағанағы қарқ, сағанағы сарқ; тойды өткізді. Қайынағасын қайырды. Енді келіншегін жаздырып алуға февральдің төртінде ауданға алып келді.

Аудан адамының алдым-бердім тіркейтін дәптерін жайып тастап:

— Бір-бірлеріне ырзасыңдар ма? - деген сұрауына:

— Ырзамыз! - деп, күйеу жып ете түсті.

— Жок, ырзалығым жок. Осы пәленің қайдан жабысқанын білмеймін. Ажыратыңыз, ықтиярыма жіберіңіз! - деді Қатша.

— Басында мұнымен неге қаштыңыз?

— Қашқан кісім бұл емес еді. Осының маған қайдан бай болып қалғанына өзім де түсінбеймін дедім ғой. Әйтеуір, менен бір оқыстық болды, жолдас!

— Енді қайда бармақсың?

— Тіпті, үйіме қайтам. Байы құрысын. Тимей-ақ тұра тұрайық,- деген қорытқыдыға келіп тұрмын, ағатай.

ЗАГС бастығы кітабын жаба салды. Үрған итке ұсап сүйретіліп Әбдірақым кеңседен шықты. Сырттан бақылап жатқан Бабас, Қатышты қолына алды.

Бостандық!

Қыздан айырылған Әбдірақым, пәлен малымды қалыңға алған деп, Бабастың үстінен аудандық милицияға арыз кіргізді. Милиция Бабасты жауапқа алды. Бабас:

— Бұларды танымаймын. Мал алғаным жок. Қарындасым мен жокта қашып кетіпті,— деді.

Өзі кепілге босанады. Қатышты алып Бабас Шымкент қайтады.

Әрі қатын жок, әрі ақша жок; ығындалып-шығындалып Әбдірақым қалады. Милициядан маңдайы тасқа тиеді. Бабастың ыстық-суығы басылмаған жаңа қайын атасы Ересілді кеп табады:

— Сенен жәрдем болмаса, дәрмен кетті,- дейді.

Қапалардың(Әбдірақым руы) тайлы-таяғын ертіп Ересіл сәудагер Бабасты табады:

— Бабас, сенің бұл не қылғаның? Сауда сақал сипағанша емес пе? Қыздың басын шаққан пұлынды алсаң нең бар?

— Е, онда нем бар? Өкпем де жоқ, кінәм да жоқ.

— Ендеше, мына 300 сомын ал. Айтысқан ат үшін мына астындағы қарала айғыр сенікі.

Мейлі бопты...

Сауда бітті. 300 сом мен қарала айғыр Бабасқа өтті. Милициядағы арызды аяқсыз қалдыруға екі жағы да баталасты. Әбдірақым қайтадан қыз қойнында. Пұлы берілген!

Қыз ертеңіне Әбдірақыммен кетті.

Бостандық!

Міні, қуыршақ! Міне, ойын!

Бізде әлі мұндай қуыршақтар бар. Әйелді әлі қуыршаққа айналдырып жүрген ескі әдеттің құлы қулар, атқамінерлер бар. Біз бұл қуыршақты, бүгінгі күн сықылды, жер жүзі еңбекші әйелдерінің азаттыққа қажырмен, қайратпен шығатын күні әдейі көрсетіп отырмыз. Әйелді қуыршақ етуші қулар құрысын!

1929

Жалаңаш жиылыс

Шіретте тұрған кісі қандай кең пейілді келеді: арық қойдай тырысып, баз біреумен ұрысып, баз біреумен жұлысып теріміз тарылып, өзіміз жарылып кеткендей тұрмыз. Сіркеміз су көтермейді. Тек жуықтап кеткен адамға, бақырауық түйедей баж ете қаламыз. Тіршілік түбі тартыс қой, адам өз тесігіне таласады да...

Біздің таласып тұрған тесігіміз тарс бекітулі. Билет беретін жирен қыз кіріп шығады, кіріп шығады, тесігін ашпайды. Әй жынымызға тиді-ау!

Расында қыздікі жөн, жүз елу мың жанға арналған сауысқан ұясындай моншаға барлық Алматыны қалай сыйғызсын. Тек қолымызға билет тисе, бірімізді біріміз басып, қырылып қалғалы тұрмыз. Көп тұрдық...

Бір мезетте құдай жарылқады, ақ моншаның қарны жарылды. Жалғыз тесік жылт етіп ашыла

кетті. Апыр-топыр көкбөрідей, тесікке таластық. Тәртіп, сыйласым, мәдениеттілік, зиялылық, әдеп дегендеріңіз адыра қалды. Алматыда жұлқыласпаса ақың кетеді. Боктаса, итерісе, жұлқыласа тесікке... Тесікке таман... Бұрын еш шәй деспек түгіл, түсін танымаған жай кісілермен өң бұзысып, сөзге келісіп, сіресіп тұрмыз...

Мұндай күрестің көтерілген жерінде, адам баласы, Алматы қаласы тап-тапқа бөлінбей тұра ма? Біреулер — әскер, біреулер — қызыл партизан, біреулер — командировочный көрсетіп, түс-тұсынан тесікке таласып, күреске көтерілді...

Осылай қырқысып, қызыл кеңірдек болып жатқанымызда, ат жақты, ашаң сары кимелей кетті:

— Тәртіп сақтаңыз! — деп, оған бажырайыстық.

— Тәртібіңіз қайда? Мені жіберіңіз?

— Жоқ, жібермейміз! Кезегіңізбен аласыз.

— Мен кезек-кезегіңізді білмеймін ғой!

— Оғұрлы сіз кім едіңіз?

— Горсоветтің мүшесімін.

— Горсовет болсаң қайтелік? Қайта сен тәртіп сақта. Сен тұрғай Сарумов жолдастың өзі келсе де біз осыны айтар едік. Әуелі ел жуынсын, сендер кейін шомыл!— дер едік...

Ондай сөзді қыстырған ол жоқ. Омыраулап тесікке үмтылды.

— Жіберме, жіберме! — деп айқайластық.

Кассанның жирен қызы дыбыс берді:

— Шуламаңдар! Бес-ақ кісі жіберем!

— Маған бестен артық керек емес! — деді әлгі кимелеп кірген.

— Документіңіз?

— Пожалуйста!— деп, Горсоветтің мүшелік билетін бере қойып еді, қыз сөзсіз билет кесуге кірісті.

Қүдіреттен күшті документ шыққан соң, бағанағы жібермейміз деп тұрғандардың салы суға кетіп, салбырап тұрысып қалысты. Бес билетті алып, мүше қайқайды. Тесік тағы бітеліп қалды.

Тұра-тұра жарты еңбек күнді жіберіп билет алдык-ау!

Моншаға кірген соң, шешінуге шіретке тұрдым. Шешінген соң, киімді беруге шіретке тұрдым. Бұл шірет жалаңаштардың шіреті. Аяқ асты шылқыған су, бөлме азынаған суық. Ал, киім алатын кісі кердең-кердең басады, анекдот айтады, бірақ құшақтап

түрған киімінді алмайды. Онікі жөн, алғанда қай тәсігіне тықсын?

Киімді беріп келіп, жуынуға кірген соң тағы шірет. Күзелген түйедей өңшең жалаңаш кісінің керуені тізіліп тұрмыз. Алматының шіретіне әбден тоселіп қалғанмын. Қай жерде болсам да, адамнан іркес-тіркес екі-үш кісі көрінсе, артына тұра қалам да:

— Сонғы адам сіз бе? Мен сіздің артыңыздамын!
— дей кетем. Алдымдағы кісіні анықтап алғаннан кейін барып, шіреттің неге екендігін білу үшін:

— Не беріп жатыр екен? — дедім.

— Шылапшынға тұрмыз!..

— Ұқтым, рахмет!— дедім.

Моншадағы шіреттің түрі жалаңаштық, мазмұны бұқарашылдық болатын көрінеді. Жұрттың бәрі тыр жалаңаш. Тықыр қара, ашаң ақ құба, көк бурыл шал; бота тірсек, бос мойын, тақыр төбе, шоқша сақал, шойтық ақсақ, салпы қарын, ақшаптар қисық сары, жүнді қаралардың бәрі шылапшын алғалы тұр. Моншаға кіргеннен соңғы бір жетіскендігіміз — шіреттегі тап-тапқа бөлінуді жойдық. Тысқы жақтағы тап-тапқа бөліп тұрған киіміміз, документіміздің бәрін “сдавать” еткен соң әскер, қызыл партизан, командировочный, жай граждан арасында айырма қалмай, тапсыз қоғам құрып шіретте тұрамыз. Тек мұндағы айырма — шылапшындары барлар мен жоқтардың арасында ғана. Шылапшын алғандар шалпылдатып жуынып жатыр, олардың қолынан қашан аларсың!

Шіретім келген соң шылапшын алып, шүмекке келгенімде, тынысы құрып кеткен кісідей Горсовет моншасының сар шүмегі ақпай қалды.

— Су жоқ!

— Жылы су жоқ!— деген қайғылы хабарды жуынғандар, жуынбақшылар бір-біріне құлақтандырды. Бұл уақиға барлық жалаңаш бұқараның басына түгел түскен селебе сияқтанды. Бұрқыраған бу да жоқ, шалпылдаған су да жоқ, адамдар салбырап, монша салқындап сала берді.

Не қылмақ керек? Шүмектен жылы су күту, коктеп жаңбыр күткенмен бірдей. Тамады, тамбайды тағдырдың еркінде. Бірақ, “тамар-ау” деген үміт көп...

Халық көп тосты. Шұрылға құлақ түріп, шүмекке табынып көңілсіз бола бастады. Адам пайғамбардың Алматыдағы балалары, атасының әуелгі қалыбына түсіп, Кербаланың шөлінде шөлдеп отыр. Баяғы пайғамбар заманындағы Құлдыстың сахарасында қырық күі жалаңаштар шулап монша Мүсасын күткен сияқты.

Бұл қауымда кімдер жоқ? Ақша бөлімінің инспекторы, комхоздың месткомы, КазГУ-дың профессоры, Наркомземнің кадр секторы, автодордың бухгалтері, баспахананың жұмысшылары, КазПИ-дің оқушылары, толчоктің алыпсатары, “Жаңа сәуле” колхозының мүшелері, қысқасы — қырық мекеме, қырық ру халықтың тоқайласқан жері осы монша.

Осы халықтың монша шөлінде істеген қылықтарын айтуға өзім ұяламын. Егер менен басқа аузы жеңіл біреу болса, іші пыскан жалаңаштардың шылапшыннан “шумбани” деген оркестр ұйымдастырып, даңғырлатқанын, оған бірнеше жалаңаштың билеп те жібергенін айтып қойған болар еді. Мен неғылайын ондай ұсақ-түйекті айтып, тек әлеуметке пайдалы жұмыс жағы болмаса...

Мұндай жиын жерді пайдаланып қалатын әлеуметшіл, үгітшіл, Кузьма белсенділер де ішімізде екен:

— Тастандар “шумбанинаны!” Кәдімгідей тәртіпке, келелік, жиылыс жасалық. Бірер іскер баяндама істесін,— деген ұсыныс көтерді.

— Мақұл, мақұл! Кәні, баяндамашы кім?

— Қайда бағанағы горсоветтің мүшесі!

— Қайда бағанағы бес билет алған мүше!

— Шығыңыз ортаға баяндамаға...

Жүрт жым. Біріне бірі қарайды. Мен мұңдалап шыққан мүше жоқ. Өңшең жалаңаштың ішінен горсоветтің мүшесін танып алу оңай болып па? Жүрт мүшені сұрастырып, тастаяқтай қағысты.

— Қайда кетті дейсін? Осы жалаңаштың біреуі шығар?

— Қандай еді өзі?

— Мысық жағалы кара пальтосы, портфелі бар еді.

— Немене адамды ақмақ қыласың! Пальтосын киіп, портфелін алып моншада жыңды адам жүре ме?

— Пальтосы мен портфелін сдаваттап тұрған шығар...

— Осынау тұрған сол емес пе?

— Осы болуға кәдік. Жолдас, сіз горсоветке мүшесіз ғой?

— Жок.

— Сіз сықылды еді. Болсаңыз жасырмай айтыңыз! Тұрқыңыз келеді, мұрныңыз ұқсайды...

— Кұдай ақы, мен емеспін.

— Қайда істейсің?

— Толчоктегі парикмахермын.

— Документіңіз?

— Документім киімімде қалды.

— Ой, Кузьма, сен не чудақсың, киімін сдаваттап алған қаңылтыр номерін қайда қоярға білмей, біресе құлағына, біресе кіндігіне қыстырып тұрған жалаңаш адам саған документ көрсете ала ма? Қой әрі — дестік.

Сүйтіп тұрғанда, біреуге біреу сыбырлап:

— Горсовет мүшесі мына жақта түр!— десті.

Өне бойын сабындап тастаған біреуге келіп Кузьмалар шоқшиды:

— Бағанадан неге үндемейсіз? Әйде, баяндамаға шық!

— Не туралы істейін?

— Сайлауға дайындық туралы. Ұйымдаспаған халықтың бірден бір жиылатын жері — монша. Осында жиылыс өткізу сіздердің жоспарыңызда жоқ па?

— Жок, сайлауды қойсын. Қала жайын сөйлесін!

— “Соны айт!”, “Соны сөйле!” деп шулап кетті қауым.

Сабынға сірескен мүше жұмған аузын аша алмады. Қала жайын сөйлейтін болды.

Жиылыс, кәдімгі, жарық дүниедегі жиылыстан кем болған жоқ. Алқа қотан отырып, басалқа, бастық, қатшы сайланып, киімді кісілердей-ақ кеңеске кірістік.

Горсоветтің мүшесі ортада тұрып ұзақ баяндама жасады. Көзі сабыннан көрінбейді. Оның айтуынша: қала күзелмекші. Талай үйлер салыныпты. Қазір ағаш тігіліп жатыр екен. Трамвай жүргіземіз бе деген жоспар да бар. Автобус саны арттырылмақшы. Қалаға монша салу мәселесі де жоспарланбақшы дегенде, жалаңаш жиылыс қошемет қылғандықтан бірін-бірі шапалақтап, “залды” жаңғырықтырды.

Сөз таусылып, сұрауға рұқсат болған соң, салғаннан:

— Салынатын моншада су болар ма екен?— дегенді сұрады.

— Сусыз монша болушы ма еді?— деп, баяндамашы оны кекеп тастады.

Сұраулардан кейін көз ашылған соң, жалаңаш қауымның белсенділері желпінішке шықты...

Не чин, не орын, не үстел, не мекеме жоқ, жанның бәрі бірдей, жұрттың бәрі жалаңаш, терезесі тең — шынайы бұқарашылдық сонда болады екен... Армансыз айтысып, өзара сынды ең жоғары скамейкаға шейін көтердік.

Бірінші баяндама бітіп, енді екінші мәселеге көше бергенде, шүмектен сыр етіп су ағып қоя берді. Жалаңаш қауым жыбырлай шүмектің шіретіне тұрғанда жиылыс жабылмай қала берді.

Су бірде бар, бірде жоқ болып, моншаның қуығы тұтылып болмады. Анда-санда бір тамады. Кейде шор еткізіп тоқтатады. Жұрт жөнді жуына “алмады”. Осында түнеп, ертеңгі суды күтсек қайтеді?— дегендер де болды. Өзім апыл-құпыл қамданып, шалашарпы жуынып, ауыз үйге шықсам, жалаңаштың қақ жартысы киім алуға шіретке тұрып қалған екен. Келіп шешініп тұрған шірет өз алдына. Мен киімге жеткенше, жансыз жарық жалп етіп сөне кетті.

Су қараңғы, суық үй. Қызыл асықтан су кешіп жалаңаш адам қараңғыда қалды. Тек, жолдастар, ондай хал бастарына келмей-ақ қойсын! Дауыстар ғана естіледі.

— Біржола сөнді ме екен?

— Жок, қалжың ғой. Анда-санда өстіп Алматы станциясы көзін қысып ойнайды.

— Ойыны құрысын, жағдайсыз жерде тұрғанда жайсыз тиді ғой.

— Тұра бер асығып не бар. Жанар.

— Тұра бер деп, нағып шыдымды болып тұрсың? Сен әлгі баяндама жасаған горсоветтің мүшесі емессің бе?

— Болғанда қайтесің? Тағы жиылыс шақырмакпысың?

— Жай сұрағанға шабыңа шок түскені қалай?

— Кейіп тұрған жанымды кейіте берме! Күңгірлеп барасың, кеңірдектен қойып жіберермін!

— Ой, граждандар, сендерге не болған. Ендігі алданыш төбелесте қалғандай, бұл неғылғандарың?

Сонымен ереуілді басқандай болдық. Тас қараңғы. Су кешіп сүмірейіп тұрған жалаңаштардың тісі сақылдап, тона бастады. Не киім жоқ; не жарық жоқ. Судың құруынан жарықтың жоғы қиын болды. Көңіл көтерерлік жағдай жасалмай, жалпақ қараңғылық басып тұр. Тек кейбір барлық жағдайға жанаса білетін Кузьма сияқты жігерлі, епті адамдардың тырысып ән салғанына сан шапалақтап сауық қып тұрдық...

Талдырып барып жарық жанды. Қуаныш сияр қойып бізде жоқ; “ура”-ладық.

Моншадан шыққанда тосқан халық қойдай шулап, қозыдай маңырасты. Біреудің қатыны, біреудің шешесі, біреудің жолдасы, біреудің баласы, біреудің көршісі іздеп келіпті.

— Бармысың?

— Біреу өлтіріп кетті ме деп...

— Горсовет жақта екі кісіні өлтіріп кетіпті...

— Иіс тиіп жығылып қалды ма екен деп...

— Су ақпай, от жанбай көрдік-ау көргілікті!— деген сияқты дауыстармен дабырласып түн ортасында кең дүниеге шықтық.

Көше тағы қараңғы. Жер тайғанақ. Қай жерімнен ұрар екен деп, терек көрген сайын қорқа-қорқа арықтан аулақтап, үйлерден ұстанып келе жатсам, біреудің есігіне келіп қалған екемін... Бір әйел ашып жіберіп, бір горшкты басымнан асыртып сілтеп қалды... Жаным шығып кетті. Жаскана бердім. Құдай қазадан қақты. Еңкейе бергенімде, анау түнгі шолмектің сұйық заты моншаға түскендей қылар еді...

Көшеден қорқа, арыққа жығыла екі квартал ада-сып, моншада тазаланған басым, көшеде былғанып таңға жақын үйге келдім.

— Үсті-басың бәрі былғаныш екен, тағы моншаға баруың керек,— деді әйелім.

Жаным күйіп кетті. Бүгінде әйелге қарсы айтуға шама жоқ, тек:

— Моншаға барып жүруге уақытым жоқ!— дей салдым. Ескі заманда болса керек, “Есек” атты бір адам қатын алыпты. Қатынымен жақсы тұрмыс құрып, бірнеше уақыт өмір өткізіпті. Бір күні қатыны:

— Осы сенің атың маған ұнамайды. Жаман атынды тастап, өзіңе жаңадан ат қойып алшы, менің тілегім сол!— депті.

— Жарар!— деп байы сөз беріпті. Күндерде бір күн байы:

— Қатын, мен атымды өзгерттім!— деді.

— Жаксы болды, жаңа атынды кім қойдың?

— “Қашыр” қойдық.

Қатыны біраз ойланып отырып:

— Жарайды, бұрынғы атың сыпайы еді, мына атаң әлдеқайда сыпайы екен. Бірақ, қайткенде де аюандар қорасынан шыға алмаған екенсің!— деген екен.

Алматының не оты жанбайды, қала мәңгі қараңғы. Не су ақпайды. Моншасына былғану үшін кіресің. Көшесінде балшыққа жүзесің. Бұл не деген мәдениетті қала? Алматы астана болғалы алты жыл өтті. Әлі бір совхоз құрлы құнары жоқ. “Есектің” қатыны айтқандай, қанша ойбайласақ та, Алматының аюандар қорасынан шыға алмай-ақ қойдық.

1935

Бақтың әдісі

Өмірде бақытты болу жолын іздеп-іздеп таба алмай, “маңдайы — тайқы, алақаны — қайқы құдай жазбаған екен” деп, үмітсізденіп жүргенімде, төңкеріс бола қалды. Залым Николайдың алтын иықтары төңкеріс күрегімен төңкеріліп-төңкеріліп кетті. Ас үйіне жолатпайтын кесірлі байлар ұясы тас-талқан болды. Басына шалманы дағарадай қылып орап алып, байлардың төрінде қазы, қозы, қымызбен шіреніп, “закат гүламаның қақысы” деп, тамағын қырып, “аят” оқитын молдекеңдер де аяғын байқап басатын болды.

Сіңірі шығып, ыңыршағы қуарып оңбай жүрген Досайбай, Байқаштар “Союз Қосшыға” жазылып, бір-бір қаралы болып қалды. Мен әлі кедей...

Біреу — Ревком, біреу — Волком, біреу — комиссия болып, мен қатарлының бәрі де іске ілініп кетті. Менде түк бақ жоқ. Бірақ, ой көп. Ертеңнен кешке шейін ойлаймын. Қайтсем бай болар екемін деймін. Қолыма бір мылтық тисе, шашымның жар-

тысын ғана қырықтырып, күжілдетіп, ылау мініп кетсем бе екен деймін. “Нарсуд” болып алып, есігімнің алдын кісіге кара құрық топыр қылсам бе екен деймін. Кейде ел ішінен көрі, қалаға барып, үлкен бұйрықтарға “Төлембаев” деп қол қойып, фамилиямды жан-жаққа білгізгім келіп қояды. Кей уақыттарда “апыр-ау, осы Райсоюзға кіріп алсам, ауқаттанып, расход айырар ма едім” деймін. Ой көп...Бірақ, түк сәті болмайды...

XXX

Дәреже мен құрметті көксеп, тісімді қайрап жүргенде, мен де іске араласып кеп қалдым. Араласқан соң-ақ немене; теріс болған жоқ. Жауапты орындардың өзі-ақ қақтығып: “Маған кел!” деп, ентелей бастады.

Мен басында ойлағанмын: “Байлар құриды. Кедейдің еңбегін жыланша соратын антүрған қулар зәндем түбіне кетеді. Ылғи зар-мұңы бір, тырна қатар кедейлер ғана боламыз ғой”— деп. Жоқ, олай болмады. Тұқымы құрғыр байлар, оңай құритын емес. “Жаңа шаруа саясаты” десіп алды да дүрілдесіп кетті. Сауданы жүргізіп бірін — мың, мыңын — миллион, миллионын — миллиард қылып, Қарынбайша қарынды қампитып келеді...

Мен де іс басындамын. Мені де “кирработник” дейді; бірақ, әлі байымай жүрмін. Жұрт қатарлы жалованье аламын; біріне ұстасам, біріне жетпейді. Тіпті байымақ түгіл, қарызданып қауқарланып бір айды азар өткізем.

Менімен қатар істегі жолдастарға карасам, елдегісі — қоралап қой алып, құр ат мініп; қаладағысы — шикылдауық етік пен ылғи шұғаны ғана киеді. Бәйшешектей қып қазынаның кілемдерімен үйін безеп тастапты. Өздері, тіпті, ыңғайлы; лып етіп “Командировка” мен қырға шығып кете барады. Бойдақ жолдастарым мыңмыңдап расход шығарып, той-топыр қылып, қатын да алып жібереді. Кейбіреулері ердің құнымен қонақ та шақырады. Мәжілістің көбінде стакандар соғыстырылады... Мұндай расходтарға, тіпті, бүйрегі де бұлк етпейді.

Бұл істер мені қайран қалдырады. Байымақ, ауқаттанбақ қиял тағы басыма келді. Ебін тауып

“командировкаға” мен де “шу” деп кеттім. Мен барған елді, бұрын барған жолдастарым — бай, сауықшыл деп еді, бекер екен. Асып кеткен дәулеті жоқ сияқты. Қалт-құлт етіп отырған ел. Бардым, араладым, кайттым. Қолыма ешнәрсе түскен жоқ. Қонған, түстенген жерде, қоралары тәуір адамдар кез келсе де, маған илікпей қойды. Керек десе, бір лақтың теңі қылған жоқ... Әлі баяғы қалпым.

Ойладым... Ойладым... Таптым: бұл турада айып өзімде екен! Мұнша күйімнің келмей, бақытсыз болып жүргеніме айыпты өзім екемін. Іс басына мінгенде, өзімнің распоряжениемдегі малдан, бұйымнан алуды өзіме міндет қылмаппын... Бұл менің түйедей қатем екен!

Әркім бай болуды қаласа, “уажданмен” байланысты үзуге тиіс екен... “Ар” деген немені, “аулақ жүр!” деп, қуып жіберу керек екен... “Не жұм тұрсын, не мен тұрайын” деп, Қожанасыр айтқандай, “не бақ пен байлық”, “не ар, не ұя” екеуінің бірімен ғана байланысын болу керек екен! Уажданмен байлансаң, байлық байланысы үзіліп кетеді екен!.. Бұл менің ұзақ тәжірибемен тапқаным — бақтың әдісі...

1923

Ташкендікке тарт

— Әй, әттеген-ай! Ұсталып қаппын-ау!

Шұжықтай тығыз, қазыдай қызыл-күрең, қарынсау Шойынқұлақ, барқыт тысты диваннан атып тұрып қалбалақтады. Шашылған қағазды қара қапшығына қапыл-құпыл тығып шыға бергенде:

— Әй, әй! Токта!— деп, төр үйден әйелі Күлжан ханым тарып-тұрып жүгіріп, Шойынқұлаққа шап ете түсті.

— Қайда безіп барасың?

— Собраниеге, правлениеға, отчеті...

— Отчетің де құрысын... Сен де құры! Кет! жоғал!..— деп Күлжан, Шойынқұлаққа шоқшиып қабағын түйіп тұрды да, арғысын айта алмай тығылып, сырт айналып кетті. Көзінен жас жылп ете түсті.

— Не қыл дейсің? Жаным!..— деп, Шойынқұлак қабырғасы қайысып, қасына келді.

— Құры! Құры! Құры деймін!

— Құры, құры, құры деме, жаным! Қой, айт!..

Кұлжан әбден жалынтып, талайдан сон:

— Базарға бармаймыз ба? Алатын нәрселерім бар... Күнде, күнде деп-ақ...

— Барамыз, жаным, барамыз! Мен қазір келе қояйын. Мені титтей босатшы, жаным!

— Жок, босамайсың, әзір барамыз!

— Әзір менің докладым бар... Әзір істеп келе қояйын.

— Қашан келесің?

— Бір сағат меулет берші!

— Бір сағатта келмесең қайтесің?

— О, хо, бір сағатта келмей, шошқа тағалаймын ба? Апыл-кұпыл істермін.

— Ендеше, рұқсат! Дәл бір сағат срок. Әзір сағат екі екен, ұмытпа! Үйренген көкімеңді мүжіп тұрып алма! Мен киініп, дайын тұрам. Үште осында бола-сың... Әй, көшірге айта кет, ат жексін!

Есік сыртынан жабылды.

* * *

Кұлжан көйлегін ауыстырды. Қойқақтап айнаның алдына келді, шабуын түзеді. Жалаңаш жауырынын қырындап көрді. Мойнындағы көгеннің бұршағындай моншақты алып, қайта салды. Шашты тарап, жалғамасын түйіп, түйреді. Шөншегінен бояудың қарасын алып, қасын күйеледі, қызылымен ернін жосалады, ақ талқанымен бетін, кеңірдегін қалыңдады.

Көзін қылмыңдатып, танауын лыпыңдатып, аузын араңдай ашып, тісін ыржитты. Білегін былғандатты. Сыптығыр сирағының басысына, балтыр былқылын алыстан жүріп айнадан қарады. Өткен күнгі вечердегі Әңменбаевпен бірге билегені есіне түсіп кілтің-кілтің етті. Өз тұлғасына толық қанағаттанды. Ыңырсыды:

Харрарау-райрау, райрау, харарау...

* * *

Клуб. Үстелде Шойынқұлак тықыршып отыра алмай, дамыл-дамыл ышқырынан сағатын шығарып қарайды. Олай жүрді, былай жүрді. Жер тарпыды:

— Черт его знает! Безобразиє!..

Жиналыс — кооператив мүшелерінің жалпы жиналысы. Шойнкұлақ жаққа “аппараттың” бірен-сарандаған адамы кіріп-шығып, күшак-гүшак қағазды тасып жүрді. Аяғында... Есігімен төрі тайшаптырым кең зал үйдің қалың қатар мерткі скамейкалеріне бес-алты кісі шашырап қонақтады.

Шөкең шыдамады. Жиналысты ашып жіберіп, Баяндаманы да жасап жіберді. Әлдеқашаннан намаздың алқамындай жатталып кеткен сөзді жат оқыды:

— Жолдастар, кооперативтің ойнайтын ролі үлкен... Кооператив социализмге баратын көпір деген, Ленин жолдас. Октябрь төнкерісінің осы жылында ұлы басшымыздың ұлы өсиеті жарыққа шығу керек, яғни шығып та жатыр... Кооператив мүшелерінің міндеті одан да үлкен. Жалпы шаруаға кооперативтің не екенін ұғындыруларыңыз... міндеттеріңіз... Өйткені бізде мүше аздау. Кооперативке мүше болмаған бір шаруа қалмасын!.. Біз өзгеге өзіміз үлгі болуымыз керек. Так, что, шаруа не сатса, кооперативке сатсын. Не алса, кооперативтен алсын. Сонымен, как сказать, саудагерлердің маңдайына соғылсын!— деді де, құмыра құмғаннан суды сортаңға оттаған түйеше жұтты.

— Жолдастар мен асығып тұрмын. Сауал бола қоймас, болғанмен бәрібір... Маған некогда!..

— А, резолюция!

Деп, жиналысқа бастық болып отырған аппарат адамы күнк ете түсіп еді:

— Мен асығам, асығам, асығам... Өзің резолюцияның основной моменттерін айтып, ауызша өткізіп аларсың... Белгілі ғой...

Кейін жөндеп жазып алармыз. Мен асығам. Өте асығам...

Қапыл-құпыл қара қапшықты көкбөрі лакша іліп алып, тапыл-тұпыл шығып кетті.

* * *

— Сен неғып құрып кеттің? Әлгі үште келемің қайда? Міне, төрттен асып барады...

— Уһ, жаным, жиналыста ұсталып қалдым. Халық басып кетті. Қырдан да көп қазақтар келіпті. Отчетный докладым болып, правлениенің алты айлық есебін бердім. Мүшелер де активно араласты. Сау-

алдан, сауал, сұраудан сұрау, қане, жіберсінші! Қайтесің, қараңғы жұрт... Ұғындырғаныңды тәуір көреді. Масса шығып сөйледі. Правление жақсы істеген, алған саясатты дұрыс деп, баяндамамды удовлетворительно таныды...деп, ана баяндамасынан әлдеқайда ұзын баяндама жасады.

— Бұдан былай, мұндай жинақсыздықты маған екінші рет істеуші болма!— деп, тарақпен түмсыққа түртіп қойды. Шойынқұлақ кекжең етіп:

— Абайла, жаным, көзімді шығардың...— деді.

* * *

Тымырсық суық. Дөңгелек қатқан қажыған арба. Ыңыршақ арық ала ат. Құтымы қашқан көшір — көшеде келеді. Арбада шошқа сақал, қара бұйра кәпеш құлағына жетпей Шөкең, муфтаға қолды қусырған, қалбағай қалпақтай Күлжаны қасында.

— Қәне, қайда барамыз?

— Алдымен біздің кооперативке кірелік.

— Кооперативке? Сен жыннан саумысың? Ақшаны көшеге шашқың келе ме?

— Жаным, сен білесің бе? Зато, кооператив! Онда нәрсе әрі арзан, әрі түрлі, әрі жақсы.

— Жақсы? Кооперативте? Сен жыннан сау емессің! Тегі кооперативте жақсы нәрсе болғанын естідің бе? Әуелі, сенің кооперативінде нәрсе бар ма? Бастығым, байғұсым?

— Есігіне келіп қалдық қой, Күліш, кіре кетелік. Соңғы уақытта келген таза нарселер бар. Бір тамса да...

— Кооперативке бір құдай айдап, бір құдай жеткесе де кірмеймін! Әні, анау қара құрым жан... Топырлаған очердь...

— Ей, әттеген-ай! Түсінсеңші, Күлішжан! Кооператив, оны күшейту керек. Қуаттау керек. Кооперацияны социализмге өтетін көпір деген, Ленин жолдас...Өзгеге өзіміз үлгі болуымыз керек. Сонымен, так сказать, саудагердің маңдайына соғуымыз керек. Күлішжан..

— Болды! Болды! Жап аузыңды! Бұл көше, сенің собраниең емес!

Соңғы “собраниең емес!” деген сөз Шойынқұлаққа шоқпарша тиді. Көшеде келе жатқаны ойына түсе қалды. Расында, арба үстінде ана

үйреншікті “алқамды” айта бастағанда, Шөкең өзі қайда екендігін ұмытып кеткен еді.

— Ту! Собрание емес. Черт знает, үстіп жүріп нервный боп кететін шығармыз. Мен жаңа ғана собраниеде табанымнан тік тұрып тұтас екі сағат доклад қып шықтым. Массаға кооперативтің значениесін ұғындырдым, задачасын суреттедім, перспективасын...

— Жә, көміке... Жетті!— деп, Кұлжан иығымен қағып қалды.

Шойынкүлак селк ете түсті:

— А? Қайда жүр дейсің?

— Тарт былай! Не Қашқарлыққа. Не Ташкенттікке.

1928

Шешілмеген жұмбақ

Кәдімгі қара қатқан күздің күні. Ел тарысын қаралап, күзектеріне қонып, күземін алып жатқан уақ. Қараша туды деп, қошқар, текелердің де күйегін шешіп тастаған.

Біз төрт кісі Аламанның асуындамыз. Төртеудің біреуі — Ташкенттен келген Халық Ағарту Комиссариятының ...інші номерлі табаны күректей мандатымен жүрген Төрекұлов. Бірі — мен; екеуі — ылаушы. Жүрісіміз — шабуыл. Біздің төл аттарымыз ылаушылардың жетегінде. Ауылдан аттанарда-ақ мылтық пен қоржынды ылаушыларға артқанбыз. Күн қызарып батып бара жатқанда ақ көбік аттарды пысылдатып, таудың дәл жотасына шықтық.

Біз жотаға шыққанда сайды өрлеп соққан желдің өті Төрекұловты тондырайын деді-ау деймін. Менің басымда жалбағай тұмақ, кигенім күпі, шекпен; ызғырық түгел, ботан соқса да қырт дейтін емеспін. Торы айғырдың белінде қайқайып тұрғанда, жолдасым қолын уқалап-уқалап, едірейте киген қызыл жиекті делегейдің астында қып-қызыл болып тұрған құлақтарын кезек-кезек ұстады. Мен жолдасым атын білмейтінмін. Батпақтай ғып: “Төрекұлов-еке” дегенге ауызым бармайтын. Сөздің көбін“сіз” бен ғана алып жүретінмін де, қажет болғанда ғана “товарищ” дейтінмін.

Күн батып барады. Шыдамадым: “Товарищ, енді қанша жер?” деп едім, жолдасым бір шоқатқа шығып тұрып: “Мына алдымыздағы кең саймен жүре берсек, арғы көрінген жер жазықтың жырақанасында. Бір желсек, Ырысбаланың ауылына жетіп барамыз, жүріңдер!” деді. Жортып кеттік. Бет алған соң немене? Ылау мінген кісі, сағым емес пе? Мінгеніміз ылғи кебек-ұшыққа көбеңсіген шолақтардың тәуірі ғой. Желе шоқырақпен отырып, сам жамырап бара жатқанда Ырысбаланың ауылының дәл үстінен түстік. Аңсап келе жатқан ауылдың төбесі — қажылардың кәбатовласындай емес пе? Тақау келіп қалдық. “Анау отауы; анау үлкен үйі...” деп, жолдасым озінен өзі илігіп маған сыбырлаңқырап келеді. Біздің кім екенімізді білмейтін иттер, иттігін істеп, азан-қазан етіп аттың құйрығымен алысып жүр. Түйе шөгеріп жүрген бір бойжеткен қыз, бізді көріп жүгіре басып үйге кіріп бара жатыр еді, жолдасым: — “Әне, кордің бе?” — деді. Мен де өзімізге балағансып: — “Сол ма?” — дедім; “сол!” — деді.

Үй артына келдік. Қатын-қалаш, бала-шаға, домбыра ұстаған сылқымдау, үй қыдырғыш бозболалар да, бәрі жапырлап: “Ат көлігіңіз аман ба?”, “Аман қайттыңыз ба?” десіп жатыр. Бәрі де: “Төре келді!” деп шу-шу етеді.

Баршасы бізді базарға жібергендей таң көріп, қамалап тұр. Мен оларға қоңырмын. Бірақ, “өзіміздің” Ырысбаланы көрсем деймін. Үйден бір аласалау, көлденені жалпақтау қыз шықты да, тұрған елді жара-мара келіп, біздің жолдастың қолын алып амандасты. Жолдасым да жымың ете түсті. Мен Ырысбаланың “жаңа тәртіп бойынша” қол ұстасып амандасуына ғажапқа қалсам да, мұны дағдыландырған жолдасым ғой деп, көңілімді бастым.

Бұл ауыл киізін жаңа басып жатыр екен. Қатын деген жер қайысады. Үлкен еркектер көрінбейді. Домбыра ұстаған бір шегір сарылау жігіт, Ырысбаланың бізбен амандасқанына тырсып, жарылып кете жаздағалы тұр. Есік ашылды. Үйге кірдік. Бізді қарсалған жамағат та тарасып кетті. Үйдің артынан біреу дауыстап, сиырды байлап келіп:

“Аттар кімдікі?” деді; “Анадағы қара төре ғой” деді біреу. Үйдің ішінің бәрі күземнің қылшығы, жүн екен. Ырысбала сыпырғыштап жүр. Үлкен қара шәугімді мосыға ілді. “Қонаққа мал сой!” деп

бәйбіше біреуге пышак пен қайрак берді де, тысқа шығып кетті. Жолдасым Ырысбалаға қарап жымыңдап, көзін қылмың-қылмың еткізді.

Ақырындау дауыспен сыпайы “вопростарды задавать” етіп жатыр. Ырысбала да сықылықпен араластырып, сөзбен қағысып жүр.

Жолдасым қағазын шығарып, шылым орап, тұтағып алды да, жорта жантайып деп еді, Ырысбала жылдам түте-түте бір кір жастықты төренің басына алып барғанда, төре қойға шапқан қасқырдай арбаң етіп, Ырысбаланың білегіне “шап” ете түсті. Бет, мойынның піскелеп жатыр... Жыбыр... Жыбыр... Слыбыр... Слыбыр... Мен тайып тұрдым...

II

Таң атты. Жақсы жатып жай тұрдық. Төрекүлов далада беті-қолын жез құманмен сабындап жуып жатыр, маған ым қағады. Қасына бардым. “Мына сабынды Ырысбалаға сенікі еді деп қойдым. Аңада сабын әкеп берем деп едім. Менің аламын деп алдағанымашып панып қалыпты. Әлі қайтпаймын. Алматыға барып, қайтып келемін деп қойдым. Мен қыздың көзіңше сабынды саған берейін” — деді. Мен “адамшылығың бар азамат емес пе едің, алдағаның қалай? Айтқан сөзіңе” опа қылып сабынды неге бермейсің?” — деймін. “Сабынның алдымызда керек болатын жері бар. Назымбектің бір оқыған, сұлу қызы бар. Сен соған өлендетіп бір хат жазып бер, айналайын, бүгін сонда жете қоналық” деді Төрекүлов.

Ырысбаланы алдап масқаралағанын, өзінің ажарына көрінген ұрғашы сүріне жығылатындығын оңашалап ұзақ сөйлеп, тарқылдап күліп келеді. Мен, әйтеуір, “е, е” деп келемін. Алды-артымыз қара құрым кісі; бәрі де еріп келеді. Көрінген тәуір атты аударып мініп келеміз. Көрінген ауылға бұрыламыз. Кез келген ауылдың бала-шағасының, қыз-қатышының бәрі де: “Қара төре келді!” деп тани кетеді. Исағұлға түстеніп аттануға ерте бір кісі шаптырғамыз. Шабуылдай-шабуылдай ол ауылға да келіп қалдық. Жұрт шылбырымызға оралып түсіріп жатыр. Қошемет. Құрмет. Қымызды еселеп отырып іштік. Малды хабар барғанда-ақ сойыпты. Қымыз ішіп болған соң, Исағұл бір жуандау адам екен, өзімізге: “Мына кісіні маған бір оңаша беріңдерші,

шырағым” деп өтінген соң, біз қара төрені қалдырып, тымса шығып кеттік. Ет те пісіп қалған екен. Мен үйдің жанына отырдым.

Исағұл айтады: “Анадағы жұмыстың аяғы өршіп барады. Аналар Жаркенттен қағаз алып келіпті. Ал енді, мынау байғұстың өзі бізді сағалап отырған адам еді. Жүзіктің көзінен өткендей екі аты бар.

Бірін ақырет алдында борышсыз қылып алып берейін, мініп кетіңіз. Жұрт үшін жүрген адамсыз ғой” дейді...

Ш

Ол ауылдан тағы аттандық. Бір жапырақ теріс жазылған қағаздан Исағұлға бір тұмар бердік. Тұмардың ормалына түскен ат Исағұлдың торысымен үшеу болды. Күн бесін болып қалыпты. Сартылдатып жүріп келеміз. Ынта, бейіліміз — Намазбектікіне жете қону. Жол қысқарту үшін мен: “Намазбекте неміз бар?” деймін. Жолдасым:

— Намазбек, осы елдің ауызына қараған кісісі. Өзі оқыған адам. Үйінде ешкімді менсінбей отырған бір қыз бар; қызы да оқыған; қара қазақтың қызының маңдай алды. Бұрын ауылына бір қонып кеткенмін. Бірақ, қыздың өз үйіне қона алмай, жақсы таныса алмағанмын. Мен ауылынан аттанып кеткен соң, сыртымнан мені сұрапты. Бір көрген соң-ақ, ажардан танығын шығар деймін. Елінің адамдары, бәрі де мені мақтағаны естілді-ау деймін. Мен оған, қайтарда болсын саған!— деп кеткем. Қайтып келуге, қарауыл қылып, қыздың әкесіне, бір болыс елдің үстінен жүреді, деп, печаттап мандат бергемін. Әкесін әлі ескі үкіметтің адамы,— деп шаужай, қақпайлау қылады екен; мен қолына қағаз беріп, “поручениені” мықтаған соң, олар мені дәл әкесіндей көреді. Қыз арабша да оқыған. Аламын деген кісінің бәрін сөзбен мінеп беттетпейді дейді. Осыған бір өлеңдетіп хат жазып бер дейтінім сол, хатты қашан жазасын?— деді-ау.

Мен көп ұзартпай: “жазамыз ғой” деп қана қоям. Жарысып кеп кеттік. Ымырт жабыла мезгеген ауылға салдыртып жетіп келдік. “Құдайдың берген абұйыры” төрелеп, товарищтап, атымызды байлап жатыр.Үйге кіріп келдік.

Үй алты канат. Жасау-жабдықты, төрде тірелтіп жиган жүк. Екі құс мамықты темір кровать тұр. Үй іші қаладағыдай үстел, айнадан да құр емес. Үстелдің үсті жиюлы құран, кітаптар. Кереге басы самсаған түлкі екен.

Отырып үй ажарына қараймын да, Некең заманында болған адамсың-ау деймін. Оттың басында астына көрпе төсеп, түлкі тұмақ киген, бұғағы салбыраған, көзге тоқ, ақ, сұлу қыз отыр. Қара төренің ынтасын күрттып жүрген қыз осы ғой деймін. Сол-ақ екен, малды сойып, етті асып жатыр. Ауылдағы қыбырлаған жан жиылып шаңырақтан шықты. Саясаттың неше түрлі ағымдарын соғып, ұзын сүреге түсіп отырған жалғыз-ақ жазған қара төре.

Оның көбірек сөйлетіні Ташкентте іс басындағы қазақтар. Қазіргі қазақ халқының теңеліп тұрғандығы. Теңдік арқасында отаршыларды оздерінің бір шыбықпен айдайтындығы. Бұдан былай қазақ халқының жасап, дүрілдеп кететіндігі. Өзінің халыққа қызмет етіп, жанын үзіп жүргендігі сияқтылар. Ел мүлгіп тындап отыр. Мен жантайып жатырмын. Қыз аз ғана құлағын салып отырды да, тез жалыққан кісідей, қыржың етіп, бұл төренің сөзіне ықтияр қылмай, қолына бір кітапшаны алып оқып отыра берді.

Мезгілінде тамақ жеп кісілер тарады. Қыз: “Қонақтар, қонақ кәдесі” деген соң, далаға шықтық. Төре жолдасым маған жақындап келіп: “Үш күннен бері хат жазып бере алмадың. Адамшылығың кем екен ғой” деп, қорсандап жүр. Мен сөзді ұзартпай: “Жолшыбай хат жазатындай болдық па?” деймін. Төре жолдасым маған қыңырайып, екі қолын жанқалтаға салып әрі-бері жүрді де, төсек даяр болған соң үйге кірдік. Қара төрем бұрынғыдай емес, қапалы, қабағын салбыратып жіберіпті. Жатарда ширатып шылым да ораған жоқ. Бір ылаушыға етігін тарттырды да, жамылуға қойған қасқыр ішікті жұлқып-жұлқып жамылып, тым-тырыс жатып қалды.

Мұның дәл жатардағы шатына от түскендей туды жатқандығы, алыстан аңсап, шабуылдап келген қызға сөз қоса алмағандығы, оған себеп — менің жүре жауап беріп, хат жазып бермегенім-мыс.

От сөніп, үй-іші тынышталды. Тышқак болған жылқыдай тыпырлап ұйықтай алмай жатқан қара төре. Мен өтірік қорылдаймын. Құс мамықты кроватьта

ак сұлудың ханнан хабарсыз ұйықтаған дыбысы — пыш-пыш естіледі.

Пышылдақ естілген сайын төрем бүйі тигендей аунақшиды, басын көтеріп отырады. Үнлейді... Қайта жатады. Жүрегі алып ұшады. Дүрсілдейді. Баруға шыдамайды. Түрлі төрелік мақтанын соғып отырғанда, қыздың ілтипат қылмауы, жылы ұшырамауы тағы сескентеді... Зекіп тастай ма дейді. Бекер кәдірімді түсіріп алам ба, дейді. Тағы аунақшиды. Қайтерін білмейді. Өлеңдетіп мен хат жазып бергенде, бар тағдыр шешілетін еді. Ол, рақаттанып, күс мамықта бірге ұйықтайтын еді; менің жалқаулығымның кесірі тигендей болды... Маған тісін сақылдатады.

Қойшы, аяғы, түнімен кірпік ілмеді. Ырысбаланың үйіндегі көңіл болмады. Қайғы, қапа, аунақшумен таң да атты. Түнде қар жауыпты. Қонақтың аттары, қорадағы қойлар бәрі ағып шығып кетіпті Таң бозынан дуылдасып ауыл еркектерінің бәрі де мал қарап кетіпті. Күн шығарда ұйықтап қалыппыз. Сәскеде тұрдық. Ауыл бастығынан біреу де жоқ. Біз киініп ауыл артындағы төбешікке шықтық. Ішіміз тағы пысты. Қыз тұрып, дөң асып келді. Қыздың көркі төрені тағы қобалжытты. Маған жылы ұшырап: “Қарап отырғанша, хат жазалық” деді. Мен теріс демей, қарындаш, қағаз алып, төбеде отырып іске кірістік. Өлеңдетіп жазуға тығыз болғандығын айтып, қара сөзбен-ақ жазуға жолдасымды азар иіп келтірдім. Құдайға айтқан “секретарь”— мен, “цензор”— анау. Өзі қазақша шалағай біледі. Қазақ сөзінің тізімі, кестесі оған ауырырақ. Сондықтан, қалай бастау, не деп аяқтау турасында көп отырыс болды. Ақыры мен бастап жаздым, бірақ, бұл жолы секретарьдың да бейілі түспей, қырсаулашып отырғанын ескере отырыңыздар.

Жазам, жазылып болған соң оқып берем. Көңіліне жақпайды. Өшіртеді, жыртады. Тағы жаңадан жазамыз. Біресе қыз болып, өз пікірін айтып, бишара, хаттарды сынайды. Хатқа қыныр қарап, басын шайқап, аузын бұраң-бұраң еткізіп, “Қайта жаз!” дейді. Сүйтіп, бес-алты “экземпляр” жараксыз шықты. Күн сиыр түс болды. Ауыл еркектері әлі жоқ. Жетінші хат цензордан өтті. Оны маған қайта-қайта оқытты. Жымыңдайды. “Саған қалай көрінеді?” дейді. Мен бейнеттен құтылғым келіп: “Мынаның маңызы — жаңаралға жарайды” деймін. Көңілі орнықты. Хатты жаракты қылып, сынын тол-

тырып тұрған: “махаббат, құрбым, жүрегім” деген жіңішке сөздер.

Қара төре хатты ештеп қана сақтықпен бүктеді де, қолтық қалтасына бір тығып, қайта қолына алып: “Ендігі кезектегі мәселе мұны қалай беруінде тұр”— деді. Мен: “Осы күні үйде, оңаша; тәуекел деп беріп қалыңыз” деймін. Ол да бел байлады...

Үйге кірдік. Қыз жалғыз, төсекте, төрге қырын отыр екен. Біз төрге шығып отырдық; қыз есікке қарап отыр. Қара төре хатты қалай берудің қыбын таба алмай, қыздың тусыртғында қобалжып, қозғалып, ернін жымырып тістеп, екі көзі жау-тандап, хатты қолына алып шабынып отыр. Мен оған қырын отырмын. Күлкі мені буындырып барады.

Бір мезгілде ауыл сыртында дабыр-дұбыр кісі дауыстары естіле бастады... Қалай да болса, оңашада беріп қалмаса болмайтын болды...

Тағы да қызара бөртеп, қысылып, жамбастап сүйретіліп, қыздың өкпе тұсына барды да, булығып: “С... С... Сізге!!!”— деді.

Қыз шошып жалт қарап, қағазды салқын пішінмен алды да, теріс қарап оқи бастады. Қара төре ауыртпалықтан арылғандай, қып-қызыл болып, орнына келіп, ернін кеміріп, көзін құйқылжытып отыр. Далада кісілер де келіп түсіп жатыр. Қыз хатты жанына салды да, тысқа шығып кетті.

Ықтаған қой да, ат та аман табылыпты. Намазбек: “Шайды әкеліп жасаңдар! Қонақтар кешігіп қалды ғой” деп тақақтап отыр. Біздің планымыздың бөлек екені санасына да кіретін емес. Шайды ішіп болдық. “Қонақтардың аттарын ерттендер!” деп Намазбек дығырлатады. Шамасы, бізді аттанса екен дегендей қылып отыр. Біз жауап күтіп отырмыз. Әлі қыздан дәйек, хаттан дерек жоқ...

Біз қайтерімізді білмедік. “Қонақтардың аттары ерттеліп болса, мылтық, қоржын, заттарын алып шығыңдар!” деп үй иесі қудалады. Құр сұлдеміз, киініп далаға шықтық. Қоржындарды атқа салып жатыр. Біз қайтерімізді білмедік. Төреге қиын аттану болып тұр. Отау жаққа жалт-жалт қарайды. Аттанбауға сылтау табылмай тұр. Тым болмаса, аз аялдап, кідіруге қарауыл қылып төре: “Ой, пірім-ай! Аттар бүгін оңбай қалыпты ғой, жегізіп алатын бір ғана жем берсеңіз”— деді Намазбеке. Ол: “Жоқ, садағаңыз кетсін. Бар болса, сізден аяймыз ба?” деді-ау.

Хаттан дәйек, қыздан дерек жок.

— Қонақтың атын тарт! Аттаныңдар!— деп қыз әкесі қақсап тұр. Аттарды шешіп көлденің тартты. Біз қайтерімізді білмедік. Аттанбауға, кідіруге түк сылтау таба алмадық. Түзге отырдық, шылым тұтаттық, сөзге жұбаттық.

Хаттан дәйек, қыздан дерек жок.

Ауыл адамдары аттандыруға ылайыктанып, аттарды шешіп алып, көлденеңдетіп шаужайлап тұр. Әлі хабар жок. Аттанбасқа болмады. Мен міндім. Жолдасым отау жаққа жалт-жалт карайды. Төре ауру кісідей сүйретіліп азар мінді.

Қыздан дәйек, қыздан дерек жок.

Төре ұзын бір күрсініп, атты борбайға бір салып: “Шу!” деді, жүріп кеттік. Екі-үш дөң асқан соң, жайдақ атпен біреу шауып келе жатыр. Көріп көңіл қуанайын деді. Тосып тұрдық. Келді де: “Мына қағазды сізге беріп еді”— деп төреге ұсынды. Біз жүре-жүре оқып келеміз.

Былай деп жазыпты:

Құрбылық оңай жауап айтар сөзге,

Хұррият үшбу күнде сіз бен бізге.

Болмайды алтын ақық, ақық якүт,

Арзандап тең болмайды алтын жезге.

Табылар іздегенге тастан меруерт,

Алланың жазуынан болмай өзге.

Қалима мен Намазбек.

Төре мұны маған қайта-қайта оқытты. Өзі оқыды. Танымаған жерін менен сұрайды. Ернін жымырып жазуға махаббат көзімен қарап, маңызын сынайды. Қалай қылса да, “сүймедім” деген сөз өзіне жорымайды. Бір ауыз “сүйдім” деген сөз де бадырайып көрінбейді. Көмескілеу төренің миын шақты. Көңілін дал қылды. Маған сынатады. Мен: “Құдайдың жазуы біледі ғой дегені ғой, айналдырсаң шетке кетпес” деймін. Ол онан сайын құмарлық дертіне түседі. Тоқтап тұрады. Ауылға қайта барғысы келіп, төбеге шықтық. Ауыл жаққа қарасақ, көздің ұшында қалыпты. Аттанып кеткенімізге арманда болдық. Ерінді кеміріп жеп қапаландық, өкіндік, кейідік, күрсіндік те, күдер үзіп жүріп кеттік.

Жұмбақ шешусіз қалды.

Жарайсың Шұлғаубайым!

- Ие, жолдас, Нүркей, жүріс қашан?
- Съезге ме, қашан аванс алсам.
- Мына хатты “Ж-ға” бере сал.
- Ақыры Алматыға барсаң.
- Числаның бүгін нешесі?
- Жиырма үші десеңші.
- Алай болса, мен жігірмі бешінә шығам. Шунда бізнің квартирге келсеңші.
- Қаны дақылатың қайсы?
- Оқиын берсеңші!
- Қазір тугіл, Ивановқа язарға бергән едім. Тігі черневигін көрсеңші.
- Жалпы үйездегі мүше қанша?
- Мына-мына, иетміш сегізлік цифр, сонша.
- А, ұлтқа бөлгенде?
- Етміш сегізні бір стыз жедіге, Бір қырық бірге бөлсеңші...
- Ал бөлдік, тоқта, Көшпелі халықтан жоқ па?
- Юк... бар, юк...бар... юк. Қалай ібдәш күн суық ма?
- Ой.
- Күнді қой.
- Үсіп өлмейсің!.. Шанада оранасың ғой... Бүтін үйезде мектеп нешеу?
- Әйте әлмим...
- Я сегіз, я бешеу...
- Мұны білмегендерің ұят екен! Жұмыстарың өте мешеу Ой айдай!
- Ауыл, қыстақтағы жастардың жәйі қалай?
- Аны білсін бір құдай...
- М...м...м... жалғыз-ақ!
- “Жастар” деген аты дардай!!
- Шолай, ибдәш шолай...
- Тағы да айтыңыз!
- Жастар мүшесінің қаншасы қыз?
- Сіз көрмедіңізмі әлі?
- Мына келіп юри тұрған зор зары қыз...
- А, мүсылмандардан?
- Мәғлүмсіз.
- Газеттерің тарайды?

— Русшасын руслар қариды.
 — А... мүсылманшасын?
 — Мүсылманларнықы темәкіге яриды.
 Да, юзақ, юақ.
 Ыш сақтап болми, іздәш!
 Пәммәсін папиросқа талиды.
 — Жазда дала жастарын ұйымдастыруға
 шықпадыңдар ма?
 — Язда батрақларның тойларына бардым.
 Қымызларға қандым.
 Андан соң шығарға тілемедім...
 Ибдәш темекіңні шығар.
 — Менде қағаз жоқ шығар.
 — Міне қағаз бізде көп.
 Тігі “йеш қайраттан” ирт та ал! Ирт та ал!
 — Қош,
 Сүйтіп облысқа барып қайтасың...
 Ал онда не айтасың?
 — Их! Х-х-х, анда нәрсе әйтірсін?!
 Ауызыңа түшкенінді әйтірсін!
 — Ей, жолдас!
 Алматы мұндай қала ма?
 Съезді оңай санама!
 Үміт етіп отырған үлкен съезде
 Бәсерге күйсей беруге бола ма?
 — Уқылырбыз, бұқылырбыз...
 Общесе положеннені
 Китіріп тығырмыз.
 Үш ай сайын спектакль бола,
 Русша концерт, митингі бола... деп құтылырбыз.
 — Барасың-ау, барасың-ау.
 “Съезге барды” атакты аларсың-ау.
 Митингі, етіңгі деп өтірікті де сабарсын-ау...
 Жалпы жастардың тағдырын шешетін съезде
 Мұндай күйқалақ-сүйқалақ докладтан
 Ұялмасаң да қызарасың-ау!
 — Ибдәш! Доклад дайын.
 Анда барғаш ағызырмыз тілнің майын.
 — Ха... ха... ха...
 Жарайсың, Шұлғаубайым!

Ұяның ұясы — Қожаның дорбасы

Садағасы кеткір Қожанасыр отағасы аңқау дейін десем арамза, арамза дейін десем аңқау. О кісіні біреу әулие дейді, біреу әумин дейді, біреу тәңірдің ерке, шолжаң досы дейді, біреу сопы дейді. “Бұқа болсын, шорт болсын, балаларға сүт болсын” деп өзі айтқандай кім болса, о болсын, менің білуімше әйтеуір қылғанға қылып өткен адам. Бұл — бір. “Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбалаған” үй арасы, бок арасы-ұры адам. Бұл — екі. Асқан суайт адам. Еұл — үш. Факты керек болса:

Қожекен тұрған қыстақта не көп жеміс көп екен. Қожа жұрт қатарлы диқаншылық қылған ба, бақша еккен бе, бау баққан ба, тек көз тасада көрінген жеміске ешкіше жайылып жүретін жымсықтығы бар екен. Бір күні бір бақшадағы жеміске кіріп келсе: жаңғақ па, алма ма, өрік пе, мейіз бе, қияр, сәбіз сасып тұрмасын ба, оған Қожекен көзі тұнбасын ба, жалма жан жұлмасын ба, қауынды, қарбызды, сарымсақты, сәбізді отап, жұлып дорбасына тықпасын ба, тыққыштап жатқанда бағбан жалкесіне міне түспесін бе:

— Уа!

— Ия!

— Неге үрлайсың?

— Ия, токтан, пұрсат етің, құлағымды жіберің. Созге қонақ берің. Пұрсат... Менің кім екендігімді білің... Менің бұл жерге қайдан келгеніме құлақ қойың...

— Кімсің?

— Мен пәлен патшаның халқынанмын.

— Қайдан келдің?

— Сонан келдім.

— Қанша жер?

— Ойнамаң, есекпен елу қонып барды да!

— Қалай келдің?

— Ғәләмәт... Алланың әмірімен бір қатты дауыл соқты да көшеде отырған жерімнен қаңбақтай қағып ұшырды да кетті.

— Ұшырғанда қайда әкетті?

— Осы жерге түсірді.

— Ал, сені бұл жерге жел-ақ әкелсін, түйе қарып-ақ бола ғой. Жемісті жұлғаның не?

— Бырыдар, мен сізге айтып тұрыпмын. Же ұшырып әкелген ғарыппын деп тұрыпмын. Ұшыры бара жатқан соң жан далбасамен осыларыңнан ұста едім, жұлынды да кетті. Ұстап едім, жұлынды кетт

— Ал, солай болған шығар. Бұларда дорба тыққан кім?

— Ә, әпендім, Міне тауып айттын, гәп шоны сында... Апырғанымша сен келіп қалған жоқсың ба

Әр дорбаға кім тықты екен?

Бағбан аң-таң.

* * *

Қожаның осы ұрлығы жақында ғана Шалқа ауданының (Ақтөбеңіз) 10-ауылынан шықты. Бұ ауылда Қызылбас балалары деген шонжарларға конфиске құрығы түседі. Бұлардың малын конфискелеп оздерінің етегін кесіп, елден шығарып жіберуге Кен желі ұлы деген өкіл келеді. Өкіл ұяны іздейді Қоразбек ұлы Бексұлтан, Жалымбет ұлы Жұмабай дегендер:

— Ұя, біз, дейді.

— Қай ұясындар?

— Коммунистидеміз, комсомолындамыз, қосшындамыз — қысқасы осы замандағы ауылда болуға тиісті барлық ұяның ұясындамыз.

Өкілге одан әрі не керек. Конфискенің дайындық жұмысына кірісіп кеп кетті. “Ұя” іске қосылады, “белсендінің” бірін “ұя” табады. Конфискеге комиссия сайланады. “Ұяның” ұйғарған адамдары комиссияның, комиссияның комиссиясының шаңырағынан шығады.

Үгіт бітті. Енді Қызылбас тұқымын конфискелеуге кіріседі. Батырақ, кедей тегіс аттанады. Қызылбас балларының малы хатталады. Кедей деген бір көтеріліп кетсе кеу-кеулеп кимелеп кететін омырау жұрт емес пе, жаяу жалпы қаптап Қызылбас ауылып ошайды. Байдың малын санайды. Бір-бір шолагымен жан-жаққа шабуылдап тұтыра құлашты салады. Байдың тасалатқан малын онан да, мұнан да табады. Дәл осы араға келгенде “ұяның” жүрек ауруы ұстайды.

— Осылар конфискеге ілікпейтін адамдар еді. Әлі де мәселені қайта қарасақ,— деп ұя өкілге қыңқыл қылады. Байды есек дәмелі қылады.

Комиссия да, өкіл де ұяның ұсынысын аяқсыз қалдырады. Конфискелей береді. “Ұяның” “белсенділері” енді конфискеге кесір қылуға белсене кіріседі: елді енжар қылады. Кедейлерді азғырады. Орта шаруаларды үрейлендіреді. Өкіл мен комиссия көптің көзінше:

— Олай емес былай, былай емес солай — деп жатып салғыласатынды шығарды. Аяғында өкіл де, комиссия да ылыжсыз бұларды ұстатады. Яғни Қалымбет ұлы (ұяның бастығы), Қоразбек ұлы жолдастарымен “арыстабай” болады.

“Ұя” ұсталды. Ел ду-ду.

— “Ұя” ұсталыпты!

— 10-ауылдың “ұясы” ұсталыпты!

— Ұя байға болысыпты!

Бұл ауылға да, ауданға да қуанышты хабар емес. Коммунист партиясының көңілін көтеретін қылық емес. Шалқардағылар шиыршық атып отыра алмайды. Әсіресе аудандық партия комитеті жер баспайды. Аң-таң.

— Неге?

— 10-ауылда ұя бар ма еді?

Жан білмейді, Ал, ізде. Аудандық партия комитеті кеңсесін астын-үстіне келтіріп жат та тінт. Істен іс, шкаптан шкапты, списоктан списокты аударып карап, ақтара тінтиді.

— Жок!

— Енді қайттік? Аң-таң.

— Жемісті дорбаға кім салды екен?— деп Қожекең айтқандай:

— Әлі осыларды кім ұя қылды екен?

— Аудан болмастан бұрынғы укомның ұясы болмаса...

Уком делоларын астын-үстіне келтіріп жататын істен істі, шкаптан шкапты, списоктан списокты қызылмай боп аударып карап, ақтара тінтиді.

— Жок!

— Енді қайттік?— Аң-таң.

Тағы “дорбаға кім салды екен?” сияқты.

— Осыларды кім ұя қылды екен?

— Өздерін мұнда алдырсақ...

• • •

Шалқардан шапқыншы шауып бұларды аудан әкелді.

— Ал, сендер кімсіңдер?

— Ұямыз.

— Кімнің ұясысыңдар?

— 10-ауылдікі.

— Қай ұйымның ұясысыңдар?

— Ұяның ұясымыз.

Тағы Қожанасырдың “дорбаға кім салғаны.”

— Осыларды кім ұя қылды екен?

— Ау, әлі осылардың билеті не екен, өзі...

• • •

Бастығы Бексұлтан, Жұмабайдан құлдатты “ұяның” билетін сыпырады. Жөні білінеді. Биле терінде коммунист емес комсомол екен.

— Таптық! Таптық!— деп аудандағұлар бөрк аспанға лақтырады.

Аудандық комсомол комитеті кеңесінің әлегі а паннан шығады. Істен істі, шкаптан шкапты, списоктан списокті қара тер боп жат та тінт.

— Жоқ.

— Енді қайттік?— Аң-таң.

— Осыларды кім ұя қылды екен?

— Аудан болмастан бұрынғы үйездік комсомолдар комитеті ұясы болмаса...

Үйездік комсомолдар комитеті делоларын шаңба ауыздандырып жат та ақтар. Істен істі, шкапта шкапты, списоктан списокты жат та қопар...

— Жоқ!

— Енді қайттік?— Аң-таң.

Тағы Қожекең айтқан кеп:

“Осы балапандарды ұяға кім салды екен?”

— Өздерінен білу керек.

— Ал өздерің кімсіңдер?

— Ұямыз.

— Кімнің ұясысыңдар?

— 10-ныншы ауылдікі.

— Қандай ұйымның ұясысыңдар?

— Ұяның ұясымыз.

Тағы дағдырыс, тағы Қожанасыр:

— “Осыларды кім ұя қылды?”

— Ия, осылардың билеті не екен өзі?...

Билеттері қайта қарастырылады. Билеттері “қазақыландырылған” екен. Яғни екі тілде басылған екен. Оң жағында қазақшасы, сол жағында орысшасы. Бұлардың билетін екі жағын да оқып шықпаса болмайды. Үйткені ұяның ұясы дегендей, қызықтың қызығы осында. Бексұлтанның билетін сол жағынан оқыңыздаршы:

Союз билет №4240

- 1.Фамилия — Қоразбеков.
 - 2.Имя и отчество — Қоразбекович Бексұлтан.
 - 3.Год рождения — 1903 г.
 - 4.Национальность — Казах.
 - 5.Соц. пол.— Батрак.
 - 6.Время вступления в союз — 8-ХІІ-25г.
 - 7.Состоит ли в партии?— Выдан Челкарским УК 30-ХІІ-1928 г, Секретарь Укома: Хижняк.
- Ал, енді билетті оң жағынан оқыңыздар.

Ұйым билеті, номері 4240.

- 1.Фамилия — Қоразбек ұлы
 - 2.Өзінің, әкесінің аты — Бексұлтан.
 - 3.Туған жылы — 1903.
 - 4.Нәсілі — қазақ.
 - 5.Ұйымға кірген жылы — 8 июль, 1925 жыл.
- Берілді 2 июльде 1927 жыл.
- Уком хатшысы: Қалымбет ұлы.

Ол онымен тұрсын, енді уком хатшысы боп Бексұлтанның билетіне қол қойып отырған Қалымбет ұлының билетін қарасаңыздар да нақ ананың өзіндей. Оның орысша жағына қол қойған Шалқар укомының хатшысы Хижняк, берілген мезгілі 1926 жыл, июльдің 30-ы. Қазақша жағында укомның хатшысы Қалымбет ұлы(өзі ғой) берілген мезгілі 1927 жыл, сентябрьдің 28-і.

Мына билеттерді көргенде тағы Қожанасыр сап ете түседі.

О кісі: “халықтың айтуынша айдың жиырма бесі, шөлмектің айтуынша жүз жиырма бесі” деген екен. Сол сияқты мына билеттерде осылар ұйымға ана жылы бір кіреді, былтыр тағы кіреді. Орысшасында уком хатшысы Хижняк. Қазақшасында Қалымбет ұлы(өзі).

Ал, әлеумет, “Белсенділердің” билеттерін алдыңызға жайып салдық. 10-ауылдың “ұясын” ақиқаттайтын қолдағы бар қажетіміз, яғни дүкеметіміз осы-ақ. Бағанадан осы ұяның кім екенін

айыра алмаған аудандағыларды “ашық ауыз”, “с
лак” деп келекелеп отыр едіңіздер, ал, білгіш бо
саңыздар осы “үяның” қай үя екенін билеті
қарайсыз ба, бетіне қарайсыз ба, әйтеуір айты
беріңізші.

Бірінші — билет қай ұйымдыкі?

Екінші — билет қай үянікі?

Үшінші — билет қашан берілген?

Қазақшасы қашан? Орысшасы қашан?

Төртінші — ол уақыттағы укомның хатшысы кі

Орысшасына қол қойған Хижняк пе, қазақшасы
қол қойған Қалымбет ұлы ма?

— Ал тыңдаңыздаршы, Сіздер де Қожаның да
басының үстінен түспес пе екенсіздер.

— Бұл қай үя екен?

* * *

Сөйтіп, “іздеген Мықан ағашын табады” дегенді
Шалқардағылар шаршап, шалдығып өлдім-талды
дегенде осы “үяның” жөнін білді-ау, жөні:

О бір жылдарда(тағы қай жылы екені белгісіз)
осы 10-ауылда комсомолдардың бір үясы ашыла
екен.

Бұл үя аз дәурен сүріп, сүрініп жығыла
екен(таралған екен). Сондағы комсомолдық биле
терді Үйездік комсомол комитеті кезінде жинап а
алмай ел ішінде қала береді екен. Кейін сол биле
тердің екісі мына Сұлтан, Жұмабайлардың қолы
түсіп бұлар оны “жүзеге асырады” екен. Жүзеге
асырғанда бұрынғы билет иелерінің жазылған аттар
рын пышақпен қырып тастап, өз аттарын жазы
алады екен. Сүйтіп билеттегі жазудың түрлі-түр
болатыны есіктен-есік, тесіктен-тесік өтіп тентірег
билет екен. Сонымен бұлар аңқау елге арамза мол
болады екен де, “коммунистік, комсомолмыз
үямыз” дейді екен. Ел ішіндегі қызметтердің ба
лығын да(деректив бойынша) “үя” қолға алады екен.
Толып жатқан науқандарды “үя” “өткізеді” екен.
Сайлау болса сайланатын адамдары “үя” “үйғарады”
екен. Сүйте-сүйте бұлар өздері де:

— Үя, үя, үямыз,— деп,

Елде:— үя, үя, үя— деп,

Елге келген үкімет кісілері де:

— Үя, үя, үя,— деуменен,

— Ұя, ұя, ұя,— боп кете береді екен.

Конфискеге келмегенде, конфиске келсе де “ұя” Қызылбас тұқымына ара түспегенде баяғысындай:

— Ұя, ұя, ұя,— боп кете береді екен.

Не керек ажалды киік адырға шығып қызылбас балаларын “есіркеймін” деп алты жыл баққан арық “ұяны” бір күнде боранға ұрындырып Бексұлтан мен Жұмабай — өлтіреді екен. Сонымен бұлардың бар жаманаты басына жетіп, басы қайырылып, “ұясына” жетіп Шалқар түрмесіне түсіп отырған жайы осы екен. Ал жұрт сүйтіп бұларды кім дейсіндер?

Бұлар өздерінше:

— Ұяның ұясы.

Қазақша:— құданың құдасы.

Құйрықтың сорпасы.

Қаразбек ұлының ұясы.

Қожанасырша:

— Қоянның қояны,

Сорпаның сорпасы.

Қожаның дорбасы.

.....

— Отырған түрмесі:

Ұяның ұясы.

“Қыз көзінше неге замечанье жасайсың?”

Науқан. Тығыз жұмыс. Тізгін ұшы осы заманның ботатірсек бозбаласы Омарұлы қасымда. Бұл бос адам емес, аудандық комсомолдар комитетінің үгіт-насихат бөлімі бастығы. Шалқардың шалқыған даласын шабуылмен Шалатай ауылына сау ете түстік.

— Малшыларды шақыр, малдарынды жина, санаймыз!

— Неге?

— Салықтан мал жасырыпсыз.

Ауыл арты ұлан-азар шу, құлан адасар шаң, қарақұрық мал. Орқыраған бие, арқыраған айғыр, маң-маң басқан түйе, мөңіреген сиыр, маңыраған қой-қозы, зыр жүгірген малшы, малды йірген жалшы...

Қолымызда бір-бір қарындай қағаз; біреу малды шұбыртып айдап тұр, біреу түсін жазып тұр, мен санап тұрмын. Күміс тұрманды, барқыт аткөрпелі

байдың мырзасының оқтаудай құла дөнені Омарұлының астында. Ол саналған малдың бытырамасын былықпасына, біреу ұрлап жырмаласына қойылған бақылаушымыз — сол.

Мал шұбап тұр, санап тұрмын, санап тұрмын санынан айрылдым да қалдым... Сыңқ-сыңқ құла сылқ-сылқ әзіл... Жалт қарасам, білмеппін, не қасымда той қылғандай топыр екен. Омарұлының оңында күн, солында ай; байдың бойжеткен қыз үлбіреген келіндерінің ортасында құланың бүйірі құлай қисайып, шылымды шұбыртып қарқ-қарқ күледі, жампаң-жампаң етеді.

— Біреу, екеу, үшеу... Санай беріп ең қарқылдаған күлкі санимның орта белінен үзді кетті:

— Жә-жә-жә, танымасын сыйламас. Құдаша Шөк, ай! Сіздермен сөйлесуге мешать етті-ау мың құрғыр түйелер...

Мен:

— Жетеу, бесеу, үшеу... Қап...Қайта:

— Біреу, екеу, үшеу, төрт...

Қарқылдаған күлкі тағы киіп ап кетті:

— Жә — жә — жә — жә... Құдаша, “үкіл айдай” сіздің жақтың әні емес пе... Кешке бір сәт бересіз бе? Өк, ай! Сыпырылғыр! Сізбен сөйлесуге мешать етті-ау, мына сиырлар...

— Тоғыз, сегіз, он үш... Қап санай алмады Омардың жампаны жаңылдыра берді. Жаным кейі, Омарұлына ренжідім:

— Әлі, осы, қай қылығың!— дедім. Құна дөнені борбайға бір салып жүрді де кетті. Тұрдым қалдым. Тұрған әйелдер жырк-жырк күлісті.

Мал былықты; неше рет санадық. Ес кетті. Жымықты. Өлдім-талдым дегенде, малды хаттап, шөп тап, күн еңкейе бітірдік; малға бақташы қойдық.

Байдың үйіне келдім. Оң жақта байдың мырзасының кровати; мамық төсек, күс жастық. Омарұлының ұлы осы төсекте ұйқыда, бырдай... Тербетіп тартып, ыңырантып оятып:

— Е, бұ қай жатыс?

— Кетемін.

— Неге?

— Ход бермейсің.

— Не қылдым?

— Сен қыз көзінше маған замечание жасадың.

Бай кіріп келді. Нық койып қойдым. Омарұлы ершелене соқты. Өткізе сөкті. Амалым бар ма, жаулап отырған жауымыздың жанында жақ аша алмадым. Тілімді тістедім де, сөзді майдабикелей бердім. Омарымның ұлы омыраулап-омыраулап барып басылды. Жиналған жан байдың шаңырағынан шықты.

Келген жайымызды байға естірттік:

— Сіз бұрын да болған адамсыз. Арғы атаңыздан бері жуансыз. Ежелде елді билеп, төстеп қалғансыз. Бүгін де сол кереуыздығыңызды қоймай, ел еңбекшілерінің бойын өсірмей, кеңес жолына кесір тигізіп отырған байсыз. Міне, сондықтан Қазақстан Өкіметінің жарлығы бойынша, мал-мүлкіңіз конфискуленеді; кедейлерге үлестіріледі. Өзіңіз, балашағаңызбен жер аударыласыз...

Үйдің іші шу ете түсті. Сакалынан сорасы ағып, солқылдап бай күңіренді. Бүйірін таянып бәйбіше боздады. Байдың қызы, келіні жоқтау айтып, қай-қайдағыны қозғады:

Ақ ордамды қуартып,
Нағылдым құдай, аруаққа.

Ақ бүйірімді суалтып,
Ағайын келтің бе алмаққа?

Ұялы терек мал-басым,
Үксадың ба қақбаққа?

Қарадан туған хән басым,
Қаңғырарсың қай жаққа...

Оң жағыма қарасам, Омарымның ұлы солқ-солқ жылайды.

— Уай, саған не көрінді?

Үн жоқ. Кек — кек — кек... Солқ — солқ...

— Шық, жоғал!

Шығып кетті. Артынан шығып:

— Сен неге жылайсың?

— Жаман... жаман... күйзеліп жүргенде... Сенің осы қылығың...

— Қай қылық?

— Сенің конфискуелеуді байға қыз, келінінің көзінше жариялағаның, совсем не тактично болды. Күк...күк...күк...

Қазы деген кісі қатынын сабайды екен; қатыны жыласа, өзі қоса жылайды екен. Байды конфискуелей келіп отырып, бай жыласа қоса жылаған осы жол-

дасым — Омардың баласы емес, Қазының баласы емес пе екен?

1928

Сөз Қасымбаевқа

I

Күн суық. Қырды ызғырық жел ысырып ай жатыр. Төбеде уезден өкіл келеді деп қосшылар еңкейгенше тосып тұр еді. Сақал, мүрттар сақырау. Емшекте баласы бар әйелдер де көрінеді. мезгілде буаз портфелін көтеріп, өкіл Қасымбаев киіп-жарып көптің ортасына келді. Жиналғандар тұрғандар жым-жырт болды. Ортаға келі алдығын төңкертті. Бір шумақ кілтті қоңырау орнына жұмысқа мақ болып алдырды. Келінің екі жағынан сүйсініп Қамысбаев үстіне шықты.

Кілт — қоңырау шылдыр етті. Қасымбаев:

— Жиналыс ашылды деп санаймын.

— Сөз, баяндау үшін укомның өкілі, уисполкомның өкілі, уком қосшы өкілі, уженотдел өкілі, уфинотдел өкілі и так далее өкіл жолдас Қасымбаевқа сөзің менің өзіме берілді.

— Жолдастар мен қысқа болам... Но...

— М — м — м... Өздеріңізге мәлім, кәзіргі Әл-ақуал жақсарып келе жатыр. Байлар дүниелері соңғы жылдарындағы стабилизациясы бұл моментте мұздағандай боп тұр. Мұны он бесінші партия конференциясы ерекше астын сызды. Жұрт арасында буржуйлары соңғы кезде біздің Совет союзына жақсы соққы жасағысы келеді. Бірақ олардың өзінің пролетариатворечилері бар, тағы да, өйтсек те жұрт арасында төңкерісі қимылдап кете ме деп қорқады. Соны үшін қорқады, бізбен соғысудан. Әйтпесе соғысқан соққысын бізге көздеп тұр. Біз олардың жаулығын даяр тұруымыз керек. Біз өзіміз соғысқа шықпаймыз, өзімізге шабатын болса, қорғанамыз. Жұрт арасында рабочий класы сау тұрса, біз империалистерге қорықпаймыз да, товарищи, әр жұмысымызда Лева басшымыздың өсиетін орындау орасан міндетіміз. Мен сонымен сөзімді доғарамын.

Баяндамашыдан сұрақ сұрауға болады. Бар ма? Бар болса, жазып берсін,— деген ұсыныс кірді маған; бес минут демалыс.

II

Кілт — қоңырау шылдыр етті, жым-жырт.

Қамысбаев:

— Сауалдар кірмеді маған.

Топ:

— Хат білмейміз.

— Қағаз, қарындашымыз жоқ.

— Ылажы болса, ауызша сұрасақ екен?

Қамысбаев:(Желкесін қасып, аузын қисайтып, көзін бажырайтып) Беда. Сұрауға болады...

Топ:

— Біз мына осы жердегі Тоғайбай деген ел, ылғи жатақпыз, тоғанымыз жоқ, не айтасыз?

— Қазынадан қарызға ақша беріледі деген де ұзынқұлақ алып-қашып жүр. Біздің қолымыз қайтсек жетеді.

— Жақында советке сайлау болады дегенді есітіп тұрмыз. Мұның аңғары қалай болар екен?

— Мектеп ашамыз деп тараптанғалы екі-үш жыл болады. Жөнін білмегендіктен жұмысымыз маңдымай жатыр, бұған не ылаж?

— Ел ішінде қыз сату барады. Бұған тоқтау бола ма?

— Ұрлық өршіп барады, не

— Кездемені, керек-жарақты қайдан тиімді қылып алуға болады?

— Астығымызды, тері-терсегімізді қайда күйгізбей сата аламыз?

Кілт — қоңырау шылдыр... етті.

Қасымбаев:

— Тыныш! Маған ұсыныс кірді, сұрау тоқтатылсын деген қарсы жоқ?

Жым-жырт.

Қамысбаев:

— Мен сіздерге сразу жауап беремін. Сауалдарыңыз менің баяндамама жұғыспайды. Сол бойынша, жауап беріп болмайды. Кімде резолюция, то есть қаулы бар?

Жым-жырт.

Қамысбаев:

— Ендеше маған резолюция кірді (Портфелін ақтарып құлаштай ұзын қағазды жазып жіберіп оқиды)... Уезден келген уком өкілі, уисполком өкілі, уком қосшы өкілі, уженотдел өкілі, и так далее, өң жолдас Қамысбаев докладына құлақ салған соң қосшы собранияесі тоқтамы:

1/ Положение СССР жақсарып келе жатыр.

2/ Байлар дүниесінің капитализмінің стабилизациясы уақытша тоңзып тұр.

3. Қазақстанда ауыл шаруасы соғысқа дейінгі тегістік бетіне жете алмай жатыр. Мұны міндеттілікке көтеруге.

4. Индустриализацияны тездетуге.

5. Үнем ықтиятының ықпалын аңыстауға.

6.

7/

.

75/ Әр уақытта әл-ауқат түсіндіруге осы жолды Қамысбаев сықылдыларды өкіл деп жіберіп тұруды жоғарыдан өтінуге.

— Үстеме бар ма?

Жым-жырт.

— Алатын ештеме бар ма?

Жым-жырт.

— Қаулы қабылданды, жиналыс жабылды деген санаймын.

1927

Сұрпақпай сұғанақ

Сұрпақбай деген үңілше көзді, үңірек қара көз болды. Көңілі түскенде, әсіресе, қара шайға қанық болса, қара шақшадан атып алса, есе сөйлеп, желден жүйіткітер еді, құйындай ұйытқытар еді. Өтірік ішіндай, асқақты тыңдай қылып соғар еді. Әңгімесінің бәрі тамақтан басталар еді, тамақпен тамамдалар еді. Олай болатыны асқан ашкөз, тамақ мақсау еді, ылғи той-томалақты, қонған қонақты өлгенге берілген асты, бата оқырды сөз қылар еді. Сөз қылғанда қанша ат шабылды, қалай ойын болды, о жағына жоламай, салғаннан қазан-аяқтан, тамақтан бастар еді: қанша ет асылды, қанша қымыз болды. Неше табақ тартылды, неше теген ішілді, кім қала

жеді, қалай бәсеке болды — әңгімесі наман осы болар еді.

Сұрпақпай айтар еді:

— Мәукебай өлген жылы. Ауыл осы Сырдың бойында. Мәукең үйінің өркеші киіз үйдей түйесі өле қалды. Құдайдың өзі сойып бергенде Мәукең жер-ошағын енді де қоңырсытпайсың ба деп Мәукең кемпіріне қиқылықты салдық. Ағайын кеу-кеулесе, жан қоюшы ма еді, түйесіне биесін қостырып, он шақты масақ малымен Мәукеңе ас беретін болдық.

Мал сойылды. Ошақ қазылды. Ет асылды. Етке оңаша үй тігілді. Еттің басына өнмендеп жүріп өзім міндім. Несін айтасың, ат тегін, ырғын май. Ай дер әжем, қой дер қожам жоқ. Еттің жылы-жұмсағын қуыртып ащы тұздықтап ауық-ауық сұрпақтатып соға баріппін, соға беріппін. Үйде жатқан Өржан отағасыға шеке бастатқан дәй табақ жібердім. Өркең атасында көрмегенді ботасында бір көрді. Дәметкен орамал жіберген екен, түйенің тоқпақ жілігі, биенің қосқазысымен қайқайма табақ оған кетті. Баянбай баласын жүгірткен екен, түйенің төсі, биенің жаясымен үйме табақ оған кетті. Бір мезетте қарасам, бұрын қалжындасам қарамайтын Қаракөз келін босағадан жаудырап қалған екен, биенің қартасы, қойдың ұлтабары, төсі мен бауыр, күйырықтан шағырмақтаған тыңқима табакты “мә!” дедім. Ен тегін етке қолым тиіп тұрғанда білем-білем күйырықты, майлы-майлы жамбасты, қос-қос қазышы оған да бердім, бұған да бердім...

— Сонан соң қайтты?

— Сонан соң қайтсын. Ет десе, елде бет бар ма? Ертеңіне тайлы таяғымен қырдағы, сырдағы қаптағаны ғой. Ет жетпей қалды. Етке өкпелегендер атымды аударып, сабалас шығарады. Үйімді тінтті. Сұрпақтап алған қос қазыны соқтасымен суырып алды.

Сүмендетіп айдап келіп, соқталы қазыны көрсетіп:

— Мынау қайдағы қазы?— десті.

Сасқалақтап тұрып:

— Сұрпақтап алғаным еді деппін. Көпшілік бетіме түкірді. Сонан бері “Сұрпақпай сұғанақ” атандым да кеттім. Әйтпесе, атым “Сыдық” еді, руым — төре еді... деп өзінің қалайша “Сұрпақпай сұғанақ” атанғандығын айтқаны есіме түсіп отыр.

Сонан бері қилы-қилы заман өтті. Сұрпақпотағасы о дүниеге кетті. Енді Сұрпақпайлар үмі болатын болды.

Шиырбай деген кісі тамыздағы қонаққа мал сомай, сұр асып берген бір үйдің табағына былай бақылыпты:

“Сені мен жас ет десем сұр екенсің,
Шық бермес Шығайбайдың бірі екенсің.
Өлді деп Қарынбайды естуші едім,
Қарынбай әлі тірі жүр екенсің,”—

деген екен. Сол Шиырбай айтқандай әлдеқашан өлді деп жүрген Сұрпақпай сұғанақ жақында сопа етіп осы Қызылордадан шыға келді. Сұрпекен осында екен. Аты да, заты да өзгеріпті. Ақмет баласы Сыдық болып коммунистке жазылып жүріп Қызылорданың Округтік судына мүше де бопты “Естімеген елде көп, есек мінген молда көп.” Жімағатым жағанды ұстарсың!...

* * *

Осы Ақметұлы Сыздық жиырмамыншы ауылды шонжарларын кәдімгі конфескелейтін өкіл болып шығыпты. Өкілге қосшы боп (Аудандық Қосшы бақтығы — бұ да коммунист, Округтік атком мүшес Бейсембақұлы деген қосылыпты. Бұлар елге бары кедей жиналыстарын өткізіпті. Нұсқау бойынша, жиналыс сайын Ақметұлы қызыл өңеш боп баяндам жасай беріпті. “Бай құрысын, атқа мінер қуылсын! дей беріпті. Ақметұлының баяндамасы бойынша сентябрьдің жиырма төртінде болған кедейлер жиналысында: “Нұрмағамбетұлы Москалбай, Жарымбетұлы Ақмет, Аманұлы Мыңтүр деген құлақ құйыршықтар кедейлер жиылысына араласпасын” деп қаулы қылыпты. Бұл қаулыны алған аудандық комиссия ертеңіне жоғарғы аты аталған құйыршықтарды комиссияға біткенше Шиелі ауданына ауа түрсын деп қаулы қылыпты. Бір күні Ақметұлдарынан аудандық комиссияға, ауылдан жасап жіберген жарлы, жалшылардың бай малын алатындарының спискасы келіпті. Аудандық комиссия спискені аудара қарап, ақтары тексермей “аңқаулық” қылып “бекітілсін” қаулыны қайқайта салыпты. Сонымен Сыздықтар конфискелей жата беріпті.

Күндердің күнінде ауданға жиырманшы ауылдың кедейлері арыз жаздырыпты:

— Ойбай, аудан еке, өкілің сорлатты ғой.

— Маған бес кара жазып, үш кара берді.

— Маған списокке екі кара алды деп қондырып еді, біреуін-ақ алдым.

— Құлынды, тайшаны толық қараның тұяғына берді. Заңда солай ма?

— Жолдас-ау, конфиске малынан жалдап та ала ма?

— Өкілдің өзі жеке сыбаға болып, үйімдегі жігітіме берем деп сарала атты, сары дөнежін нарды Қызылордаға жіберді. Мұны білгендерің бар ма?

Аудан арыздардың астында қалыпты. Қойшысы қасқыр болып шығыпты. Апалактасыпты. Қалбалактасыпты. Шара қолданыпты: зерттеу бөлімінің агентін алып, аудандық атком орынбасары Ырысмамбет шауыпты. Бара мал алған кедейлердің тізімін қолға алыпты. Қараса, “не көзімен көрсін”, Ақметұлдары аудандық комиссия бекітіп берген тізімді бұзып-жарып жаралай беріпті, жаралай беріпті. Қызыл сиямен қызылала қан қыла беріпті. Сорлы цифрға жауша шауыпты, көзіне көрінгенін кирата беріпті.

Жетеуін — бесеу, бесеуін — екеу, үшеуін — біреу қып “сұрпақтата” беріпті. Мал үлестіру жөніндегі үкімет заңын, нұсқауын құлағына да қыстырмай, ат тұяғын тайға бастырып, тай тұяғын танаға бастырып “торпақтата” беріпті.

Бұл — бұл ма:

Кедейлер жиналысында Ахметұлының “Москалбай кулак құйыршықтары, конфискеге кесірі тиеді, сондықтан басқа ауданға ауыссын” дегізіп, тақпақтай баяндама жасап, ауданнан бекіттіріп отырып, Москалбайға жуан кара сыйлапты.

Ол — ол ма?

Ақметұлы үйіндегі баласын көтеріп жүретін ғайыптың құсындай, қайдан келгені белгісіз. Шыманұлы Сатай деген “жарты жалшысына” бір түйе, бір ат беріпті.

Бұл — бұл ма:

Ағайдарұлы Бердібек деген байдың салығын сатып төлеуге конфискеленген малынан елу алты қараны іріктеп Қызылорда базарына айдатыпты. Бұл малдар союзға да сатылмапты, кооперативті де

кермепті, торгте де болмапты. Қызылорданың атақт жалдабы Бұқарбайұлы Төлебайдың қолына тиіп Төлебай сол малды “реализоватъ” ететін комиссия қолақпандай член болыпты. Жеті күн елден, же күн жерден деп, көкжал жалдаптың көктен тілеге жерден табылыпты. “Ен тегін етке” дегендей “ен тегін малға” бұл да Сұрпақпайша кірісіпті. Малд алыпсатарларға сатыпты. 100,90 сомға сатылған би елерге 60 сом дегізіп өтірік счет ала беріпті. Сүйті сылқылдата беріпті. Сұрпақтата беріпті.

“Ташкенттегі қызым мұнан да сорақы” дегендей бәрінен мынасы сорақы: осы Төлебай жалдап кедейлер тізіміне кіріп, шаруасын көркейту үшін “ресми 5 кара алыпты.

Мұны аз десеңіздер:

Сыздықтың Теренөзекте, он бірінші ауыл Аяпұлы Еснияз деген қайнағасы болады екен, соға соғымға үш бие жіберді дегенге шөп басы жән жыбырлап түр.

Ол жетпесе:

Міне, жұрт, әзірше, Сыздықтың “конфискесіне қолдағы қортындымыз осы ғана. Қылмысты қыл тізіп прокурор жатса керек. Мұнан арғы соқтасы солар суырар. Тек, біз әзірше, ет басына ан Сұрпақпай мен, мал басына мінген мына Сұрпақпайдың қылығына қыл симай, бір жерден шыққанын ғана тамсанамыз.

Ана Сұрпақпай Мәукебай асында асылған “ен тегін еттің, ырғын майдың” басына мінсе, мын Сұрпақпай байлардан конфискеленіп кедейлерг үлестірілетін “ен тегін малдың” басына мінеді.

Қызылотауға лайықталған байдың ақ үйін қарлашыққа айырбастап та үлгірген екен дегенге шөптің басы түгіл, Сырдың қамысы сылдыр-сылдың етеді. Ана Сұрпақпай “ен тегін еттен” түйені тоқпақ жілігі, биенің қос қазысы бастатып көрінгенг қос табақ тартса, мына Сұрпақпай “ен тегін малдан Москалбай атқамінерге жуан-жуан кара сыйлайды.

Ана Сұрпақпай биенің қартасын, қойдың төсі салып Қаракөз келінге “мә!” десе, мына Сұрпақпай үйіндегі баласын көтеріп жүрген жігітіне сарала атті мінгізіп, сары дөнежін нарды жетектетіп бір түйе бір атты “мә!” дейді.

Ана Сұрпақпай білем-білем құйрықты, қос-қос қазыны оған да — бұған да берсе, мына Сұрпақпай

да кез-кез өркеш түйелерді, сүйем емшек биелерді жалдаптардың Төлебай сияқтыларының онысына да, мұнысына да жетектетеді.

Ана Сұрпақпай көпке тиісті етті ашы түздықтап өзі жеп, өзгеге үлестірсе, ақырында елге ет жетпей қалса, сабалас шыкса, мына Сұрпақпай да кедейлерге тиісті малды өзі соғады, атқамінерге, жалдаптарға үлестіреді. Кедейлерге мал жетпей қалады. Шатақ шығады. Арты ашылады.

Ел ана Сұрпақпайдың сұрпақтап алған қосқазысын соқтасымен суырып алса, енді мына Сұрпақпайдың да сұрпақтай алып, Тереңөзектегі кайына жіберді деген биелерін суырып алу ғана қалып отыр.

Ал, жұрт, осы екі Сұрпақпайдың айырмасы менше: ана Сұрпақпайдың әлдеқашан өлгендігі де, мына Сұрпақпайдың әлі ұсталмай сұрпақтатып бос жүргендігі.

Суд не айтар, соны тостық.

1928

Кұйрықты базар

Қарлы Алатаудың койнындағы Қарқаралы жәрменкесіне кім бармайды. Мен де барғанмын. Ол қалың қазақтың қақ ортасы. Көк жайлау. Базар басы асқа тіккендей үй үстіне үй, қарақұрық жан. Тырна қатар тізілген дүкен. Биыл жерде шөп жоқ кой, бәрі тұякпен тозған. Топырақ шаңынан адасқан адам біріне-бірі дауыстап жүргені. Той-топыр. Бейне баяғы Заркүм соғысы.

Жәрменке-базары жылдағыдан биыл қаншалы қызбалықты болды; ел шаруасына қаншалық әсері болды; қара бұқараның қажетіне алатын тауары табыла ма; бағаны арзандату ұраны орындалды да; мәдени-саяси ағарту жұмыстары, саулық, тазалық істерінен, әлеумет жұмыстарынан не істеледі?

Соның бәрімен көңілдес болмай-ақ қояйын. Олар менсіз-ақ кеңсе кемерінде, доклад бабында айтыла жататын басқа істер, яғни, мәселен базардың басы. Менің базардың басында, құлағында жұмысым жоқ. Тек құйрығында. Құйрығын қойып, қойыртпағын керек кылсаңыздар, мә!

Жайлау елі жалпағынан базаршыл. Бал шағасымен күнде базарға бармайтын Албан аз. Е зарға барғанда, соңыра сусындауға үйінен айры қымыз байлана баратын көрінеді. Ондай мес қарынды көрген базарнай оларды ұстайд Қазақтар — сатуға емес, ішуге әкелдім дейді. Е зарнай оған өлсе нанбайды. Мес, қарынның тұяғын базарға кіргізілген товар есебінде базарлық мой түп талап етеді. Дау осыдан туады; кейбір казакт шаужайынан ұстаған базарнайлармен бажылдасі тұрып “міне ендеше” деп, айран, қымызын іш қояды. Милиция шақырылады. Протокол жасалад Бұл бір әңкей жүріс.

Жайлаудан шөп орып, базарға сатып жан бағуғ өгіздеріне тендеп кедейлер келеді. Оны базардан п лесовщик ұстайды. Протокол жасайды. Шөп қорасына үйіп, өз атына салып отырады. Бұл б оңай олжа.

Бұдан басқа да жәрмеңке жарықтықтың тала қызык қылықтары, қою қойыртпақтары көп; қыр “Қырықбайдың” қымызы көп, қырықбайшыларды қызығы да көп, оны өз кезінде көрерміз. Әңгімеі күйрықтан қозғалық:

Жалба жеңді, көнетоз Қашқардың қызыл ше пенін киген жапырықтау жалау сары қазан шошқаның шұжығы беттес семізше сәудегерді дүкенінің алдына келеді:

— Уа, бай! Жүз бесінші шай...— деді.

— Шай сатылып бітті,— деп сәудегер біреуғ тотияйын өлшей берді.

— Ай, бәрекелді-ай, енді кайттім. Бір науқаск керек еді. Зәрушілік “Қазақстанда” бар екен. Те үкіметшілерге ғана береді дейді. Бір марқаме қылыңыз, бай-еке!— деп қазақ жампаң қақты.

— Қап, сырқатқа болса, ылаж жоқ. Бір данас қалып еді,— деп сәудегер еңкейіп бір қағаз шайд алып алдына қойды.

— Мұныныңдың құны?

— Дәл бағасы 4 сом; күйрығымен 8 сом.

— Ойбай күйрығы не?

— Күйрығы бұлар,— деп бөлектеп қойған бірталай нәрсені шайдың үстіне үйе салды. Олары бір сауыт одеколон, бір дюжина темір шай қасық, бір шалбардың өмілдірігі (подтяжки).

Сары жалақтың көзі ошак болған сиырдай бағжиды:

— Бай, бұларына акша жок. Ауруға деп тұрмын, берсең шайынды құйрықсыз алайын,— деп, кызыл шекпенінің етегімен маңдайының терін сыпырды.

— Қарқаралыдан құйрықсыз шай табатын жерін болса, маған да айт, бірадар!— деп дүкенші шайды алып қайта тығып қойды.

— Ой, сүмдык-ай, сүмдык...— деп, тамсанып тұрып-тұрып Сары сақал қыдырып кетті.

Әрі-беріден соң қайтып келіп:

— Жарайды, шайыңызды алайын, анау жез шәуімді құйрық қыла қойыңыз, бай!

— Оның өзіне әм құйрық керек боп тұрыпты.

— Болмаса, болатынайдан сегіз метр құйрық сал, тәуекел...

— Болмайды, болатнайға әм құйрық керек боп жатыпты. Мұсылман!..— деп, сәудегер қабағын шытты. Сары сақал тамсанып, тағы байқап кетті.

Әрі-беріден соң қайтып келіп:

— Жарайды, мына құйрықтан екі қасықты алайын; жұпармайынды өзің ал; оның орнына темекі, не тотияйын беріңіз; бір орақ қосыңыз,— деп бай-екелеп жалақ сары жік-жаппар болды.

— Алмасаң кетеуар!— деп, сәудегер шайға ұмтылып еді:

— Ойбай, әке, алдым-алдым... деп, жалма-жан шайды да, құйрықты да ұстай алды.

— Алайын, әке, алайын, алмауға амалым жок. Ауруға зәру еді. Әйтпесе...— деп, қыржық қоныштағы кірлі шүберекке ораулы теңгесінің теңін шеше бастады.

Балалар от басында ертегі айтысатын, ертегіде ешкі қойға айтыпты:

Менім жегенім жантақ,

Сенің жегенің жантақ...

Сенің құйрығың неден жалпақ?—

деп. Оған қой қару айтыпты-мыс:

Менің жегенім ошаған,

Сенің жегенің ошаған...

Сенің құйрығың неден шошайған?—

деген екен. Солшылап Қарқаралы базарының мына құйрығы ескідегі ешкі ертегісін еске түсіреді. “Жатып қалғанша, атып қал”— жарықтық атам мақалы ғой. Кеңес Өкіметінің Жетісудағы сауда са-

ясатын меңгеріп отырған (ішкі сауда мекемесінің құлағына алтын сырға) мекеме мен оның өкілі Жәрмаркомге, ертегінің ешкісінше, құйрық жөнінде бір ауыз айтып қалайын:

Менің көргенім жәрменке,
Сенің көргенің жәрменке.
Жәрмарком-еке,
Жәрменкеңізде
Шайдың бағасы неше теңге?
Шошып кеттім шайдан,
Шайды сатқан байдан,
Шайдың басы домалак
Мүйіз, мұрын, жоқ құлак.
Шайға құйрық қайдан?

1927

Алдандық

I

— Айсабай, қызыл өгізді ерттеші! Нарядчик сайлауға барасың деп кетті ғой,— деді де,— Қалиша-ай, насыбай уқалап дайындашы, қатын!— деді Бектас.

— Сияз, сайлау деп жалғыз өгізді оттатпадың ғой. Сайлаудан саған түсетін не? Жалбақтай бермей баланың шарығын ұлтарып берсеңші. Саған түсер он тиын пайда жоқ!— деді Қалиша.

— Қатын, сен білмейсің. Үкімет кедейлердікі дейді. Сайлау союз қосшынікі болса, сайлауға мен бармағанда кім барады. Бізге “союз қосшы” деп қағаз бергенде, “собраниеге бармасаң қағазды қайтып алып қоямыз” деген,— деп, Бектас тамағын қырып, қозғалып қойды.

Мен білмеймін емес, сен білмейсің. Большевик шыққалы үкімет біздікі — деп, кеуденді көтергенге міне бес жыл болды. Әлі болыс болып келе жатқан Жұлқардың баласы; әлі болыс орнында келе жатқан Жұлқардың баласы. Құр шулайсыңдар. Соларды бір түсіре алмай қойдыңдар. Бұл жолы да құдайың солар болып шыға келер. Адыра қалғыр Жұлқардың баласының біздей нашарға қылмағаны бар ма? Жалғаз атты мініп, көзін жоғалтып жіберді. Қайынағанның

қатынын бұзып, сатып жіберіп, қаңғытып қойды. Налогтің өсімі деп, жалғыз тайыншаны алып Далаңға сатып отыр,— деді Қалиша.

— Осы жолы көреміз,— деді Бектас.

II

Ауылдан қызыл өгіз мініп Бектас шықты. Сайлауға бара жатқан Қылшабай, Байту, Мұсабай, Жұрқалар — бәрі де тоғанақтасты. Көңілдері көтеріңкі, Жұлқаров, Жалғасаров, нарядчик Аямасовтарды сайлаудан кірлеп шығарып жіберсек деп, олардың қылықтарын сайлау бастығына анықтап отырып айтпақ болып гүлдесіп келе жатыр.

Сайлау Қасым қажының ауылында деген. Төтелетіп отырып шаңқай түсте жетіп келді. Ауыл шытырлаған ат. Қашаның ішінің бәрі ылғи күміс тартпалы, ер-тоқымды мырзалардың аттары екен.

Бектастар қашаның алдына келгенде Қасым қажы:

— Ана төбенің басындағы жиылып жатқан елге барындар! Мұнда жұмыс жоқ. Сайлау төбеде болады!— деді.

Төбеде үріккен қойдай шоқиып қалған ылғи Бектастардың өз теңдестері екен. Алқақотан отырысып,— бұрынғы болып келгендерді сайлаймыз — деп, дуылдасып отыр.

Сайлауға келген қаладағы Қалибаев деген екен. Түлкі тұмақ, қасқыр ішік киіп, күміс белдік буынған мырза-сабаздар Қалибаевты айналып, үйіріліп Қасым қажының үйіне лық толыпты. Кедей барса жиылыстың бағасы түсіп кететін сияқты. Сүмірейген бастарымен Қасым қажының асқан қазанына ортақ болып, мырзалардың үстіне кіру Бектастарға нәсіп болатын да емес. Үйде список тізіп отыр.

Төбедегі кедейлердің әңгімесі тамақты керек те қылатын емес. Қалишаның қайрауымен бе, жоқ өзінің аз санасымен бе, Бектас былай деп жұртты өзіне қаратып отыр:

— Бұл жолы алданып қалмалық. Жұлқардың сұмы — тон жамылған байдың төбеті. Қасым қажының құйрығы. Бұл жолы исполкомға оны сайласаңдар барлық ылауды да сендер тартасындар. Кедей, өміріңше көзің ашылмайды. Қасым қажының

арқан, тұзағы мойныңнан ажырамайды. Бәрің де шулап ырза болмаңдар. Аямандар...

Бәрі де шулап арыз қылмақшы болып, сайлау араластырмаймыз десіп, бірін-бірі қолтап ду-ду...

III

Күн намаздыгер болды. “Жинал!” деп нарядчи дауыстап жүр. Қолына қағаз алған, сидалау киінген Қалибаев түлкі тұмақты топпен келіп, мәжіліс болды. Алқақотан дөңгелеп отырысты. Күмі белдіктілерді тұрғызып, бытыратып, араларына кіріп кіріп отырды. Көптің ортасына бір сандық қойып съезд басқармасы сайланып өтті.

Қалибаев мықындағы алтыатарды Бектастарға қырындап бір түзеп қойды да, “Жолдастар!” де бастап, булығып-булығып сөйлеп тұр.

— Үкімет кедей, кембағалдардікі, жарлы-жалшылардікі. Қосшы ұйымы оянуға керек. Бай, манап жуан-жұдырықтарға, әрі олардың құйрық-тазыларын кеңес сайлауларында орын жоқ...

Бектастардың сай-сүйегі сырқырады. Қасын қажыларға әм оның тазысы болып жүрген Аямасов Жұлқаров, Жалғасовтарға тісін қайрап ішіне жауығып отыр. Әсіресе, кедей, кембағалдар, Советский Власть деген сөздер Қылшабай, Жұрқаларды айызын қандырып тұр...

IV

Жиылыс бастығы:

— Кезектегі мәселе атқару комитетке сайлау,— деді.

Бектас, Қылшабайлар біріне-бірі қарасып қузалып отыр. Ойындағы кісісі — қызыләскерден жанада қайтып келген Мұсабаланың баласы. Осын сайласақ,— дейді. Бектас қозғалып, қолын көтеріп:

— Тақсыр, маған сөз беріңіз!— деді.

— Асықпаңыз!— дейді.

Үстел басы бір қағаз алды да:

— Мұндағы үкімет мекемелерінде жолдастар тарапынан атқару комитетке ұсынған мынау список

бар. Төмендегі жолдастар өтеді,— деп қағазды оқиды:

— Бірінші — Қызылтазы Жұлқаров, екінші — Астыртын Жалғасаров, үшінші — Сатыпкет Жоғалтаров, төртінші — Алымшыл Аямасов, бесінші — Ылаушыл Тасталқанов жолдастар. Бұларды қалай көресіздер?— деген болды.

Бектас, Қылшабай, Мұсабала, Жұрқа:

— Біз сайламаймыз!— деп шу ете түсіп еді:

— Тәртіпті, мәжілісті бұздыңдар, қазақшылықтарың қалмайды. Кезекпен сөйлегенді білмейтін өңкей итсіңдер!— деп Қалибаев қайырып тастады.

— Мына жолдас Аямасов тарапынан список тұтасынан дауысқа салынсын деген ұсыныс кірді, соны дауысқа қоям,— деді үстел басы.

Қылшабай, Жұрқалар тұтас-мұтасына түсінген де жоқ. Екі көздерін, бар қиялдарын Қалибаевтың қасқабағына, алтыатары мен қағазына салып отыр. Үстел басы:

— Мына қағазға тұтас дегендерің қол көтеріңдер!— деп еді, төрелерді айтқанын қылмасам түрмеге түсіп қалар ма екем, деген су жүрек Мұсалар, Қылшабайлар “ал!” дегенге-ай, елден қалмай, қолын көтеріп жіберді. Бұйрық естісе, еліктей ұшатын кедейлер, үстел басының “Ал көтер!” деген жарлығын бұлжытпай орындады-ақ!

Мұның ішінде Бектас қуқылдау екен, тақау отырған Жұрқаның қолын қағып қалуға ғана шамасы келді. Сөйтсе де дәмдісін кейін күтіп отыр, ол.

— Аты аталған жолдастар, көпшілікпен өтті,— деді үстел бастығы.

Бектас аң-таң. Қылшабай, Мұсалар — Жұлқаров, Жалғасаровтарды әлі сайлағысы келмейді. Есі-дерті “Мұсабалаев” деп атасақ еді.

Бектастың жүрегі ойнақшып, ешнәрсеге көзі жетпей, үстел басыларға қарап қатты да қалды.

Бір дауыспен аталған бесеуі аткомге өтті; онда бастық — Қызылтазы Жұлқаров, орынбасары — Астыртын Жалғасаров, хатшы — Алымшыл Аямасов, мүшелері — Сатыпкел Жоғалтаров, Ылаушыл Тасталқанов,— деді бастық.

Бектас, Қылышбай, Мұсабала, Жұрқалар:

— Біз сайлағанымыз жоқ!— деп шулады. Сайлаушылар:

— Әлгінде ауырып қалған жоқсындар ғой, жұм бітті!— деп, книгелерін жауып, Қасым қажын үйіне кіріп кетісті.

Күн ұясына кіріп, қас қарайып барады. Бектардың салы суға кеткендей иіні түсіп, бірінен б көріп, шулап қайтып барады.

— Қасқырдан қойшы сайладық.

— Байдың төбетінің күйрығын...

— Бата қылып майладық!

— Алдандық!.. Алдандық!.. деп шу-шу етеді.

1923

Шалқыбай

Қала. Шалқыбай шалқып жайлаудан жақын қайтты. Ол он екі айдың екеуіне демалды. Жаң сүйген жайлаудың жақсысында жатты. Ел ішін ойлағаны 100% орындалды. Сәскеде бір қозы, түс бір қозы, таңға жақын бір қозы ұдайы пісіп кел тұрды. Қой — Қойлыбайдан, қымыз — Қырықбайда Қиюн қашқан ыңыршықтай ырсиып жайлауға барғ. Шалқыбай қоңырбұйраланып, қоңайып қайтты. Есі жабық етпен мекеме тұғырына қайта қонды.

Шалқыбай шат көңілді адам. Шақырмайтын болмайды. Сондықтан ол қонақтан қонаққа жүз жүріп, дайымы таңға қарысып ұйықтайды. Сағат онсыз арқасын күнге шалдырмайды. Ең ерте тұру онды соқтырады. Мекеме жұмысы, тосқан жұрт Шалқыбайдың қаперіне кірмейді. Бойын бой жеткен ше сылайды. Етігін ет асым тазарттырады. Жүз — жүз минут, тарану — табан бір сағат. Жағасы жарты сағат шұқылап, айна алдында биесауым тұры алады. Галстугін байлағанша — мінген ат суыды Шалқыбай осылай шалқиды. Ол мырзалықтың бәрі кеңсе қызметінің алты сағатының есебіне істейді Шалқыбай шайды ішіп, шылымды тартып, сағат он екіні соқтырып мекемеге кетеді; бұл күндегісі.

Кеңсенің алды, арықтың жағасы топырлаған халық — бәрі де Шалқыбайға күштар. Біреуді қағазына қол қойылған жоқ, біреудің орны жоқ біреудің арызы, біреудің арманы...

Жоңышка жеген қос торыны қуа айдап, солқылдақ арбаның алдындағы кучер дүрілдетіп келіп, кеңсенің есігін көлденеңдей берді.

Шаншыла отырған Шалқыбай ырғып табалдырыққа мініп, қалың көпті қак жара мекемеге сүңгіп кетті. Топырлаған топ есікке қойдай ұйлықты. Үш күн қалада түнеп, өгізі өлгелі тұрған Оспан есікті ашып еді, Шалқыбай шақшия қадалып, басты бір шайқап тастады. Оспанның жүрегін өгіз сүзгендей болды. Есікті лып еткізіп жауып құтылды.

Шақаң режим экономияның ұраны басталардың алдында ғана өзіне кабинет “оборудовать” еттірген. Екі үлкен жарық терезелі бөлме, табаны сырлы тақтай. Керегесі ағартулы, есіктен айна еңкейте ілінген. Керегеде де, жерде де кілем, кабинетті жақсы безеп тұр.

Кебежедей кереге сағаты 12 жарымды соқты. Үстелдің тұлғасы төгілте жапқан қызыл сукно. Оның үсті толып жатқан жазу жабдығы: екі жез қақпақты сауыт, айқаса қасынысқан екі темір ат, бір мыс ит, былқылдақ басқыш, көк күркелі электр лампа, жылжымалы телефон, жантаймалы календарь, тебінгідей сарқұлақ блокнот, тайтұяқтай қоңырау, желіні жеткен жирен биедей сары портфель.

Шалқыбай қоңырауды басып қойып, есікшіге:

— Александр Иванович, мұнда!— деді.

Иванович Шалқыбаймен шұрқырасып, шылым алды.

Иванович — күйкадан бір қылтанақ қалдыртпай қырдырған бір қасқа. Чечунча жейденің омырауындағы таналар тарғыл мысықтың көзіндеі жылтырайды. Ауызы ауызына жүкпайды. Шалқыбайдан гөрі тайшаптырым қазақы.

Шалқыбай өзінің түнде қайда болғанын, мәжілісте қызған екі адамның қызарақтасқанын ұзақ кәйдеп бітірді де:

— Александр Иванович, мені тосып тұрған қазақтар болса, доложите пожалуйста!— деді.

Иванович бір қолтық “делоны” әкеліп, үстел үстіне салақ қатынның ұршығындай қоқытты.

— Мынау комиссиянікі, жұмыс жоспары.

— Доложить.

— Бұл түнеу күні, сіз жайлауға кетпей келген. Кешіккен жоқ па?

— Да, кешікті. Отложить.

— Мына біреу 4-інші ауылдан, обществосы тоқтамы екен. “Асыгыс” депті, кургакшылық тулы...

— Доложить.

— Қазақ тілінде екен оқи алмаймын ғой.

— Тогда отложить.

— Мынау, егістікті бөлетін комиссиянікі план

— Доложить.

— Мұны мен әлі оқып шыққаным жоқ.

— Отложить.

— Мынау салық санағы туралы бір материал

— Доложить.

— Сіз кетер кезде келген.

— А, отложить.

— Мыналар — президиумның тоқтамдары. Ба 17 тоқтам. Қыстан бері қол қойылмай накопляют етіп жатады.

— Пока отложить.

— Мынау біздікі учреждениенің үш айға қалғандарның планы.

— Доложить.

— Аяғында бітпегені бар.

— Отложить.

Осы ретте доложить пен отложить автоматимылында алма кезек айтылып отырды.

Шалқыбай шалқып шылымды тағы сорды. Алды дағы түйеден түсірілген жам жүктей көп қағаз қарап, өзінің “деловойлығына” насаттанды. Көңі көтеріліп, көкбұйра түтінді ұзартып, қарсы отырғанда қасқа басты асыра, бір үрледі.

Телефон шылдыррр...

Шалқыбайдың қолы тұтқаға машинадай шап етіп түсіп, құлағына қойды да:

— Да... да... да... через пять минут... Александр Иванович, бүгін II-де менің бюрода докладым ба екен.

— Не турадан?

— Понимаете, мені түнеугіде “Бюрократизмге күресу” деген комиссияның председателдігіне бюрократ сайлап қоймап па еді? Міне, енді сол туралы отчетыңды талап етіп жатыр. Тезірек, пожалуйста, материал дайын болсын... деп, Шалқыбай мундштугін күлін түсірді.

— Сізге қандай материал керек?

— Барлық мәселе туралы, то есть обо всем...

— Сіздікі доклад о борьбе с бюрократизм турада болса, сол турада...

— Нет, Александр Иванович, хотя мой доклад бюрократизммен күрес болса да, сауалдар бар мәселе туралы беріледі, ол ақиқат. Осы күнгі докладчикті қолға түскен ұрыдай қылатын салт жайылды ғой. Сондықтан биылғы уездегі жұмыстардың основной моменттерін құшағына алатын материалдар менің қол астымда болуы керек. Мәселен:— деп, көзін шырты жұмып жіберіп, саусағын санап ала жөнелді:

— Бірінші — бағаны арзандату туралы; екінші — егіс-шабысты бөлу; үшінші — ауыл кенесін ірілендіру; төртінші — алдымыздағы міндеттер; бесінші — қазақыландыру.

Бір қолының саусағын тегіс жұмып, жұдырық жасады да, енді бір қолын тарбитып:

— Алтыншы — о рационализации работ советских и общественных учреждений; жетінші — об удешевлении госаппарата; сегізінші... дей бергенде телефон тағы шылдыр ете түсті. Шалқыбай:

— Да,— деп, тапыр-тұпыр тұтқаны қоя салды да:

— Александр Иванович, мені бюро шақырып жатыр. Пожалуйста тезірек! Жаңа айтылған основной моменттер туралы материалдарды, цифровые данные-ларды менің артымнан жібере ғой. Мен семеный садтан сусындай тұрам. Обязательно тосам. Пожалуйста, тезірек! Пожалуйста, тезірек!..— деп, жирен портфельді іліп алды да жөнелді.

Шалқыбай есіктен шыққанда күткен көп қоғадай жапырылды. Біреуінің бір ауыз сөзге батылы бармады. Тап-түп басып тақтай табалдырықтан түскенде, жылпың кучер екі торыны ұршықша үйіріп, есікке тосты.

Ойнақтап екі торы жөнелді. Сиырдың бүйрегіндей кивадаң құралған қарақұрық көп, кеңсе алдында Шалқыбайдың шаңына қарап қалысты.

1927

Төрешілдіктің түрлері

Бала күнім. Қарысбайдың Баяуы деген әйел күбідей жуан, сары кісі еді. Төсегінде жатқанда сол

кісіге бүйі тиіпті. Өнебойы көгілдір тартып, тала ратып, көзі-басы көнектей кеуіп ісіп кетті.

Бұған Құлмажан деген дарымшы дем салып оть Құлжекеннің қайдан ұстағанын кім білсін, қамыс екі бүктеп басына бір бөрте шаптар бүйіні қыс алыпты. Оны, істікке шаншып отқа пісіріп отырғ адам дерсін. Қолындағы бүйісімен окталып, өлім боп жатқан Баяуды шошытып қояды. Өзі міңгірл бірдеңе оқиды. Сонда айтатыны:

Бүйі-бүйі — бүйтан,

Қайдан келдің сайтан!

Андаусызда келіпсің,

Абайсызда тиіпсің.

Кеше келген жөніңмен шық!

Тақ Сүлеймен пайғамбардың

Демімен шық!

Сүфү!.. Сүфү!.. деп емдеп, демдеп жатқаны ә есімде.

Есіңе бұл қайдан түсті дейді екенсіз, мынадан:

Бүйі деген улы күрт. Мал жайған қазаққа таны Улы карақұрттың(скорпион) бір руы. Аяқтары ақ биған, мүйіздері шалжиган болады. Түкті қарас болады. Бөрте, шабдар, сары аласы болады. Өрмекшідей тор жаяды. Жусан-жусанның түбінді ши-шидің басына ұялап, балалап отырады. Жалп айтқанда, өмірдегі қулығымен де, түсіні суықтығымен де кеңсеге бітетін бюрократтан айырм танығысыз болады.

Менше бюрократшылдық — бүйішілдікті ағайын-тағайыны. Оның да ұясы болады. Ол да ули жәндік. Бұл да шағады. Шаққан жеріне зәрін жаяды Олай болса, бүйі мен бюрократтың арасындағы айыр ма қайсы?

Бюрократ бүйі болмасын, ендеше ауру. Аур болғанда жүкпалы. Жүкпалы болғанда — мандам Мандам болғанда — ашса арылмайтын, қазса ар шылмайтын түпкір-түпкірдің бәріне ұялап жұмыртқалап жатқан бір дерт. Мұның түп атасы — кешегі құлаған қу өкімет. Соның қалдырған мұрасы Соның еккен шешегі. Ұясы біздің тұрмысымыз. Бұдан құлан таза болып арылғанымызша әлі алыс. Арылғанша күресіміз күрес! Бірақ, күресу үшін алдымен оның не екенін білу керек қой.

— Ия.

— Олай болса, төрешілік деген не? Қалай бала-лайды? Қалай өседі? Белгісі не, бет-ауызы қандай? Қайдан табуға болады?...

Міні, гәп сонысында. Осыған келгенде қандай қырағы, қандай білгіш болса да бір мүдіреді. Жел-кесін бір қасиды. Өйткені, “төренің түрі мынау, мы-нау төрешілдік белгісі” деп үстінен түсерлік таңбалаулы төре жоқ; мұрнына жіп тағып бұлаңдатып жетелеп жүрген төрешілдік жоқ. Бәрі бір қалыпты адам. Бәрі бір өзінің мойнындағы жұмысын атқарып жатқан, қасқарып жатқан қызметкер. Бәрі — түйіктеп жазып жатқан, сызып жатқан ме-кеме. “Төресің” деп түп етегінен жабысуға не хақын бар.

Но, былай дағдаруға болмайды. Рас, төре-шілдікпен күрес дедік; деген соң табу керек, тану керек. Төрешілдігің табылмаса, төрең танылмаса айдаладағы талмен күресермісің, қамыспен алысар-мысың? Қой, жолдас, мұныңыз қайрат ықтияты бол-майды. Табу керек. Табылады да. Табу үшін танауға саусақ тығып отырмай, іздеу керек. Төрелерді таңбалау керек.

Олай болса, отырмалық. Қазақстанның қала-да-ласын аралалық. Ойын-қырын кезелік. Үлкен-кіші мекемені бір-бір сүзелік. “Мынау төреу-ау” деген күдікті адамдарымызды алдыңызға танауынан жете-леп тізелік. Жарайтынын алыңыз, жарамайтынын қалдырыңыз. Күресетінімен күресіңіз, тазалайтынын тазалаңыз.

— Ал, айт!

— Айтсам, бюрократың жастау болса, бұйра ша-шы болады; кәрілеу болса, қасқа басы болады, алтын тісі болады. Желіндеген жирен биедей буаз портфелі болалы. Тықылдаған таяғы, сықырлаған аяғы болады.

Жиектеген ерке қатыны болады. Ол ерке әйелді базармен екі ортаға дамылсыз таситын мекеменің аты болады. Күндіз-түні квартирасына корзинкамен бетін жауып бутылка таситын кучері болады. Бұған не айтарсыз?

— Бұл емес. Әңгіме таяқта емес, аяқта да емес; түсінде де емес, тісінде де емес.

— Енді несінде?

— Ісінде.

— Ендеше:

Үлкен кабинеті болады. Ішінің бәрі іліп тасталғ көсемдердің суреті болады. Бір жерінде өз суреті ілулі тұрады. Қызылды-жасылды шұғамен шырм тастаған қаракүрең үстелі болады. Есігінің сырты “докладсыз кірме” деп жаздырып қояды. Өзінен-ө бөртіп, кеудесін көтеріп отырады. Анда-санда әр илігіп қоластындағы жампаң-жорға қызметкерлерд қағазына қабағын түйіп қол қояды.

Болмаса, өзінен-өзі шала бүлініп, үстелге арп лып телефонға шатылып шаңылдасып жатады. Осы дай қылығымен жұмысы боп кіргендердің жүрег шаяды. Кісіге сөйлеспеске бұл да бір әдіс болады.

Болмас, келушілерге керенеу қарайды. Қабағ түйеді. Арыз алмайды. Сөйлеспейді. Айбарме ызғармен адамды үркітеді. Бұған не дейсіз?

— Бұлар да емес.

— Ендеше:

Мекемесінен бір табылмайды. Өмірге орнын с палайсың да отырасың. Басы жоқ мекеменің ө сүйегі, күр кеудесі ғана тұрады. Не жақсы, не жам жауабын ести алмай, неткен адам екендігіне көзі жетпей, күтумен, іздеумен өмірің өтеді.

Болмаса, алты ай қыс, алты ай жазға мек месінде бес күн торымайды. Мәскеу, Семей, Алматы Адай, Ақмола, Қызылорда, осы орталарды кезіп жү дегенді Ұзынкұлақтан естисің... Әлде сондай мәңгілі командировканы маңдайына жазған адам ба еке дейсің. Әлде мекемесіне келетін кісіден ығыр болы қашқалақтап жүрген сырдаң саяқ па екен дейсің.

Болмаса, жазатайым жолықтыра қалсаң, басын ақырзаман орнан тұрады. Екі иінінен демін алы аяғын азар басып тұрады. Өзінен-өзі сасып тұрад Алақтайды, далақтайды. Қынжылады, ренжиді. Ө қабырғаң қайысады. Аяйсың. “Солай шығар” дейсі Түңілесің: Түк өнбейді. Жұмысың бітпейді. Күнд ертең... Бұған не дейсің?

— Бұл да емес.

— Ендеше:

Мекемеден бір де шықпайды. Әр уақытта о үстелінен, күтты орнынан табылады. Қарынның күлі болады. Өз жұмысын адамшылық, жұртшылы міндетім деп ұғынбайды. Мекемені сауын сиыр, өзі жетім бұзау деп біледі. Отырған орнын — тиы өнетін, күн көретін ауқат, жан асырайтын жер деп түсінеді. Жүріс-тұрысы, ісі-жұмысы осы қалыпта бо

лады. Тек, түйдектеп қағаз жазып, ерте келіп, кеш қайтып жүре береді. Сол күйлі бір қалыпты сүр өмірі өте береді. Кете береді. Мекеменің жағдайына әбден қалыптасып алады. Көзге көрінетін бір жұмыс болмайды. Мұны не дейсің?

— Бұл да емес.

— Ендеше:

“Төрешілдік — төрешілдікпен күреспеу болады” — деп біреу сапырады. Төрешілдікпен күресу жайында дырдау-дырдау баяндама жасайды. Газеттерге етектей-етектей мақала жазады. “Төрешілдікпен күресу керек!”, “Жою керек!”, “Күрес!”, “Күрес!” дегенде қызылөңеші айналып, кеңірдегі қылқылдайды. Күре тамыры адырайып, екі көзі бажырайып, екі езуінен көбігі ағып, бураша шабынады. Мұның бар долылығы осы болады. Төрешілдікпен күреске сөзден басқа іс жүзінде соқыр тиын жылу қоспайды. Өз айтқанын өзі қылмайды. Мұны не дейсіз?

— Бұл да емес.

— Ендеше:

Өзін әрі білгіш, әрі дұрыс санайды. Өзгеге өзін “жетекші” санайды. Қатқан ағаштай қақырайып қалады. Сүйтіп көпшіліктен айырылып, алыстан қалғанын білмей де қалады. Оны мойнына алмайды, омырау қылады. Мұрнын көтереді. Бұған не дейсіз?

— Бұл да емес, жолдас, бұл да емес.

Бұл айтылғандардың бәрінің төрешілдікке жататындары рас, бірақ, әрқайсының әр түрлі жай-жағдайы болады. Бір түрінде неше жүздеген адам болады. Және бір талайы бір кісінің басынан табылады. Жалпы айтқанда, жоғарғы мінездердің барлығы да төрешілдіктің анайы түрі; кесек түрі болады. Оның иесін адырға шыққан ажалды киік деп білу керек. Өйткені, бүгінде еңбекшілер санасы ашылып қанан, көпшілік көзі көруге үйреніп келеді. Айтылғандар сықылды адырдағы ажалды киік тез көзге түседі. Көзге түскен соң, сөзге түседі. Сөзге түскен соң тезге түседі. Тезге түскен соң, не түзеледі, не жардан жапалақтай ұшады.

Шынайы бюрократ ондай болмайды. Ол — әрі білімді, әрі қырағы болады. Ол іс біледі. Істей біледі. Ол сөз біледі. Сөйлей біледі. Шешен, майда, жылмаң, жылпың келеді. Ешкімге отказ бермейді. “Болмайды” демейді, “Болады” дейді. “Жарамайды”

демейді, “Жарайды” дейді. Келген адамды бірде бірге сырғыта біледі. “Резолюциясын” дер кезінде салады. Өзінен аударып, өзгеге сілтей салуға маст келеді. Өз жұмысын өзгеге істетеді біледі. Өзінен өзге әуреке сала біледі. Сандалта біледі. Қаңғырта біледі.

“Күресу керек!”, “Жою керек!”, “Істеу керек!”, “Тазалау керек!”— деп тандайын сауады. Ұдай аузынан төгіліп отырған “казналық” қалыпшпақты сөздері болады. Оларды:

Келусіге(согласовать), жете істеуге(проработать), жоспарлауға(планировать), дәлдеуге(обосновать), шара қолдануға(принять меры), анықтауға(выяснить) деген сияқтылар болады. Осыларға тоты құста үйреніп алған болады. Алдына келісімен аузы осымен кетеді. Мұнсыз да бітіп қоя қоятын жұмысқа осын қыстырмай, осылармен созбалауға салмай көңі көншімейді.

Міне, төрешілдіктің адырға шығып ажалды болмайтын, тез көзге түспейтін; тереңнен жүзетін түрлері осы тәрізді болады. Бұлардың ұясы мекемелердің сыртқы денесінде емес, ішкі сарайында жатады. “Сүйегіне” бітеді. Мұны табу өте қиын болады. Байқалмайды. Сондықтан мұндайлармен күрес те өткір қиынға соғады.

Бірақ, менің ойымша, мұның бәрі қаланы төрешілдігі, қалыптасқан төрешілдік сияқты. Бізді қазақтың төрешілдігі өз алдына қазақылау болады. Майдалығынан дөкірлігі көп, нәзіктігінен ұлықтығы басым, былығы мен шылығы араласқан дүмбілез шикілеу болатын сияқты. Олардың бар сүйген бұйрық, бар қорқатыны қағаз сияқты. Мекемені — ел үстінен бұйрықпен қарайтын, мекеме адамдарын — елді қалай болса, солай айдайтын бік жойайын деп ұғынатын тәрізді. Кеңес мекемелер еңбекшілер көпшілігімен мидай араласып істейді деген өңі түгіл, түсіне де кірмейтін сияқты. Қолы не жазғанын басы байқамайтын, кеше не қылғанын бүгін білмейтін сияқты. Қысқасы қазақ төрешілдігі, зиялысы мол, маманы көп, чиновнигі шебер халықтың төрешілдігіндей майдабике, нәзік емес, “Түрі — қазақтық, мазмұны бюрократтық” болатын сияқты. Алды-жұлды, ұрды-жықты, бұйрықты, бұйрықтан асса жұдырықты, о жарлау, басын жарып, көзін шығаратын мұрындықсыз бұқадай, атан түйенің тайрақтағанындай, сөкелет болатын сияқты. Ауылдық.

аудандық мекемелердің мінезінде үлкен қаладағыдай майдабике сыйлап, қорлау болмайтын сияқты. Бар білгені — қуып кел! Сүріп кел! Байла! Айда! сияқты. Бұған дәлел керек деп дауласатын кісі болса, күні ертең Қожанасырша ұрлап сойған тайыншамның терісін алып шығып, мал иесінің бетін айдай қылатыным анық. Оқушы, бұған иманыңыз камил болсын!

Біз мұнда төрешілдікті бір шолып өттік. Жалпыладық. Төрешілдіктің түр-сипатын өзімізше суреттедік. Қала, даланың үстінен қанат жайып бір қалықтадық. Елкімнің атын атап, көзіне шөп салмадық. Әйтседе, төремінездінің төбесіне шүкпидық. Қызым, саған айтам, келінім сен тыңда дедік. Ененді сөккенді емеуіңнен таны дедік. Ақымаққа айғай, ақылдыға ишара дедік.

Енді бір әңгіме қалды. Ол не десеңіз, өзді-өзімізді сынау. Өзді-өзімізді сынау есебінде осы жөнінде өзді-өзімізге сұрау қойсақ қайтеді? Жоғары сыпаттардан ат ылауы аман қайсымыз екеміз? Бұл мінез, бұл қылықтар түгел болмаса да, жұғындысы, қырындысы қаламызда да, даламызда да, үлкенімізде де, кішімізде де жоқ па екен? Осыны оқып отырған азамат (егерде мекеме қызметкері болсаң) расыңды айтшы, жоғарғы мінездің басында қаншасы бар екен? Жасырмашы, егер де жасырсаң, сен де сау сиыр емессің. Білем. Мен де “сау” емеспін. Жасыратын не бар?

Сонымен сүйтіп, сөз іргегін жиямыз. Жиғанда төрешілдіктің түрін табуды, түсін тануды кенес, партия жұртшылығына тапсырамыз. Төрешілдіктің толып жатқан түрлері ішімізде балдай батып, судай сіңіп жатса да еңбекшілер көзі қырағы дейміз. Төрешілдіктің түрін табуда тап бастырып, тамырын ұстап, ауруын айтқан көсемнің: “қисынына келгенде ондау, шынына келгенде қорлау (формально прав, по существу издевательство)” дегені төрешілдікпен күресте еңбекшілер қолындағы шырағы дейміз. Жұртшылық денесін бюрократизм сықылды бүйірден, төрешілдік сықылды дерт-дербезден айықтырады, сауықтырады дейміз.

Бюрократ — бүйтан
Қайдан келдің сайтан!
Андаусызда келіпсің,
Абайсызда тиіпсің.

Лениннің сөзімен шық!
Еңбекшінің тезімен шық!
Сүфу-сүфу!

Хан адвокат

... Мен болсам, о дүниеге кетіп барам...
Осыны іші ауырып жатқан Ырай деген айтыпты
Әңгіме былай:

Ырай біздің елдің адамы. Жарлауыт қабақ, жауырынды, еңгезердей кара кісі еді. Ырай өзі өзінше, “осал” санамайды. “Досан” деген ауылды “адамы өзім” дейді. Осы пікірді жүрісімен де, сөзіме де жұртқа жайғысы келеді. Екі сөздің бірінде “Бізді Дөсекең” деп ширатылады. Бірақ, Досан бітке Ырайды елемейді; “адамымыз” деп ақыл салмайды. Ол елдің бес жасар баласы да Ырайдың тілін алмайды. Бірақ, оған Ырай мұқалмайды. “Досан иесі өзім” деп ұғынады. Досанды сыртынан шөлкемдейді. Қамқорлық қылады.

Осы Ырай иістенген іркіт ішіп қойып, іш ауырыпты. Кара ешкі сойдырып, шарбысына ораныпты. Тәуір болмапты. Құлқыны жаман, қуқылдау бібақсыға құмалақ салдырса:

— Жаназа түсе береді. Жазым болмасаң жара еді, садақанды сауда бер!— деді.

Ырай ақірет камын жей бастапты. Ағайынды жидырыпты. Өлсе қайда қоятындығын, жаназаға қайқай елді шақыратындығын, намазын кімге оқыттыратындығын өсиет етіпті. Бү жағын тәтпіштеп болған соң, жалпы “Досан” мәселесіне көшіпті:

— ... Мен болсам, о дүниеге кетіп барам... Қалған кара Досан не болар?.. Кара қазан, сары баланың қамы үшін қандай адам қайғырар? Біздің Дөсекең ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпес пе? Бөрінің боғы, бөкеннің сирағы болмас па?.. Қайтейін, қалқам, қайтейін! Досан сорлы ауылсын. Мен маңдайларыңа сыймадым. Қазам ерте келіп отыр. Дөсекеңнің тайын алаштың атынан озғызып, абыройын ел алдына шығарсам ба деп арман қылушы едім, дегеніме жетпей, желкем қиылып отыр. Мен болсам, о дүниеге кетіп барам...— дегенде отырған ел ду күліпті. Күлгеніне себеп — ексу, үшеу:

Бірінші — Ырайдың ауруы — іштің өткені, ішінің өткені — иістенген іркіт ішкені. Осыдан осынша сасар ма, ағйынды жинатып, қатын-баласын шулатып, үйін у-шу қылар ма?— деген.

— Екінші — Ырайдың “қазам ерте келіп отыр”— деп қынжылып ақирет сапарына азар кетіп бара жатқандығы.

Үшінші — қалған қара Досанға қамқорлығы. Ырайдың бұ дүниеге келгенінен, о дүниеге кеткенінен қара Досанға келер-кетер ине сабақ жіптің жоқтығы.

Ырайдың көңіліне келсе де бұған Дөсекендер қалай күлмесін?

Сол Ырай әлі тірі.

* * *

Ырай қызық кісі. Ауызы орақ орады, белі ауырмайды. Көңілі пырақ, шабады, болдырмайды. Сүйетіні мақтан. Бөртеді, шертеді. Осы Ырайды қалай ұмытарсың?

Ырай “чудак” кісі.

Сол Ырай қыс ішінде Қызылордаға келіп қайтты. Өзгерген. Өзге түске түскен. Иісі күлімсіген кемболат тысты, битті күпі үстінде жоқ, тышқан жағалы пальто; албыр-салбыр кісе жоқ, сыпыра қадаған сыдырғы екі қатар түймелі омырау; қара лактың терісінен жабасалды тымақ жоқ, жібекше белдеулі, америка фасонды сұрша қалпак; енем үйінің іркіт сабасындай шалбар жоқ, сып борбай брюка; қонышы күшак, сасық табанды саптама жоқ, күрең сары штиблет, галош; есіз қыстаудай анырайған алқам-салқам омырау жоқ, крахмал жаға, жібек галстук; бурыл жылқының құйрығындай ақтылы-қара сақал, мүрттан қылтанақ жоқ, кемпір ауыз, көк тұқыл иек; Ырай әбден түлеген. Өлі жүні түскен. Өзгерген.

Жалғыз өзгермегені — өлі сүйегі, жарлауыт қабағы, пышақ жанығандай жағы, қошқар тұмсығы, орт сондірген көсеудей өңі, түйедей тұлғасы.

Тіпті өзгермегені — мінезі. Ұрман-бермен орамалығы. Арсы-күрсі ала құйындығы. Алдындағы кісінің аңғарымын ағындап отыратындығы. Тіпті өзгермегені — шолақ атқамінерлігі, өтірік қамқорлылығы.

Поезд, вагон. Бір топ адам әңгімелесіп отыр. Ташкенде оқитын Күзденұлы Әбдестердің қақ ортасында Ырай. Баяғы өзі, баяғы сөзі:

— Е, жастар, жарық жалғанды айтсаңшы... Мен болсам о дүниеге кетіп барам... Қалған қара Доса не болар? Қара қазан; сары баланың қамы үші қандай азамат қайғырар? Біздің Досан ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпес пе?..

Ырай дәл баяғысынан бастады:

— ... Бүгінгі заман — заман емес, аз ғана ауы Дөсекең (Қазақстан) атағы болмаса, әлі Россияға бағынып отыр. Бағынғаны былай тұрсын, Қазақстан Россияға жем болып отыр. Оған мысал, осы күні Қазақстанда үн жоқ. Жұрттың бәрі нанға зар. Со аш Қазақстанның өзі Россияға 35.000 пұт үн жіберіп отыр. Ол ол ма, қазақтың жерін орыстың мүжықтарына алып берейін деп отыр. Басқа беріп жатқан тері-терсек заттардың есебі жоқ...

... Бірақ, заман өтеді. Өзгереді. Түбі қазақ Россияға бағынып отырмайды. Күндердің күнінде өз алдына өкімет болады. Сөз жоқ...

Ырай осыны түйдектеп айтып бір тастады да мәселесінің борбайын тым жоғары көтерді:

— Әсіресе, Америкада жұмысшы тұрмысы жақсы. Біздің комиссарларымыздан артық тұрады. Басқасы былай тұрсын, әуелі үй арасына жаяу жүрмейді. Автомобиль. Керек десе, тамақтарын да өздері тасымайды. Есіктерінің алдында почта яшигі бар. Не керек болса, бәрін сонан алады. Айлық ақшаны көп алады. Ең түк білмейтін жұмысшы күніне 12 сом алады. Ондай қарны тоқ, қайғысы жоқ жұмысшының төңкерісте несі бар? Олардан төңкеріс дәмету — бұқадан сүт күткенмен бірдей...

Ырай осыны айтып қатты күрсінді. “Мынау Алматының сары бүйрасы” деп қасындағыларға шылым ұсынды. Енді сөз шылбырын жиюға айналды:

— Жастар, көп айтып не керек. Аз ғана ауыл Дөсекең — қазақ халқы қазір ел болуда емес, жем болуда. Жалғыз үміт өздерің, өздеріңдей оқып жүрген жастар болмаса... біз болсақ, о дүниеге кетіп барамыз...

Ырай осыны айтқанда бағанадан тығылып отырғандар ду күлді. Ырайдың мойнына су төгілді. Конне көңілінің ішін жарып, шер тарқатып, қырындысын қалдырмай ішек-қарнын ақтарып отырғанда мыналардың күлгені. Ырайға ауыр тиді. Төбесінен төмен қарата мұзды су құйылды. Саясаттың сәудегерлігін тастай беріп:

— Арысқа келіп қалғанымыз ба?— деп терезеден мойнын созды.

— Ендеше, қош болындар, мен болсам, Алматы кетіп барам!..

* * *

Ырайдың ендігі әңгімесін вагонда қалғандар қозғады:

— Әлгі осы “қамқорым” кім өзі?

— Ағаң.

— Қай ағам?

— Интеллигент.

— Қай интеллигент?

— Адвокат.

— Қай адвокат?

— Хан адвокат.

Қарқ-қарқ күлісті.

— Что, ты с ума сошел? “Хан адвокат” деген бола ма? Бірінші — хан орта ғасырдың омыртқасын мүжіген, феодал. То есть, элемент консервативный. Екінші — адвокат интеллигент. 20-сыншы ғасырдың кара көзі, то есть элемент прогрессивный. Осы екеуі қалай бір кісінің басында болады? Совсем невозможно!— деді бір оқушы.

— Ой, товарищ, өзің с ума сошел. Қазақтың басына бәрі де сыя береді. Шәгіңе шаһитым бар. Сомненияңа фактім бар. Орыстар айтқандай “факт” сөйлемейді, ұрады; тыңда:

— Бұл — юрист. Присяжный поверенный адвокат. Бүгінде қорғаушы, Бұл, “Алаш” кіндігінің ағасы, батыс орданың төбесі. Байшыл, ұлтшыл, жәдитше айтсақ — тараккишыл.

— Ендеше, элемент “прогрессивный”.

— Бұл орданы молдамен толтырған. “Алашорда” қозғалысының, ақметше, қазіретке аят оқытып ашқан. Неке, талақ, әйел мәселесі сияқты суд шешетін жұмыстарды шарифат үкіміне, қазы үкіміне берген. Молдаларша айтсақ — құдайшыл, құраншыл.

Бұл Алаш өкіметі боп тұрғанда кара кілемге түсіп, хан көтерткен. Өзін “кіші жүздің жиырмасыншы ғасырдағы ең соңғы ханымын” деп жариялаған. Өзінше айтсақ — хан.

— Ендеше, элемент феодальный, консервативный...

— Міне, осының бәрі жаңағы сойдауыт қараны бір басындағы бақ пен атақ.

— Енді кім болды?

— Рас өзің айтқан “Хан адвокат” болды.

— Шынайы чудақ екен!

Отырғандар тағы күлісті.

Осы әңгіме біздің қолымызға түскенде біз тағ күлістік, күлетінімізге себеп бірнешеу:

Бірінші — ат сыры иесіне мәлім. Ырай сыры Досанға мәлім. “Хан” сыры қазаққа мәлім.

Екінші — ханның “қазақтың қамқоры едім” де гендегісі бай, сәудегер, молдалармен орда құрып қазақтың қанын төккендігі, шаруасын шапқандығы.

Үшінші — кешегі “Оралдың ақиығының қартайып, тышқан аулауға айналғандығы. Вагонның бір үйшігінде отырып қалған мүсәпірлігі, мысық қамқорлығы. Саяси сәудегерлігі.

Төртінші — бұқаның өзі қартайса да мұрны қартаймайтындығы. Қайда жүрсе де “қазағы үшін” бір мөңіреп қоятындығы.

Бесінші — сынауына, мінеуіне жинаған дәлелдерінің өте күнарсыздығы. Мәселен, “Кеңе Одағындағы елдер Қазақстаннан 35 000 пұт бидай қағыстырып алып қойды” дегені, Қызылорданың бір-екі нан дүкенінің алдында “очередь” көргендігі Бай, сәудегерлердің астық базарынан айрылғандығы.

Алтыншы — дүние төңкерісін қалай да болдырмауға ықыласының қатты құлайтындығы. Оған дәлелі — автомобильдің Америкада жасалатындығы; “Америк жұмысшыларының есік алдындағы кішкене ящикке тамақ, басқа керек-жарак келіп тұрады” дегені.

Жетінші — осының бәрін айтып келіп ағайындарымен қоштасып:

— Жалғыз үміт, оқып жүрген жастар, сендерде Сендерден үміт болмаса... Мен босам, о дүниеге кетіп барам... дегені.

Геройдың көңіліне келсе де бұған қалай күлмелік!

О дүниеге кетіп бара жатса, Ырайдың да, Жаншаның да иманы жолдас болсын!

Құқ

Жиылыс ашық.

Өкілдің мойнынан баяндаманың қарызы түсті. Сұрау да бола қойған жоқ. Бола қоймаса да “сұрау тоқтатылсын” деген ұсыныс кіріп қалды. Әрине, докладты бір дауыспен “көңілге алатын” болды. Сонымен екінші мәселені солай нетіп, үшінші мәселеге “көшті” жиылыс бастығы:

— Кәне, жолдастар, осы ауылдағы құқығы жойылатындарды атаңдар...— деді.

Комсомолдар яғни бозбалалар шу ете түсті:

— Сұрпақпай, Серпеңбай, Тышқак, Жаманауыз, Жыланкөз... Бұқамойын, Бұзаутамақ...

Жиылысты той бастағандай қылды. Аттары аталғандардың бәрі де қағазға қозыдай көгенделді. Бейсембай жолдастың еріккенде жазып тастайтын дөкей романындай кітап болатын список жазылып қалды.

— Жойылатындардан құқығы жойылмай ешкім қалмасын!

— Қалмасын! Қалмасын!

Зікір деген қауынбас комсомол қалғандарды қарастырып ойлап отыр. Ауыл ауылды ата жөнімен кудалап қарастырады. Қарастырып отырып, алты үй Арғындарға келді. Арғын ап-аман. Арғынның бәрі де құқықымен жүр. Алты үй Арғыннан бір адамның да құқығы жойылмапты... Бұл Зікірдің ішін жарып кете жаздады:

— Уа, маған сөз.

— Ал айт.

— Бегімбет.

— Неғылған адам?

— Әйтеуір зиянды адам. Жойылсын!

— Әбділдә.

— Не болған?

— Суд астында... Құқығы жойылсын!

— Дүйсекейдің Қаратайы қалмасын!

— О, кім еді?

— Ауызының қисығы бар адам. Құқығы жойылсын!

Жиылыс жабық.

Өкіл ауданға тартты.

* * *

- Бөтен-бастан тіл бар ма?
- Ауданнан кісі келіпті. Жиылыс болыпты. Се “күк” бопсың.
- Аласалау келген, апыл-қапыл сөйлейті күйгелек Қаратайдың қоян көзі, ошақ болған сиырдай, алайып кетті.
- Ой, денің сау ма, не айтып тұрсың?
- Күк бопсың деймін, жоқ бопсың! Әкесі өлген де де естіртеді.
- О не болғаным?
- О не болғаныңды өзің білесің де.
- Мен қайдан білейін? Мен де білмеймін ешкім де білмейді. Тек жиылыс болыпты, қалада адам келіпті “күк” кып кетіпті, дегенді естідім. Естіткен құлақта жазық жоқ. Қызарақтама!..
- Күк — дейді?
- Е, күк.
- Суд емес пе?
- Ай, суд болмас...
- Протокол ме?
- Ай, білмеймін...
- Конфиске болмасын?
- Болса сол сияқты бірдеме болар.
- Конфиске шонжарға келген селебе. Менде не бар?
- Әйтеуір жақсылық емес. Өйткені сенімен бірге күк болғандардың ішінде бұрынғы болғандардан да молдалардан да бар екен десті ғой.
- Қаратайдың көзі бағжия түсті.

* * *

- Қаратайдың ауылында кедейлердің жиылысы болды. Бұл жиылыста ауыл совет, ауыл, ұя сайла туралы үгітші, газеттің адамы бәрі де келе қалды. Қаратай тайлы-таяғымен жиылысқа жетті. Ауданды жиылысқа кедейлерден өкіл сайланып бола бергенде Қаратай қалтырап тұра келді:
- Маған бір ауыз сөз...
- Айтыңыз...
- Айтсам, анау күні мен “күк” болыппын, бұлардың не?
- Отырған көп Қаратайдың ауызына қарады.

— Ойбай, шырағым, білмеймін. Осындағылар “күк” болдың деп жүр. Ай, Қасен, онысы не еді? Айтып жіберші...

Жұрт күлерін де күлмесін де білмеді. Қаратай бойын тоқтатыңқырап алып, жаман жарық қазанға бидай қуырғандай қылды.

— Мені Зікір дейтін бір бала күк босын депті. Менің о балаға не жазығым бар екенін білмеймін. Жұрт, отырсындар, менің “күк” болатын күнәмді мойныма салындар. Өзіме өзім жетпей отырған қызыл сирағынмын. Ата десен, ел ішіндегі алты үй Аргынбыз. Ауыл совет, сен сөз тыңда. Осы алты үй Аргындардан үш адамды күк қылыпсындар. Осы көкірегіңе сиып-ақ тұра ма? Әбділда суд астында болғандықтан күк болсын. Ал, Бегімбет қалайша күк болады? Бегімбет күк болғанда, Жалпак, Молжан, Ысқак, Тоқаш неге күк болмайды? Біздей кірме болмай, іргелі ел болғандықтан, Сумұрын, Серкеш (рулар)болғанға шығар. Өйткені, ауыл совет хатшысы Нұржан, сен Сумұрынсың. Ауыл совет ағамыз және ячейкамыз Еспай, сен Серкешсің. Сендер әр қайсың өз “ұлтыңды”жақтағансындар ғой, қойға кірген ешкідей ішіндегі бізді ғана күк қылғансындар ғой. Тіпті бүйтіп күк қыла берсеңдер қайда барып күн көреміз. Бізге мына азаматтардың алдында хат мөрінді беріп он бірінші ауылыңнан шығар, он екінші ауылға жазыламыз...

Қаратай осыны іркіт піскендей үсті-үстіне төпеп салдыр-күлдір айтып шықты да, іркіттен босаған сабаша құрысып орнына отырды.

Мұнан кейін ауыл совет ағасы ұғындырды:

— Байғұстың айтқаны рас. Алдымен аз ру Аргын екені рас. Әр нәрседен қағаберіс қала беретіні де рас. Күні кешеге шейін атқа мінерлердің осылардың үстінен түспегені де рас... Анау күнгі ауыл кеңесінің пленумында сайлау комиссиясы сайлаған. Ол комиссияға ауылдағы сайлауға қатысуға қазы жоқтардың тізімін жасауға тапсырылған. Сол жерде кейбір адамдар орынсыз да аталған. Соның бірі — осы Қаратай. Бұл ондайға ілігетін адам емес. Тұрған бойы осы. Мал дегенде екі-ақ қарасы бар. Бұл өзі қаудырлап көп сөйлейтін адам, сондықтан Зікір деген бала:

— Ауызының ебі бар, күқықы жойылсын,— деп қара тізімге атын атап жіберген білем. Әлі де сізді

аудан “күк” қылып қоймаса, біз сіздің “күк” болмауыңызды қолдаймыз...

Ауданнан шығып сайлау жайын түсіндіріп жүрген екіл де, газеттің адамы да сайлауды сақ жүргізудің керектігін, сайлау билігінің еңбекшілер көпшілігін өз қолында болуын, сайлауға еңбекшілер жауап бұрынғы болғандар: молдалар, байлар, байдық қүйыршықтары, қулар, атқамінерлер, сәудегерлер кіре алмайтындығын, сайлау еркінен солар айырылатындығын, сайлауда сондай қате “асығыстық” болмау үшін өкімет дайындық науқанын күні ілгері жүргізілуін ұғындырып, түсіндіріп жатқанын отырғандарды көкейіне құйды. Жиылыстағы өңкей қазанқап тыммақтар, қарға тұяқтар мәуедей салбырап тындады.

Қаратай маңдайынан терін сыпырды, бойы шым-шым су құйған сірідей былбырап сала берді.

• • •

— Уа, қатын!

— Уа, байғұс.

— Шайыңды қайната гәр. Құдай оңдады; “күк” болмаппын... “Күк” болатын мен емес екем... Сайлаудан “күк” болмақ тұрғай, сайлаудың иесі өзі екемін. Екеуміз де сайлауды қолдан жөнелтеміз екеміз. Сайлаудан “күк” болатындар: бұрынғы болғандар, молдалар, байлар, олардың қүйыршықтары екен...

— Байғұс-ау, “күк” болған Балжанның байы етікшіні қайтты?

— Е, оларды да тексермек болды. “Күк” болып кетсе де түзетеміз деді. Түзетеді ғой. Бол, деген шайды қауза...

Қаратай қаудырлаған сөзбен “бол!” деп тұрса да байыбына түгел бара алмаған қара қатын қалтиып тұрып:

— Онысы немене екен?— деді.

— Несі?

— Әлі, ана күні сенің болғаның?

— Әй, байғұс-ай, білмей тұрсың ба? “Күк” деген аты да айтып тұр ғой. Алдымызда ауыл советі сайлайды екеміз. Сол сайлаудан бұрын болғандарды байларды, молдаларды, солардың қүйыршықтары “күк” қылып айдайды екеміз. Біз масайрап ауыл

советін сайлап жатқанымызда ана сайлауға кіре алмағандар тоғайдан үріккен торайдай:

— “Күк-күк”— деп бізден, біздің сайлаудан үркіп жүреді екен.

Қара қатын:

— Бәсе...— деді.

1928

Сыйға — сый, сыраға — бал

Қазақ салған егіндей аламыштау сақалым бар. Алдырмаймын десем, әйелім тура тізе қылады:

— Жә, бар, алдырып кел, кім көрінгеннің ерекегінше аузыңды жүн-жүн қылып отырамысың?— деп, еріксіз айдап жібереді.

Амалым жоқ. Киреңдеп сақал күземімді алдыруға мастерге келем.

Менің парикмахерге келген сайын ренжіп келетін үш есебім бар:

Бірінші — әркімнің де мендей жекеменшікті сақалы бар да, әркім өз сақалының очеретінде отырады. Алматыда мастер аз. Үйі тар. Сақал көп... Көп уақыт кетеді...

Екінші — басының айналасына бақандай үш теңге алады. Тек иегіңнің өзін ғана майлатпай, ағартпай аттандырғанына сойылдай бір соманды алып қояды. Ақша сақалша өзінен өзі өніп отыратын нәрсе емес қой. Айлығыма түсетін ауыртпалық.

Бұларын да қойшы; көппен көрген ұлы той болар еді ғой. Әсіресе, парикмахердің бола бергенде иығына мініп алып жаудыратын сауалынан ығыр болам. Иесі пішенін шауып, кемпірдің май өкшесіндей қылуға тақалғаннан-ақ енді белгілі сұрақ басталады— деп қыпылықтап отырам:

— Бетіңізді майлайын ба?

— Жоқ...

— Бетіңізді жаңалайын ба?

— Жоқ...

Одеколонның бояулысымен бе, жоқ жай түстісімен-ақ па?

— Жоқ, сумен-ақ...

— Не дейсіз? Жай сумен бе?

— Жай сумен

— Одеколонмен жақсы ғой... Одеколон сән емес сәлеметтікті сақтауға жатады...

— Жок...

— Бетіңізді малалауға бұйырасыз ба?

— Жок — деймін. Әсіресе осы сөзі қытығым тиеді. Шамасы, мынау менің бетімді соқа салғанда айғызданып тұр деп ойлайды-ау деп, алдымдағы айнадан бетімді айналдыра қарап бір шолып қояй. Жок, бетім онша емес сияқты.

— Бәлкім компресс?

— Керек емес...

Бетіңізді ұндайын ба?

— Жок.

Шашыңызды дымдайын ба?

— Жок(өзім жалтырбас, қасқамын).

— Қына суымен бе?

— Жок. Жай сумен-ақ...

Сұрау бітеді. Сүйретіліп түрегелем. Маған ұсынған бір сомның чегін айыпті кісідей азар ала да, үйден ұрған итке ұқсап тысқа шығам-ау.

Бәрінен де көңіліме келетіні(тегі Алматыдағы парикмахердің басы аз, оның үстіне дәйім біреуіне-а келіп қырынып жүрем) мастер әрдайым әлгі сұраулардың астына алады да жатады. Ығыр қылды. Екі жылдан бері ол мені айналдырады, мен де болмаймын. Ол сондай сұрауға ауызы дағдыланып кеткен. Оның кәсіп боп кеткен сұрауынан құтыла алмай-а қойдым.

Бір күні, әй құтылдым-ау! Кезі келіп қалды.

Красный Крестің кабинетінде отырғанымда со парикмахер соқырішегін кестіруге келді. Мен доктормын ғой. Соқырішегін кесіп алдым. Дәрі иіскеткені жоқ, әдейі ұйықтамасын деп. Үстел үстіне сұлы жатқызып қойып, мен де сұрауға кірістім:

— Қалай ауырсынбайсыз ба?

— Ойбай-ай!— деді.

— Бұйырыңыз, бүйрегіңізді алып тастайын?

— Ойбай, жоқ...

Оң жағындағысын ба, сол жағындағысын ба?

— Ойбай!— деді.

— Бүйректің сыңары жақсы. Сыңар бүйрек сәні емес, сәлеметтікке жатады... Сестра, сайманды әкелші!

— Ойбай, қойыңыз!..

— Ал, ендеше, рұқсат қылыңыз, бір аяғыңызды жіліктеп тастайын. Аяқсыз адамды әр жерде ардақтайды. Нәрсені кооперативтен бір, кассадан билетті екі, очередсіз алып жүре бересіз.

— Ой, ой, доктор! Ешбір аяғыма тимеңіз, аяңыз...

— Ал, жарайды. Басыңыздың күйкасын тіліп, бас сүйегіңіздің жігінен азырақ дем шығарып қоюға қарсы болмассыз деймін? Ол саңылау басыңыздың форточкасы есебінде болады да, басыңыз замечательно жаңаланып тұрады... деп, пышағымды алып басына таман тап беріп едім:

— Уа!!!— деп, баж ете түсті.

Сонан бері сонау сұрауларды қайтып маған айтпайтын болды.

1922

Газет емес, концерт

Жаз болса-ақ кімнің... күрт кірмейді: отпускі, жайлау, курорт, Қырым, Кавказ... Уәйдәй, мекеме ұйқы-тұйқы болады. Алғашқы “зав” кетеді. Зав кетсе “ұзап” кетеді. “Зам” қалады. Аздан соң “зам” кетеді. Зам кетсе сонан арман кетеді. Хатшы қалады. Іле-шала хатшы кетеді. Делопроизводитель қалады. Делопроизводитель кетсе машинистканы ала кетеді. Сторожы қалады: Сүйтіп жазғы мекеменің жайы осылай болады.

Газеттер де осылай: шүү дегенде редактор “сам” кетеді, “зам” қолады. “Зам” кетеді, врид қалады. Жұмасында неше жаңа врид-тер келеді: Врид-тердің ішінде не көңілді, не ақын, не сауыққойлар келеді. Осымен бірге газетке жаңа түрлер келеді. Врид өлеңші болса газет те өлеңші болады.

Ал жазда желқолтық жұрттың бір сүбілесі артис халқы. Бұлар да тауға жиылған ешкідей өрген жұрт. Онан кіреді, мұнан шығады. Бірақ, бұлар көп шаршамайды, көп ауырмайды. Курорт іздемейді, қостап алысты(провинцияны) аралайды. Сауық қояды. Артистке біткен бұл мінез біздің артистерден де табылмайды емес. Әнші Әміренің Алматыдан жоғалғанынан бері біз алты айға бата қылдық. Сондай қостап шыққан ойыншылардың бір дырау труппасы жақында

Қостанайдың, кәдімгі өзіміздің мына Қостанайда үстінен түсті. Труппа составындағылар анау-мынау көне етікті емес, көк етіктілер. Ығай мен сыға Батыс, Шығыстың, Лондон, Париж, Нью-Йорк, Птербор, Мәскеу, Аспаһан, Қазан сияқты маңда қалаларында қашаннан сауық қойғандар, да алғандар. Бірінің олқысы жоқ. Саң мүйіздер. Б Қостанай шешейге үлкен олжа ғой. Қостанай қуан қалды. Труппаның келгендігін күнбе-күн жарияла отыруды Округтік партия комитеті “Ауыл” газеті жүктеді. Даже “Ауыл” газетін труппа бастығы Пролетариат жолдастың қолына берді.

“... Августаның 15-і бейсенбі күні Грандиозны Интернационалды концерт беріледі”— деп “Ауыл” газеті жар таратты.

Қостанай мырқымбайлары қандай сауыққа әшейінде:

— Нәсіру, нәсіру жан-ай,

Жаны да құрбан-ай...— деп ыңылдай жүрет мырқымбайлар қалаға ағылды. Тайлы-таяғмыс қатын-қалашымен театрға келісті. Орын алысты. Аматының халқыңша шуламады, дабырламады. Біреу біреуі итермеді, шылым тартпады, насыбай атпады шемішке шақпады. Мырқымбайлардың ойынды күт екі көзі сахнаға қадалды да қалды.

Сағат 8-ге деп шақырған халықтың сарсу шығарып сағат оңды соқтырды. Халық тегіс қойды жусап ұйықтады-ау дегенде шам көзін үш жыл еткізді. Қалбыр қоңырау салдыратты. Қалғыған халықты сергітті (Кәдімгі біздің мемлекеттік театр).

Алдымен труппаның бастығы аты жақсы Пролетариат деген(шешесі байғұс атын мұндай тауып қолма?) “Ақын-артист” шықты. Шықты да сөйледі:

Ардақты мырқымбайлар, Қостанай шаруалары! Сонымен нетіп алдыңызға келіп отырмыз. Сендерді тілектеріңді айтпай білеміз. Шаруалар, сендерді бүгінгі тілектеріңнің үлкені — көңіл көтеру, күтіндау, өлең үйрену. Өткен данышпандардан сәстү. Біз сіздердің бұл тілектеріңізді орындау үшін бүгін үлкен Интернационал сауығын жасамақпыз. Жайымыз солай болған соң, тез мақсатты іс кірісуіміз керек...

Халық қалың шапалақтың астында қалды. Қопандаған мырқымбайдар екі қолын ербеңдетіп біріне-бірі ұрып алды.

— Тс — с — с. Тәртіп...

Алдыңғы кезек өзімдікі,— деді труппа бастығы Пролетариат. Мырқымбайлар жым болды. Пролетариат:

Күресем оныңмен де
Солыңмен де,
Жұмақты жаратамын
Қолымменен.
Күштімін алыбыңды
Алып ұрам,
Кемелге келіп осы —
Толу деген.—

деп сахнаны теуіп қалғанда тындап отырғандар селк ете түсті. Мойындарын ішіне алысты. Ақырын ғана:

— Не деп түр?— десті.

— Бәсе, не деп түр?— десті.

— Бізді сабамаса жарар еді?— десті.

Бұдан кейін сакалы желкілдеп, жауырыны күржіп, орыстың атақты артисі Толстой шықты. Шықты да:

Керек нәрсе өлмеу

Үшін ішіп жеу.

Керек емес ішіп

Жеу ішін өлмеу—

деді. Отырған мырқымбайлар:

— Осы шал не деп түр?— десті.

— Бәсе, не деп түр?— десті.

Онан кейін басы тақияшаң атақты Қазан артисі Токай шықты.

Шықты да :

Сөз айтудан қашамыз,

Ақылы көп жарлығы.

Күлдей сөздер шашамыз,

Ақшалы ақымақ малдығы.—

деді де жоғалды.

Мырқымбайлар:

— Әлгі татар на айтып кетті?— десті.

— Бәсе, не айтып кетті?— десті.

Онан кейін басында жалбыр жағалы плащын иығына желбегей жамылған шелек қалпақты орыстың тағы бір ақын артисі Пушкин шықты. Шықты да:

Бұл дүниеде табиғи,

Дүшпансыз кісі болмайт жай...

Ол солай ғой, бірақ, ей,
Достардан сақта ай құдай...—

Қостанай шаруалары да:

— Бұған да түсінбедік қой, ай...— деді.

Пушкини әрі керіп кетті. Европаның атақты а
жаға артисі Шиллер шықты. Шықты да:

Білімінді сал ортаға,

Шынымен сүйсең мені сен.

Білімің қанша болса да

Болайын ортақ сенімен

Жанымды да мен саған

“Берейін” дейсің “бер”

Десең.

Не керек жаның құр маған,

Жаныңды сенің мен не етем?

Қостанай мырқымбайлары тағы аң-таң.

Сынарын да, тыңдарын да білмейді. Тек көздер
жапаң-жапаң етті.

— Сен түсіндің бе?

— Жок,— деді.

Бір мезгілде басында шалма, үстінде ала шапан
колында тәспі, шар кітап, бір колында бір құмған
арак: қызылбастың сопысы Сағди шайхы шықты
Шықты да:

Қай уақытта ащы суға жануарлар

Келгенін су ішкелі көрген кім бар?

Сусынды қандыратын тәтті суға,

Көресің жиналғаның барлық жандар,—

деді.

Қостанай мырқымбайлары құнжын қағып:

— Әй, сопы, иманың күйсін!— деді.

— Арағыңды басыңа күй!— деді.

Халық ду түрегелді. Сағди салбырып сахнада
қалды.

Енді ойын басқарушы Пролетариат қайта шықты
да:

Оңай ма ол есікті қайта жабу,

Балғамды сындыратын құрал табу.

Қап-қара жүректерді қақ-пақ жарып,

Ешкімге жеңіл емес одан тану —

деді. Артист мұны айтқанда залда жалғыз жан
қалмаған еді.

Пролетариат жайдақ залға сөйлей берді.

— Ардақты Қостанай шаруалары, сонымен біздің сіздерге берген интернационал концертіміз бітті: есітпеген ел болса, ертең газетке басылып шығады.

Айтқандай ертеңіне августың 15 күнгі “Ауыл” газетінің №555-інде концерттің отчеты толық басылып шықты. Өзіміз содан оқыдық. Өзгеге де “Ауыл” газетінің сол номерін оқуға совет береміз. Үйткені жақсы атты қайнаға дегендей аты жақсы артист Пролетариаттың сол концерт жайынан бір газетте сегіз түрлі шығармасы бірден басылды: біреуі “Жалпайтқан” бас мақала.

Екіншісі, қоға татыған туырлықтай “фельетон”. Енді қалған алтауы — өзінің өлеңі, атакты ақындардан ащы ботқаның қотармасы. Өзіміздің өзгеге оқы деп совет беретініміз осыдан.

Осыны жаңа жазып болғанда “Ауыл” гезетінің келесі (556)санын және алдық. Мұнда Пролетариат тағы үлкен концерт берген, мұнда да табаны күректей төрт өлең.

Мұның бірі — Торғайдағы Ыбырай ұлы Жақып ақын менен Пролетариаттың айтысқаны.

Екінші Жақыпқа жауап өлең. Бұл да Пролетариаттікі.

Үшінші Нұрман ұлынікі, өлең.

Төртінші — Толстойдың өлеңін аударған яғни Үрістем ұлы Зиябек Үрістемович.

То есть — “Ауылдың” редакторы (Пролетариат).

Алтыншы — Шақыру, мұны жазған Пролетариат.

Жетінші — бір күлкі бадам фельетон, мұны жазған Пролетариат.

Сегізінші — “Енді алдау киын” деген подвал мақала. Мұны жазған Пролетариат.

Тоғызыншы — Жазайын ба? Туда-суда бірдеме. Мұны жазған Пролетариат.

Оныншы — Газеттің жауапты редакторы — Пролетариат, яғни Үрістем ұлы Зиябек Үрістемович осы шығарма “Ауылдың” бір-ақ номерінде.

Сонымен “Ауыл” газетінің концертімен азды-көпті оқушыларымызды таныстырдық, бізше “Ауыл” қазір газет емес, концерт. Партия тілі емес, өлең, кітап, Пролетариаттың саморекламасы.

“Ауыл” газеті Қостанай шаруаларының күнбе-күнге өмір тілегіне басшылық етуді жылы жауып қойды. Үсті-үстіне төпеп өлеңмен төпелеп жатыр. Өз

тілі “Ауылдың” не танытып отырғанын Окугтік партия комитетінің құлағы естімейді. Гажап!

1929

Социализм болғанда ауыл қандай болады?

— Мал шаруасын өркендету керек,— деді партия

— Осы шараны большевикше іске асыру керек,— деді Крайком.

Өкіл дегендер өлкеден ауданға, ауданнан ауылға шапты.

Поезд Алматыдан жөнелмек. Қоңырау екіні ұрғас соң поезд ақырып кеп жіберіп, қозғалып кеп кетті. Жұмсақ вагонның бір купесіне екі өкіл құлай-құлай кетісті.

Поезд екпіні жел соққандай, тау жыққандай. Аспанды айыра, жерді жара ызғытып келеді. Портфель жастанған екі өкіл арба шайқауына тербеліп, қорқырап ұйқыға кетті.

Поезд нелер жерден өтті. Бір мезетте есік салдыр ете түсті. Ұйықтап жатқан екі өкіл басты жұлып алысты. Есіктен чемоданымен және біреу кірді. Ұйқысы бұзылған екеуі мұны бұқа қарасқа алып отырысты. Ол келіп қатарларынан орын алды. Поезд және жылжып берді.

Оңшылбаевтың ауылы

— Қатты ұйықтап кетіппін,— деді қауға бас қазақ өкіл.

— Мен де,— деді қасындағысы.

— Түс көрдім,— деді қазақ өкіл.

— Қандай?— деді жолдасы.

— Түсімде социализм болған екен деймін. Біздің дала, бұлың белдер көрінеді. Сол белдерден бүрқырап заулап келе жатқан түтіндер. Ол поезд екен деймін. Онымен жанасалай лықсып көш келеді. Поезд бен көш қатарласып андыздап келеді. Түйе де паравоздан қалыспаған сияқты. Өңшең қоңыраулы түйелер. Көш алдында духовой оркестр. Күжілдетіп “Интернационал” жырын тартып келеді. Әр түйенің үстінде радиомачта. Өгіздерге теңделген почта. Өңшең күміс ер-тоқымды әйелдер ақ үзенгіні шіреніп сытыр

қағады. Күндіктері көк тірейді. Көш алдындағы бәйбішеге:

— О, көшіңіз көлікті болсын,— деймін.

— Айтсын,— дейді ол кісі.

— О, бәйбіше, бұл көш кімдікі?— деймін.

— “Қызыл көш” колхозы, балам,— дейді.

Қарақұмнан Сарысуға көшіп келеді екен.

Енді бір жерден тоғанақ-тоғанақ жүкті керуен тағы шыға келді. Бұл түйелердің қомы қорғасын, шомы темір, бұйдасы резинка. Өңшең қазақ барыш-нялары жетектеп келеді. Әр түйесінің басына ақ қаңылтырдан шляпа кигізген. Ол шляпалардың маңдайына “Кооперация — социализм көпірі”,— деп жазылған. Мына жазулар ескірді-ау деймін... Бұл колхоздың көшпелі кооперативі екен. Керуен кооператив қалың құмның ортасына қона қалды. Ақ шатыр, күмбез ақ үйлерді дүбірлетіп тігіп жатыр. Ақ киізге буған шай, қант, өрік, одеколон, иістісуларды төбе-төбе қылып төгіп жатыр...

“Қызыл көш” колхозы да келіп қонды. Дүңгірдей-дүңгірдей шаңқан аппақ киіз үйлерді тігіп тастады. Ауыл артындағы қапсанға желіні тартып жіберді. Оған құлынды байлап жіберді. Желінің басына қызыл жалау көтерді. Қызыл жалауда: “Кенже қалған елдер пролетариат басшылығымен капитализмге соқпай өтеді” деген Ленин сөзі жазылған.

— А, бұл арасы рас болды-ау,— деймін.

Жалауды айнала жусаған жылқы. Бәрі де осы колхоздікі; колхоздың есекқұрты мұрнынан түсіп тұрған кезі екен, деймін.

Әр үйден шығып жатқан жеке-жеке түтін. Ауыл-ауылға табақты атпен тартады. Шүберектерін қайқайтып туырлықтай көйлекпен қазақ келіншектері шынтағын шошайтып шай құйып беріп отыр. Білезік, жүзіктері саудыр-саудыр етеді.

Ауыл мәдениетке кірген екен деймін. Үй ішінде шкаф, жүкше жиналған кітап — Маркс, Ленин томдары. Алтынмен әшекейлеп бастырған партия, Қазақстан тарихтары... Колхоз жігіттері сабаны күрп-күрп піседі. Тегештерге термелеп жазған үгіттер, ұрандар.

Жайып тастаған ақ дастарқан. Мұзға салып тастаған тәтті арак. Тегеш, табақты айнала отырған жан. Бесбармақтатып бес ашаларын салып жатқан ақсақал, қарасақал... Бәрі колхоз мүшесі.

— Кел, алыңыз!

— Бұйырыңыз... Табақ-табақ туралған ет, туралған қазы... Бал татыған сүр, жал-жая...

Саптыаяққа бажылдатып құйылып жатқан боржом, коньяк...

Отауларда өзгеше мәжіліс. Бұлар жастар. Қыз-бозбала осында. Бұлардікі бесбармақ емес, “үшбармақ” ; үш бармақпен табақ-табақ палауды үш-үштен ортаға алып, шөпідетіп жатыр. Бәрі комсомол...

— Кел, социалдық жарыспен деселік!

— Біз үшеуміз мына табақтың екпінді бригадасымыз... деседі.

Әзіл-қалжың, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ.

Әне, бесбармақты бітірген колхоз ақсақалдары кекірісті, қарындарды сипасты. Сақалдарды сипап қарқ-қарқ күлісті.

— Шақшаны шығырындар, жолдастар!— деді жуантық колхоз бастығы.

Біреу шақша шығарды; шақшаның алдын маған ұсынды:

— Асыл тұқымды колхоз серкесінің мүйізі еді, алыңыз!— деді. Шақшаны алып үніле қарадым. Меруерттей жылт-жылт еткен қара мүйіз, алтынмен жиектеп, күміспен қақпақтап тастапты. колхоз ауылының суретін салып: “Жер жүзі еңбекшілері, бірігіңдер!”— деп жазып қойыпты. Шақшаны айналдырып көріп:

— Ұста неткен шебер!— дедім мен.

— Өзіміздің колхозымыздың зергерінің қолы,— десті мүшелер. Тақ сол жерге келгенде оянып кеттім... Амалым бар ма, барып, қайтып келдім — деп тоқтады.

— Мен де... деді жолдасы.

Солшылбаевтың ауылы

— Сіздің барыс қай жер?

— Сарысу ауданы.

— Жұмысыңыз?

— Мал шаруашылығын өркендету туралы өкіл болып барам...

— Фамилияңыз?

— Мені — ұлтшыл Оңшылбаев дейді.

— Сіз қайда барасыз?

— Ырғыз ауданы, мен де сол жұмыспен...

— Фамилияңыз?

— Шовинист, оппортунист, Солшылбаев...

Ендігі сөзді оппортунист алды:

— Мен де ұйықтап кеткен екем. Көрмеген жерді мен де көріп қайттым...

— Сіз не көрдіңіз?— деді Оңшылбаев.

— Менің де түсімде социализм болып қалған екен деймін. Осы Қазақстан. Даланы темір жолдар шырмап алыпты. Әр жерден қалың қала түсіпті. Әрине, қалада қазақ көрінбейді. Қаланың бәрі еуропалықтар; қаладан шыққан соң-ақ қазақты даладан көрем. Әр жерде шашылып отырған шаруа ауылдар. Мектеп, кооператив, моншасы — бәрі де көшпелі. Парталарды түйеге шығарып қойып, балалар соның үстінде оқып отыр. Көшпелі ел жағдайында бұл әдіс дұрыс көрінді маған.

Колхоз деген көп. Құмның, тастың — бәрі де 100 процент колхоздасқан екен. Бірақ жай-жағдайы өзгеше екен. Біздің, мәдениетті халықтың колхозына тіпті ұқсататын емес. Қыста жалпақ даланы астанкестенін шығарып теуіп жатқан колхоздың қойы, жылқысы.

Жылқышы, қойшылар сеңдей соғылысады екен. Дала халқы қыста малға үйренген жұрт қой. Оларды қала салып отырықшы қылу — әзірге қиындау сияқты көрінеді маған.

Мекеменің бәрі де көшпелі, жималы. Керек десе, түйеге арта салады; керек десе түсіре қояды. Жиылыстар көш жөнекей өте береді. Докладшылар түйенің үстінен сөйлей береді. Стенографисткалар, машинисткалар түйенің үстіне отырып жаза береді. Түйе жүре береді. Баяндама екі тілде болады. Перевод істеліп тұрады.

Мекемелердің әр жерінде-ақ қазақтар көрінеді. Сірә төменнен жоғарылағандар білем. Бастығының алдында қазақша жазба бір қағазды әкеп тұр екен, түсіндіре алмай көзі жаутаң етеді. Жүгіріп переводчик келеді. Қазақ адам болып қалыпты, ана жылғыдан көп көтеріліп қалыпты байғұстар.

Қазақстан ықыласы тәуір: қатнас қағазды ауылға орысша жазып жібереді; қазақ газетінен көрі орыс газетін оқиды; қазақша жазуды, оқуды тіпті намыс көретін де жоқ емес екен деймін.

Біз бір колхоз ауылдың қасынан өттік. Қазыл жатқан жерошақ, асылып жатқан қазан, қай жатқан бесбармақ.

— Здарсти,— деді колхоз ауылға.

— Здрасти, здрасти,— деді тымақтар. Көзі жадырап, қабағы тұнжырап колхоз мүшелері:

— Арыз тақсыр, арыз — десті.

— Арыз алмаймын, аулақ!— деп айқайлап жіберіпін. Өз дауысымнан өзім оянып кеттім.

Колхоз ауыл

Мырс етіп күліп жіберді соңғы кірген.

— Неге күлесіз?— десті екеуі.

— Сізге күлдім!— деді ол.

— Күлген мәнісіңізді сұраймыз!— десті екеуі.

— Күлген мәнісім, сіздердің көрген түстеріңіз күлкі екен. “Тауық түсіне тары кіреді”— десті сіздердің көрген социализміңіз қызық социализміңіз екен.

— Социализм сенің ойыңша қалай болмақ?

— Мен білсем, анық социализм, сіздердікіңіз бөлегірек болмақ. Айталық:

Қазақ даласы. Даланың бет-аузын темір жолдың торы шырмаған. Күні-түні ақырып келіп, кетіп жатқан пөездар. Қазақстан көлдерін керіп кеткен кемелер. Өзендерден цементтеп бұрып кеткен тоғандар, арықтар. Балқаш — егін жайы. Қала, колхоз, совхоз... Көкті қапқан завод, фабрика мұржандары. Бұларда қайнаған қазақ жұмысшылары, инженерлері, техниктері; олармен бірге орыс жұмысшылары, мамандары. Ойды-қырды көмген электр қалада күн батпайды, қыр жап-жарық. Әр бұлақ өзенде, тау-таудың суында дүрілдеп жүріп жатқан машиналар, моторлар.

Колхоз мал бағуда сіздер ойлағанша болмаса ирек; мал тұқымы асылданған, сапасы дұрысталған. Сүті де, жүні де, еті де өнімді.

Малдың жемі дәмді сықпа жем, қоспа, сүршіл сиырлар ағып тұрған сүт бұлағы. Колхоз, совхоз сиырды электрмен сауады.

100 мыңдаған жібек жүндес қойларды дәріге ұсынып, мылдырып, жүнін тарап баққан совхоз, колхоз...

Әлі айталық, және мүмкін: қымыз да өз алдына бір завод. Биелерді электрдің тоғи күрiлдетiп бiтеу көнектерге сауып тұр. Бiрнеше минутта мың бие сауады, сауылған сүт кранмен бұлақша атқып, қымызын сауытқа құйып жатыр. Завод іші қайнап жатқан машина. Бiреуi айналып, бiреуi көшiп электр пiспекте қымызды күрiлдетiп “сабаша” пiсiп тұр. Пiсiлген қымыз бiтеу бақтарға құйылып курорттарға, больницаларға, асханаларға, киоскiлерге, колхозшыларға, аптекаларға таралып жатыр.

Мiне, егер қымыз өндiрiсiн молайтатын болса, осылай болмақ керек.

Әне кең майдан. Спорт майданы: жүздеген колхоз жастары сонда. Аланда керулі экранда жүрiп жатқан жанды сурет. Италия операларын Балқаштың жағасынан тыңдайсыз.

Ақырған поезд, жосыған автомобиль, мотоциклеттер, машиналар. Аспанда аэроплан, дирижабль.

Мiне социализм болғанда ауыл осындай болмақ керек. Бiз болашақтағы “колхоз ауыл” деп, осы сияқтыны айтамыз. Күндердiң күнiнде ауыл осындай болады.

Бiз осы ауылдың болашағы үшiн бүгiн күресiп отырмыз. Бүгiн iрi социалдық шараларды iстеп отырмыз. Бiздiң ауыл болашақта сондай болу үшiн бiзге бүгiн:

Колхоз малдарының сапасын көтеру керек. Малдың сапасы дұрысталып, өнiмi берекелену үшiн тұқымы асылдансын, жемшөбi жақсылансын. Қыста қорасы жылылансын, жазда жайылымы жақсы болсын. Колхоздар малын ортаға алып, ортадан фермалар ұйыстырылсын. Тағы-тағылар... Мiне, бiздiң бүгiнгi жұмыстар осылар. Осыларды iске асыру үшiн баймен де, кулакпен де, онмен де, солмен де қатты күресемiз.

Бiзше колхоз отырықты — қала колхоз болады. Шаруасы машиналанған, малдың жемшөбi баптанған, мәдени ауыл болады...

Осыны айтқанда екеуi де мойнына суық су құйылғандай төмен салбырады.

Поезд ызғып келедi. Бiр мезетте:

— Әлi бiз қай жерде келемiз?— дедi Оңшылбаев.

— Асуға таман құлаш ұрдық,— дедi соңғы келген.

— Тым қатты кетті! Жолдың өзі тау-тас асуға Қырылмасақ жарар еді,— деді Солшылбаев.

— Мұндай жерде жүрісті бәсеңдету керек ем пе?— деді Оңшылбаев.

— Керек емес, қарқынды күшейтпесі әлсіретуге болмайды.

Мөлшерлі станцияға жету үшін қаттырақ басты керек,— деді соңғы өкіл.

Анау екеуі бұған бұқаша тағы қарасты.

— Сіздің барыс қайда?— десті екеуі

— Мен де сіздер бара жатқан елге барамын.

— Жұмысыңыз?

— Мал шаруасын өркендету туралы өкілмін.

Сол аудандағы оңшыл, солшылдарға қар жүртшылықты көтеріп күрес ашқалы барамын...

— Фамилияңыз?

— Большевиктеров!

1932

Кімді кім?

“Социализм жеңер ме екен. бит жеңер екен?”— деген еді ол.

Бұл күліп айтылса да күшті айтылған сөз. Мұны шешуіне кейінірек келетін болып, осы жердің өзін сол бит жайында аз сөйлесе кетуді керек пе дейм

Өйткені “бит” дегенмен, “биттей” дегенмен о дағы осал жау емес, жаудың бір атасының ұл Оның да тарих жүзінде алып келе жатқан орны ба Қайда кір, қайда ылас, мәдениетсіздік болса, битт түпкі ұясы осында. Ендеше, ұлттың, елдің, адамның қайсысы кір, құлаң, ылат, ыласқа бай, былап сүрей болса, бит соған мейман. Соған көрші; т атасы, тіпті, содан шығады.

Жоқ, бит-еке, енді біздің елді бұрынғыдай жалай алмайсың! Енді битке жем болатын кісіні біз даладан іздеме! Біздің елде сізге қарсы, сіз ұяңызға қарсы үлкен күрес, ұлы аттаныс бар. Саған қарсы оқу оқып жатырмыз, саған қарсы қала салып жатырмыз, саған қарсы монша салып жатырмыз. Әйтеуір сенен құтылмақпыз; сені күртпақпыз. Сен болашағың жоқ, бошалаң жүрттың бірісің. Сен сүйкететін дененің кірісің. Сенен құтылу қиын емес!

Құтыламыз! Тазарамыз!

Бірақ, біздің фельетонымыздың биті бұл емес, мұнан көрі әлдірек, мұнан көрі күресуге қиынырақ, жабайы биттен жаманырақ биттер. Битке Маркс карауынан қарасаңыз — қанішер, паразит. Адамның қойнынан туады, мойнынан буады. Еңкейіп еңбек етпейді. Етек жабысады, қанаға қадалады, сөзді сорады. әсіресе, жалаңашты қанайды. Жарлыны талайды. Міне, біздің айтқалы отырған битіміз — осылар.

Ал, осы биттер кімдер десеңіз, оны еңбекшілер біледі; ауылдағы байлар, ел үстінен күн көріп келген кебеже қарын, кең күрсақ, көк бөрте жуандар. жабысқақ қара, қайызғак қоңырқай қулар. Деревняның сөлін сорған кулактар, мекеменің о жер-бү жерінде жүрген биттер — бюрократтар, жаман мінезді, жат пейілділер, шаруа кооператив, союз орындарына кіріп келіп жүрген сәудегер, қызыл құлақ қулар. Міне, еңбекшілер білетін биттер — осылар. Еңбекшілердің алысып жатқан биттері — осылар.

Қане, социализм жеңер ме екен,— “бит” жеңер ме екен?

Бірақ жалғыз жау “бит” қана емес. Адамның қанына, еңбекшілердің жанына биттен бөтен неше атаның ұлы жауы бар. Оның бірі — мінезі ойнақы, етек-жеңі жинақы, ырғымалы, шоршымалы, қоңыр күрең, қу тақым біреулері бар. Бұлардың қазақша аты — бүрге болады.

Бұлар меньшевиктерге, эсерлерге, ұлт республикаларындағы бай, молданың таяғы байшыл-ұлтшыл, төңкеріс дүспандарына да бек ұқсайды. Бұлар зиянкестерге сатылғандар, Кеңес одағының күре тамырына ауыз салады, сонда паналайды. Күре тамыр дегеніміз: Госплан, Центросоюз, Наркомзем, Наркомторг, транспорт болады. Бұлар қандуаырды күреден салмақ болады. Кеңес денесіне қан жібермей буындырғысы келеді. Бұлар Кеңес елін шабатын жауды жанжақты іздейді. Жұмысшы мен қара шаруаның социализм орнатуға әзірлеген дүниесін қайта талатуға шеттен ит шақырады. Іштен битке демеу береді. Сырттан жиһангер іздейді, жеңдет шақырады. Іштен наразылықты іздейді. Кеңес елінің бақташысы компартияға:

— Ресейдің көне күпісін қағып сілікпе — біт түседі, күнге жайма өледі. Біздер биттер — социлист, битті социализм жасаймыз,— дейтін оңшылдарды күптайды. Болмаса:

— Арқаны қаси-қаси қанын ағыза, тырнай-тырнай кыртысын айналдырып жібер, жұмысшы, қара шар арқасы битке де, итке де талауға оңай болсын, дейтұғын солшылдардан да есек дәмелі болады.

Ендеше, бит балуанмен бірге социализм шаужаына жармасып жүрген жаудың бірі осы бүрге болады. Социалдық сойыл осыларға қатты тиіп жатқанды о бандалардың өз қылмыстарынан болды.

Қане, социализм жеңер ме екен, бүрге жеңері екен?

Жаудың бірі — тарғыл күрең, талпақайлау, сық сары болады; шоршымайды, жорғалайды. Түн жортып, күндіз жатады. Шаққан жерін ойсыраты түседі. Удай ашытады. Бір жеріңнен шықса, қань бұзылады, әлің кетеді. Бұл — қалалы жерд қандаласы болады. Бұлар арамза мамандардың зия кестеріне әбден келеді. Бұлар Кеңестің кең үйін іргесі сықылды Донбаста, ұшырамасы сықылды Асраханда, диваны сықылды Госпланда, қалтарыс сықылды Риддерде, өзге құрылыстарда да болады. Ниеті — ылғи шағу болады. Шақса бүлдіреді. Шақса күйдіреді. Бүлдіру үшін “ғылыми командирокка” мен ылғи заграницада жүреді. Ол жақтан қора қасқыр шақырады.

Міне, социализм бұлармен де аянбай алысып келеді. Социализм бұл қандалалардың да жатқан жерлеріне дәрі құйып, біртін-біртін сүйреп шығарумен келеді.

Қане, социализм жеңер ме екен, қандала жеңер ме екен?

Жау жалғыз қандала емес, жалғыз бүрге емес, бит емес, ит емес, бөрі де бар. Кеңес еліне Октябрь отауы тігілгеннен бері төңіректеген қасқырға, арыдаған итке тыным болған жоқ. Сонан бері Ллойд Джордж айтақтап, Чемберлен қосып, Пуанкара “пуполап”, Пилсудский “ка-калап” келген қанды ауыды қасқырлар, қанға таласқан құмайлар әлі жатқанды жоқ. Октябрь елі өскен сайын оларда маза жоқ. Күн-күн сайын ашулы, күн-күн сайын тыныштық қашулы. Колчак, Деникин, Анненковтар, тағы-тағы талай солардай генералдар, Шоқайлар-қоқайлар С

вет Одағына кара күнді қайта орнатуға жатып-тұрып тілеулі. Олар жиһангерлердің жеңдеттерін, фашистерін Совет Одағына аттандыруға аттанғалы қашан?! Қайыршылайды. Қару сұрайды. Советті жоғалт дейді, патша үкіметін орнат дейді. Кеңес үкіметіне жиһангерлер жеңдеті тісін қайрағалы қашан?! Ат дейді, шап дейді. Кеңес үкіметіне шабуылды, амалсыз, күнде ертеңге қалдырып олар отыр. Олар ашулы. Олар азу басулы.

Міне, керек болса, кімді-кім? Қане, социализм жеңер ме скен, бит жеңер ме екен?

Ресейдің кешегі крепостной мүжығы бүгін совет, бүгін социалист. Қазақтың кешегі құлағы кесік құлы, тұлымы кесік күні бүгін совет, бүгін социалист.

Бұдан неше жылдар ілгері машина мінген, ғылым шығарған, өнер таратқан Европа әлі капиталист.

Бұдан талай заман бұрын коммунизм жолына қан төккен Париждар, коммунизм жолының данышпандары Маркс, Энгельсті шығарған Германия да әлі капитализм.

Ендеше саяси бәйгеде кімді кім алды? Кімнен кім озық? Қоғам құрылысында кімді кім басып озды? Кімнен кім озық? Әлбетте, аэроплан мінген ағылшыннан түйе мінген қазақ озық, албетте, коммунизм, социализм үшін сол заманда қанды жалау көтерген Париждардан мүжықтың деревнясы, қазақтың ауылы озық...

Ресейдің кешегі шабаталы мүжығы, қазақтың кешегі шарықты кедейі бүгін колхозға ұйымдасып, социализм орнатып жатыр.

Бұрында боранда ұлыған бөріден баска тіршілік әсері білінбеген боздала бүгін еңбек майданы. Социалдық майдан. Қауырт совхоз, қалың колхоз, қайнаған завод. Қарағанды, Қарсақпай, Алатауды ақтарған Риддер шыңырау шахталары мен еңбек теңізі. Қазақстан даласында о шеті мен бұ шетін қайшылап кесіп жатқан шойын жол. Қазақстан даласының астын үстіне айналдырып; жаңа өмір жасап жатқан бесжылдықтар. Жүздеп-жүздеп оқып жатқан мамандар, мыңдап-мыңдап оқып жатқан жастар, талайлар...

Мыс толғатып,

жез құсып

Қарсақпайлар айқайлап.

Қаулап совхоз, коллектив.

Эмбалардан май қайнап,

Автомобиль, трактор
Алды қырды, салды ойнақ.
Қазақстан картасын
Теміржолдар шимайлап.
Аэроплан аспанда
Бұлт, қайырып, құрайлап,
Алтын құсты тау сағыз,
Жатқан дәулет құм жайнап...
Қақырығы — күйма алтын,
Түкірігі — түйме алтын
Қазақстан болды аймақ!
Даланың қимылы бүгін осындай!
Ендеше өнер, мәдениет, техникада бізд
Қазақстанымыз Европа, Америкаңды қуып жетіп, б
сып озады. Бұл алыс емес, бұған ұран күшті.

Ұран — кімді кім?

Онан бері көп жыл өтті. Социализм негіз
қаласқан көсемнің өзі кетті, сөзі қалды. Біз одан ке
өмір сүрдік. Көп іс істедік.

Бұл күнде Совет Одағы күшейді. Ішкі елді соц
алдық жолға салды. Сыртқы елге салмағы ауырла
ды.

Бірақ, бірақ сақ бол! Сайлан! Қамдан жай
дағыдан! Сырттан қорқау қаппасын! Абай бол! Іште
сорғыштар — бүргелер бүркеуде жатпасын
түншықтыр! Қараңғыда, қаға берісте қандал
қалмасын қанын ағыз, ұясын бұз!

Құрт қалмасын, құрт!

Бит қалмасын, бытырлат!

Социалдық құрылысты үдет!

“Кімді-кім?” ұраны бүгін осындай!

1931

Мен қателескен екем

... Менің Бухариннің кейбір оппортунистылық
махистік қисынына сүйеніп жазып жіберген
сөздерімнің қатесін жұрт қоқытып ақтара бастады.
Жазғандарым өзіме де иістеніп қалған көрінеді. Бірақ
амал бар ма, жазғанды балтамен шауып тастауға
болатын емес. Басып қойған соң бадыраяды екен де
тұрады екен. Сәкен айтқандай “жазу итті бекер-а

жазған екенбіз!” Қазір әрқайсымыздың колбасадай-колбасадай қателеріміз соқтасымен суырылып жатыр.

Жаңада бір келелі жиылыс болып, менің қателерім талқыға түсті. Әлбетте, қатеммен бірге өзім де талқыға түстім-ау. Жұрт мен жазған сөздің бұтын бұт, қолын қол қылып созғылап жатыр. Бұрын мұндай ортаны көрмей, қоя берсін өскен басым жан қысылып, жан терге түстім. Әсіресе кешегі бокмұрын қаршадай балалар бүгін Маркс, Ленин деп, көмейі суырылып: “пәлені қата, түгені теріс!”— деп талқылағанда, адамға бір түрлі ауыр тиеді екен. Құдай басқа бермесін!

Қатенің бір жағы менің Бухаринді аударғанымнан болып жатты. Өзіме қашан сөз тисе, қысқа жерінен ғана айтып, құлағымды тыныштатсам-ау, деп отырмын. Сөзді маған берген соң:

— Жолдастар, мен қателестім. Бухариннің қисынын қолданғанда, Маркс қарауынан қарай алмағаным үлкен қате. Қатені енді білдік. Енді қателеспеудің бірден-бір жолы — Ленин жолы. Сондықтан бұдан былай ылғи Ленин кітаптарын ғана аударамын деп сіздерге уәде беремін,— дедім.

Ленинді айтсам, мәселенің мықты жері ғой. Менің қатеме жерік болып жалаңдаған жұртқа бір тоқтам салдым ғой деп едім, мына жақтан біреу киіп кетті:— Бұл кісі жалғыз Ленинді ғана аударып отырамын деді. Бұл кісі анық большевик болса, Ленинмен бірге басқа көсемдерді де неге аудармайды? Бұл қылығын не деуге болады?

— Иә, иә... Не деуге болады?— деп, көпшілік ду ете түсті. Жүрегім зу ете түсті. Тағы сөз алуға тура келді:

— Жолдастар мен тағы қателестім. Ол қатемді түзеу үшін кітаптың бәрісін де аударып берем деп сіздерге уәде беремін.

Мына жақтан біреуі киіп кетті:

— Бұл кісі “Бәрін де аударып беремін” деді. Сонда “бәрі” деген кімдер? Егерде бәрі болғанда бізге зиянды пікірлерді, мәселен контрреволюцияшыл кітаптарды да бұл кісі аударып бермек пе?

— Иә, иә... Сүйтпек пе?— деп, көпшілік шу ете түсті. Жүрегім және зу ете түсті. Тағы сөз алуға тура келді.

— Жолдастар, мен тағы қателестім. Енді о қатемді түзету үшін сендердің көрсетке кітаптарыңды ғана аударам деп уәде беремін.

Жиылыстың жуан ортасынан біреу тұра келді:

— Бұл кісі “сендердің айтқандарыңды ғана аударам” дейді. Егерде олай болатын болса, бұл кісіні өз басы, өз большевиктігі қайда? Кісінің айтқаны ғана қыла беруді не деуге болады?

— Иә, иә... Мұны не деуге болады?— де көпшілік шу ете түсті. Жүрегім тағы зу ете түст Тағы сөз алуға тура келді:

— Жолдастар, мен тағы қателескен екем. Бү қатемді осы отырған көптің алдында мойныма аламын...

Әй, енді осымен бітірген шығармын деп, маңда терімді бір сыпырып, отыра бергенімде, есік жақта бір қызыл орамалды қыз-комсомол және сокпасы ба?!

— Бұл кісі қатемді мойныма алдым ғана дейді Бізше, бұл жеткіліксіз. Қатені мойындап қана қол большевиктік емес. Қатені істеп алып, оны мойында қана тек отырудың өзін не деуге болады?

— Иә, иә... мұны не деуге болады?— де көпшілік гу-гу етті. Жүрегім тағы зу-зу етті. Тағы сөз сұрауыма тура келді.

— Жолдастар, рас, мен тағы қателескен екем қатемді мойныма алумен бірге, қатеге қарсы күресемін деп сіздерге уәде беремін.

— “Большевикше” дегенді айтпады!— деп, біреу дауыстады. Дүмім жерге орнығып отырып қалғанда екем, орнымнан шала көтеріле беріп:

— Әбетте, большевикше, жолдас, большевикше...— деп, қайта мықшия кеттім. Тақ жанымнан тағы біреу тұра келді:

— Менімше әлгі айтқаны жеткіліксіз. Тап тартамысы күшейіп, большевиктердің сыналатын жері келгенде, қатеге қарсы күресемін деп бұл кісіні былқылдатуын не деуге болады? Әңгіме қатені істеп қойып, артынан арпаласып күресіп жатуда емес қой қатені істемеске большевиктік қырағылық керек Жолдас Қожағали, шынайы большевик болатын болсаң, қателеспеуге большевиктік қырағылығың қайда?

— Иә, иә... Қырағылық қайда?— деп, көпшілік ду-ду ете түсті. Жүрегі құрғыр тағы зу ете түсті Тағы тұруға тура келді:

— Жолдастар, мен тағы қате жіберген екем. Қатеге қарсы большевикше күресемін. Қателеспеуге большевикше қырағы болам, оған уәде берем.

Қара пұшпағыма шейін сорпа болып терлеп кеттім де, отырған біреуге таман жантая бердім. Жантайған кісім — өзіміздің ел жақтың бір оқушы баласы еді. Соның өзі түрегелді:

— Бұл ағай тек өз қатесін ғана көріп, өзі ғана қателеспеуге қырағы болып, өз қатесі үшін ғана күресетін көрінеді. Егер айналасында өзінен басқалары қате істеп жатса: “Бадырақ көз, сен тимесең, мен тимеймін” дегендей ағайдың үндемейтін түрі бар. Өзгелердің қатесін ашпуашылық, оларға қарсы күреспеушілік не болады?

— Иә, иә... Бұл не болады,— деп, көпшілік тағы шулап кетті. Жүрегім бағанағыдай селкілдеп зулауға шамасы келмей қалды білем. Тек өне бойым ауыр тартып, көзім карауыта берді. Сүйтсе де сөз сұрауға тура келіп, сүйретіліп тұра келдім:

— Жолдастар мен қателескен екем. Қателесумен қабат, қатемді мойныма аламын. Мойныма алумен қабат, қатеге қарсы күресемін. Әлбетте, большевикше күресемін. Қатені істемеумен қабат, қателеспеуге большевикше қырағы боламын. Өзімнің қателеспеуіммен қабат, өзгелердің қатесіне қарсы күресемін. Өзгелердің қатесіне күресумен қабат, өзгелердің қателеспеуіне большевиктік қырағылық істеймін,... көпшілікке қарап бажырайып қалыппын. Сірә, отыруды да ұмытып кетсем керек. Мәжіліс бастығы:

— Енді екінші мәселеге көшеміз,— дегенде:

— Уһ!— деппін де, отыра кетіппін.

1933

Басқа пәле тілден

Өмірден алынған үш көріністі күлкілі-қайғылы пьеса. Уақиға Түлкібаста. Уақиғаның өз адамдары ойнайды. Ойын октябрьдің 26-сында.

Сахна

Қыстак. Клуб. Халық. Кәрімсіз жиын өткен бе? Халық Кәрімді сұрайды.

Бірінші көрініс

Үстіндегі жұлмасы жалбырап, малақайыны құлағы салбырап Кәрім шығады. Халық қобырасқа Ду-ду шапалақ.

Кәрім. Ал, не қыл дейсіздер?

Халық. Күлдір...

Кәрім. Кім болғанда күлесіздер?

Халық. Имаштың кооперативі бол.

Кәрім. (Түлкібас қыстағындағы кооператив ба тығы Имаш болады). Құданың құдіреті көбінн айтқаныңмен кооператив болып едім, есептің кішке нетіп... Толыңқырамай тұрғаны...

Халық. О, не жетпейді?

Кәрім. Санай берсек, жетпейтін көп. Алдым шляпа жетпейді. Дала әйелдерін калпақтандыра а май отырмыз. Онан кейін ақ талқан жетпейді. Қа әйелдеріне ремонт жүргізбек едік...

Халық. Тағы не жетпейді?

Кәрім. Тағы бір керекті нәрсе жетпейді.

Халық. Не жетпейді?.. Не жетпейді?..

Кәрім. (Қикайып күліп). Жекжатыммен біріг жеп қойған жетпіс сом ақша жетпейді...

Халық ду күледі.

Шымылдык.

Екінші көрініс

Халық. Кәрім! Кәрім!

— Бис!.. Бис!..

Кәрім. Ал, не қыл дейсіздер?

Халық. Тағы да.

Кәрім. Тағы не бол дейсіздер?

Халық. Жүніс тергеуші бол.

Кәрім. Ай, атамаңыз.

Халық. Жүніс бол!

— Жүністі көрсет

— Жүніс қалай жүреді?

(Шу-шу).

Кәрім. Жок, жұртым, оған өкпелеме.

Халық. О не дегенің? Жүніс бол!

Кәрім. Жұртым, бір тілегім... Өзге бол десендер болайын, бірақ Жүніс болмаймын...

Халық. Өзге болып, Жүніс болмайтының қалай!

Кәрім. Жүніс болудан қорқам... Бірінші, Жүністің өзі үкімет тергеушісі; екінші, Жүніс жолдасты білсем де, сырлас емеспін. Сырт естуім мінезі қатаң дейді. Үшінші, Жүністің өзі осында отыр ғой...

Халық. (шулап) Жүніс бол!

— Жүніс болмасаң разы емеспіз. Жүніс жолдас ойынды білмей ме? Әйде, бола бер!

Кәрім. (малақайын портфель қып, кеудесін көтеріп талтандап) Жүніс көшеде былай жүреді, сонда артында топ қазақ: “Товарищ таксыр! Товарищ таксыр!”— лап шұбап жүреді. (Қыран күлкі).

Халық. Жүніс шапқасын қалай киеді?

Кәрім. Былай киеді (Малақайды едірейтеді, көзді ежірейтеді, өзі шермендейді.)

Халық. Жүністің түрі қандай?

Кәрім. Былай (Аузы қисаяды, көзі бажыраяды, мойны салбырайды. Жұрт қыран күлкі.)

Халық. Жүніс болып баяндама жаса!

Кәрім. (Екі қолды шалбарының қалтасына салып, кеудені керіп, талтайып тұра қалады да). Сіздерге менің айтайын деп тұрғаным, значит, түсінікті болу керек...

Значит, біз нетіп... Не қылуға да... Неткендіктен, значит, шара қолданып, нетпекші едік... Негізінде сілтеу беріп... Нету үшін не болатындығына... Как сказать... Қорытып, нетіп... Шара қолданудың несіне не қылып, значит күреспекшіміз...

(Қыран жаппай күлкі.)

Халық.— О, бәлі! Жаса! Жаса! Бадырағым! Бәсе!

Шымылдық

Үшінші көрініс

Уақиға тағы Түлкібаста. Ойын болған күннің ертеңі, октябрьдің 27-сі. Қозаұлы Жүніс тергеушінің кеңсесінде. Кешегі Кәрім бадырақты милиция айдап кіреді.

Үстелдегі Жүніс тергеуші қағазын сайла қаламын майлайды. Қабағын қарс жауып “допросқа конжияды.

Тергеуші. Фамилияң? То есть, әкең аты?

Кәрім. Жүніс.

Тергеуші. Ауыл номері?

Кәрім. Төртінші ауыл.

Тергеуші. Кәсібің?

Кәрім. Батырақпын. Күндік істеп күн көрем.

Тергеуші. Бір үйде неше жансың?

Кәрім. Он баспыз. Жалғыз азамат — мен.

Тергеуші. Бұрын-соңды суд астына түстің бе?

Кәрім. Атамаңыз. Алғашқы көріп тұрған кұқайым, өзіңіз...

Тергеуші. Домашний адресің?

Кәрім. “Домаш” дегеніңіз жататын жерім болса осындағы қызыл шайхана... Сонда жалданған істеймін. Қонып жүрем...

Тергеуші. Сен әлеуметке қауіпті элемент қатарында төңкеріс заңымен нетілесің!

Кәрім. Нетілем?

Тергеуші. Как сказать қылмыстысың, значи судқа тартыласың!

Кәрім. Неге, жолдас?

Тергеуші. За оскорбление личность... За хулиганство... За превышение власти... И так далее, и так далее.

Кәрім. Мен кімді нетіп?..

Тергеуші. Мені... яғни үкіметті... Көп ішінде қорлағаның... Таппағаның... Авторитетімді түсіргенің... Қорытып неткенде за все...

Кәрім. (Қалтырап). Қойыңыз, жолдас, құлдығың бар. Кешіріңіз... Халық сұрады ғой... Көп тілеген сенің неттім ғой. Қалжың еді ғой...

Тергеуші. (Жұлқынып тұра келіп, Кәрімнің тұмсығынан түйіп қалуға тап беріп): Как калжың!.. Хулиган! Апар!.. Жап!..

Милиция. (Көшкімбай ұлы) Қүп!(Кәрімді айдап шыға бергенде, тергеуші милицияны ымдап шақырып алып, бәсең дауыспен):

Тергеуші. Протокол жаса!.. Дознание қыл!.. Қыл!.. Статьясымен за оскорбление... и Так далее. Исмамаған түсір!.. Өзін қамап таста...

Милиция. Қүп! (Шығып кетеді.)

Шымылдық

Уақиға қазір осы жерінде үзіледі. Октябрьдің 27-сінде Кәрім қамауда қалады. Пьесаның ендігі пердесінде тергеуші тергеуі керек. Оған қазір билет жоқ. Бірақ болады...

1935

Жайлаубектің жауыры — аурудың ауыры

Шойын жолдың бойына шығуға Алматыдан автомобильге отырып ек, тықырқай кара жігіт бірге отырды. Жөн сұрастық.

— Түрксібте қызмет істегелі бір жылдан асты, ат бактым, арба айладым. Аға жұмысшы болдым. Бүгінде жүк тасимын. 65 сом айлық алам, союзда мүшемін.

— Шокпардан жол өтіп кетті. Сондықтан бізді 3-учаскеден 4 учаскеге жіберді. Оған бүгін 17 күн. Бала-шағамен келіп ем, он күн сергелденге түстік...

— Не ғып?

Ол ауыр күрсініп қойды.

— Әшейін...

— Әшейін он күн сергелденге түскенің бе?

— Иә, әшейін, айтып керегі жоқ.

Мен тоқталып қалдым. Бірталай жер кеттік.

Өзге сөздер араласты тағы:

— Қалаға қашан келіп ең?

Ол тағы ауыр күрсінді.

— Мен әуреге түскелі — бүгін табан 10 күн. Осы 10 күнде Алматыға екі келіп, екі кайтам.

— Неге?

— Тек әшейін, Бір болымсыз кесір кездесіп, әлекке түсіп қалғаным...

Тағы күрсінді. Өзінің де айтуға оқталып-оқталып отырғандығын сезіп:

— Оныңды айтпайсың ба?— дедім.

— Айтып керегі жоқ еді айтсам айтайын.

— Айып етпеңіз.

Мен жөнделіп отырдым. Ол бастады:

— Майдың 2-і күні. Жолдамыз. Жүгіміз бар. Жолда дамылдап жатыр едік... Ерсілі-қарсылы жүріп жатқан автомобильден арбаға байлаулы бір атым үркіп үзіп кетті. Ұстатпады. Бір атыма міне құдым.

Олай қашты, былай қашты. Азар ұстап алыстық. Ақ жағым дала-дала болып ойылып қалыпты. Бойы суыған соң жүре алмадым. Түнде ұйықтай алмадым. Удай ашытты. Дәрі сүйкетіп алсам тез оңалар, бірақ бірер күнге бостандық алармын деп 4-учаскен бірінші станциясындағы фельдшерге келдім...

Жайлаубек басынан өткен он күннің тарихы түгел айтып шықты.

Сонымен әңгіме бітті.

Мен де ауыр бір күрсініп қойдым. Ардақ оқушылар, әңгіменің арғысын менен сіздер дәметпей ақ қойыңдар.

— Неге — дейсіздер екен.

— Әшейін, көңіл көтерерлік күлкі емес, удай ащы әңгіме болған соң, айтып керегі жоқ.

— Ал, алда-жалда қолқалайды екенсіз, айтса айтайын. Бірақ ғапу өтінем.

Ал, жөнделіп оқы.

... Жайлаубектің фельдшерге келген бұйымтайы — құйрығына дәрі сүйкету, берсе бірер күн ат айдамай бостандық алу.

* * *

Жайлаубек фельдшерге келді. Ақ желек киімі ажабадай фельдшер:

— Шом дияла?— деді.

Жайлаубек талтайыңқырап тұрып:

— От-от, товарищ доктор, дәрі давай, дәрі дава осы жағым құйрығым,..— деп қолын арт жағын сермей берді, доктор:

— Сними штан.

Ыштан шешілді. Жайлаубек тонқайды. Қасқыр тартқан қойдың құйрығындай қызыл-ала бөксе доктордың көз алдына бар мәзірін жайды.

— Подними штан.(Іш киімінді көтер.)— деді доктор мұрнын тұжырып, фельдшер теріс айналып кетті. Үстеліне отыра қалып, бір-екі түрткілеп, қойтымда хат жазып, қағаз қалтаға салды. Оны жып-жинақ жабыстырып, сыртына адресін жазды да, Жайлаубекке ұстата берді.

— Мұны не қылам?

— Дәрі аласың.

— Қайдан алам?

— Қарғалыдан. Мына конвертті ондағы докторға көрсетсең, дәрі береді.

— Ендеше, солай жүк тартып барғанда-ақ аламын.

— Нет, нет, нельзя... Қазір кетесің.

Фельдшер Жайлаубекті жүретін автомобильдің біріне мінгізіп те үлгереді.

Жәкең түнделетіп Қарғалы келді, доктордың қағазын докторға берді. Тағы:

— Сними штан!

Дамбал аяқтың басына түсті. Жайлаубек тоңқайды. Бағанағы қызыл-ала құйрық бұл докторға да сәлем берді. Тағы:

— Подними штан!

Доктор үстеліне отырды. Жайлаубектің қағазының үстіне тағы үстеп бірдеме жазды, конвертке салды. Дағдап жапсырды да, Жайлаубекке ұстата берді.

— Мұны не қылам?

— Дәрі аласың.

— Қайдан алам?

— Алматыдан.

— Алматы алыс қой, ат-арбам далада қалды, алақандай артыма дәрі жақтырам деп Алматыға барып жүремін бе, үйге қайтайын...

— Нет, нет, нельзя... Қазір кетесің!

Учаскелік доктор Жайлаубекті арбаға мінгізіп те үлгерді.

Жайлаубек Алматының жолында. Құйрығы қуаланды пәле боп жабысты. Докторлардың бұл қай “қамқорлығы” екеніне түсіне алмады.

— Е, бұлар, доктор ғой. Құйрығымызды камсыздандырудың қамында шығар, барып-ақ қайтайын...

Күн-түн қатып жүрген Жайлаубек Алматы жетті. Саулық сақтаудың “қай ауылы” екенін білмейді. Әйтеуір “Оязнай” дейді. Кеңес кеңсесінің аузы-мұрнынан төгілген халық. Бірі-біріне, жаудан жаман жақтырмай бұқаша қарасып, тесікке телміріп тұрған очередь. Жайлаубек сарылып очередьке тұрды. Есі кетіп, жан шыққанда тесікке таянды.

Ақ желек киген әдемі бикеш жөн сұрады:— Қ докторға?

Жайлаубек пакетті ұсынды. Барышня пакет ашып, Жайлаубекке жеркене қарады да, тебінгіде анкетті қолға алды. Мүңкір-нәңкірдің сұрауын салды. Жеті ата, жеті мысты социальный положениясы, социальный происхождениясы, туып-өскен жері, тұтұғияны, дүниеге көзқарасы, бала-шағасы, қай тілді қай дінде екендігі, бұрын немен ауырып, немен жазылғандығы, неше рет ауырғандығы, неше рет құсқандығы, қатынды қашан алғандығы, шалап ішсе ме, көже іше ме, ішсе неше аяқ ішеді, неше уы ішеді — бәрі сұралды. Бәрі жазылды. Аяғында б докторға шек алды. Шекпен келіп тағы очередь тұрды. Очередті тауысып, тағы кабинетке келді. Кабинетте — доктор. Доктор тағы әңгіме жазды.

Жайлаубек ұйықтамай ма, ұйықтай ма, түс көр ме, іш өте ме, әкесі қашан ауырған, шешесі қашан ауырған — бәрі хатталды. Өлдім-талдым деген тағы:

— Снимай штан.

Ыштан шешілді. Жайлаубек тоңқайды. Баян қанды құйрық қотырланып, доктордың алдына тартылды.

— Жап.

Жайлаубек жабынды. Тағы қағаз жазылды. Жайлаубекке берілді.

— Пәлен көшедегі пәлен номерлі үйге барасың.

— Дәріні сонан бере ме?

— Комиссия көреді.

Жәкен сонда келді. Жабық. Мейрам. Қызы жұмыртқаның мейрамы өткенше Жайлаубектің жанына қыл батпайды. Шайханада жатты. Қалтасын қақты. Өлдім дегенде қызыл жұмыртқа да өтті. Мекемелер есігін қайта ашты. Жайлаубек комиссияның үйіне келді.

Тағы очередь, тағы әңгіме, тағы кабинет, тағы доктор, тағы:

— Сними штан.

Дамбал шешілді, тағы тоңқайды. Докторлар фельдшерлер, үйреншіктер бірін-бірі шақырысты. Көз салысты.

— Енді ертең келесің.

Жайлаубек найзаланып, жараланып шайханаға қайтты.

Ертең қайта келді, қолына бір пакетті берді.

— Бізге жіберген докторға барасын.

“Оязнайға” келді. Пакет береді, пакеттен қағаз шығады. Доктор қағаздан мына жазуды оқиды.

“Бұл гражданның қаны таза, аурудың белгісі жоқ” деген. Доктор енді Жайлаубекке:

— Қайта бер,— деді.

— Қайт десең қағаз бер,— деді. Доктор шоқаң етіп қолын қояды да, больничный листісін қолына береді.— Мөрінді баспайсыз ба?

— Нет, осы жарайды, бара бер.

Сонымен Жайлаубек алғашқы орнына қайтады. Осы әлектен алты күн өтеді. Алты күн жұмыс қалады. Алматымен екі орта арлы-берлі бос айдау болады. Қажалған құйрыққа дәрі де жағылмайды. Дәрігер де емдемейді. Тек біз сұғып алады. Қан алады. Жайлаубектің жауыры эзінен өзі-ақ қара қотырланып жинала бастайды.

Жайлаубек жауырының алғашқы сериясы сонымен бітеді.

Үзіліс жарияланады.

Енді екінші сериясы басталады.

Оқушылар орын алындар.

Бірінші станцияның фельдшеріне келсін.

— Маған дәрі бермеді. Босқа сандалтқаның қалай, доктор?

— Неге қайттың?

— Қайтарды.

— Неге қайтарды?

— Қайтарды.

— Қағазың бар ма?

— Бар, міне, доктордың қойған қолы...

— Мынау, бұл қағазда сөз жоқ.

— Қол қойды ғой.

— Иә, қойылған, бірақ, қойылған қол сенің ауруың туралы “ләм” демейді. Тек сенің Алматыда болғандығыңа, доктордың көргендігіне қойылған қол...

— Енді не керек?

— Енді емделу керек.

— Неден?

— Мерезден, сифилистен.

Жайлаубектің көзі алақандай болды. Өзінен-өзін қорқады. Доктордың доктордан-докторға, қаладан қалаға, кабинеттен-кабинетке үндемей тымырайып айдай беретіндігіне жаңа түсінеді. Құйрықтың жаулағы жайына қалды. Құйрықтың іш жағында бұғы жатқан білім, жасырынып жатқан пәлем - құлғанам, мерезім бар екен деп шошынады.

— Доктор-еке-ау, мен сау едім ғой, шойын жолда жұмыс істегелі бір жыл басында комиссия қарап алған. Онан беріде Шоқпарда доктор ай сайын қарап тұрған. Тегі, онда аты жаман аурумен ауырған емен...

— Ауру еместігіне Алматыдан қағазың бар ма?

— Қағазды бердім ғой.

— Нет, ол жарамайды.

— Мен өтірік айтам ба?

— Өтірік айтасың. Сен қашқынсың. Мен білем сені, онда оңашалап(изоляция)қойған шығар. Сен қашып кеп тұрсың. Мен мұны тиісті жеріне білдірем. Ол менің міндетім. Сен өзгені былғайсың. Мен саған жауапты.

Жайлаубек шошып дистансасының бастығына келеді. Начальник көзілдірікті асыра қарап, ақыра қарап береді:

— Сен алты күннен бері жұмыста жоқ деп рәпорт берді. Қайдасың?

— Ойбай, Алматыға айдап жіберіп, осыдан жаңа келіп тұрғаным жоқ па...

Начальник фельдшерден справке алды. Қайтадан Жайлаубекке шоқшаяды.

— Қашқын. Дезертер, жұмыстан шығасың, сотқа берем...

Жайлаубектің жауыр құйрығы ала майым солқылдап бүлк-бүлк етеді.

Жылап, жұмысшы кабинетіне келеді.

— Ауруың жаман екен, емдел, жұмыста бола алмайсың ғой.

— Ойбай мен ауру емеспін.

— Е, біз қайдан білейік, доктор біледі ғой.

Жайлаубек тұра алмады. Жігері күм болады. Қатын-баласы мен бір үйлі жан ұлардай шуласып жыласады.

Жыласпай қайдан шыдасын. Бір жылдан бері ауызы аққа тиіп, тірнектеп отырған тіршілікті айырылады. Оның үстіне, қолғана, мерез боп шықты.

Өмір бітті. Далада қалды. Ешкімнен жәрдем болмады...

• • •

Ақырында азапқа тағы шығады. 120 шақырым жердегі Алматы жолын жаяу тағы мойнына алады. Алматыдан не ауру, не сау боп шығуға бел байлап, жолға шығады.

Арып-ашып Алматы келеді. Оны таба алмайды. Тағы очередь. Тағы анкет.

Сүйтіп сергелденде жүргенде бір доктор қазаққа кез келеді. (Ж. ол қазақтың аты-жөнін білмейді, әйтеуір, соған қатты ырза). Ол Жайлаубектің жайын ұғынады, ертіп келіп “оязнайdan” Жайлаубектің ауруының личный делосын, пакетін, анкетін, характеристикасын, байқауын, зерттеуін, қатынасын, қорытындысын — бәрін жинап алады.

Әңгіменің қағындысы қайдан басталғанын іздетеді. Кейиді. Ұсады.

“Оязнай” доктор мойындап үндемейді. Тек үндемейді, жалма-жан қағаз жазады.

“Гражданин Қондыбай баласы Жайлаубекте дерт те жоқ, дербез де жоқ, құлғана да жоқ, мерез де жоқ. Құлан таза”, — деп мөрлеп, номерлеп справка береді.

Жайлаубек бізбен бірге келді. Жолда Қарғалысына түсті. Қағазын көрсетті. Бірақ дәрі алған жоқ.

Онан бері жүрдік. 4-учасканың баяғы фельдшері бар бірінші дистанциясына жеттік. Жайлаубек сонда түсіп қалды. Біз жөнелгенде, ол фельдшердің үйіне таман барды. Онан арғы әңгіме бізге қараңғы, бірақ ойлаймын:

Жайлаубек сорлы тағы ба емсек “қамқорына” барған шығар, құлан таза деген қағазды фельдшердің алдына жайып салған шығар. Өз айтқанын орынсыз болса да, орындатуға тырысатын темір фельдшер ол қағазға сенбесе тағы да тоңқайтқан шығар. Тоңқайтса да, кайқайтса да, тырнаса да, шұқыса да Жайлаубектің дақ қалмай бітіп кеткен құлан таза күйрығы тымпиған да тұрған шығар. Оны көрген доктор ұялмаса да қызарған шығар.

Тентектің ертегісі

Туған күні болды ма,
Әлде әдеті солай ма?
Баяғыда бір аю
Той қылыпты тоғайда.
Ата ұлынан аңдарға,
Инабаты барларға
Хабар қыпты маңайға.

Жағалы ізік жамылып
Бәйбішесі қасында
Тойға кепті арыстан.
Қара құлақ қабыландар
Ежелгі ескі таныстан.
Қабан-сабан келіпті
Алыстағы қамыстан.

Ырылдап та, қырылдап,
Жолбарыс та қырындап;
Жатыпты аю төрінде,
Ырза болып ниетіне.
Дастарқанның шетінде
Отырыпты бөрі де,
Оған таяу түлкі сүм
Әңгіме үшін, күлкі үшін
Отырыпты желіге.
Орамалға шашуын
Түйіп алып, асығып
Маймыл кемпір келіпті.
Мәлін, борсық, куқұйрық
Ниеттерін білдіріп —
Бәрі де жем теріпті:
Біреу тышқан, біреу күрт
Шашу әкеп беріпті;
Алма, жеміс, өрікті —
Бәрі де әкеп төгіпті.

Бар мәзірін ақтарып,
Мейманды аю сыйлапты.
— Бәрекелде!.. Разымыз...—
Десіп аңдар-меймандар,
Көсіліпті сирақты.
— Сіздерді дәм татсын деп
Шақырып ем,— деп аю
Дастарқанның жинапты.

Арыстандар келгенге,
Бар мәзірін жегенге
Аю көңілі көйлепті.
Қошеметті құрметтеп
Қарғып, ырғып, бүкжектеп
Тарп-түрп билепті.
Аю қайдан би білсін,
Астан-кестен үй ішін;
Оны мейман сүйемпті.
Біреу басы қаңғырып,
Біреу басы ауырып,
Біреу кетті дәретке.
Біреу шөлдеп су іздеп,
Біреу бала емізбек,
Бытырапты әлбетте.
Жалғыз түлкі сақылдап,
Соғыпты кеп шапалақ
Аю еткен ізетке...

Сонда қасқыр шыдамай,
— Жын соқты ма бұ қалай?
Осы аюднн несі таң?—
Деп сөгiлті түлкіні.
— Аяқтары бәрене,
Бөксесі әлде емене...
Тапыр-тұшыр, құр қорбан
Еткеніне ыржаңдап,
Қалдың сонша қылмаңдап,
Неге үздіктің осыған?

Сонда түлкі қасқырға:
— Сені қарабассын да,
Мәзбін бе, ақымақ аюға?!
Егер мұны мақтасақ,
Байғұс көңілін сақтасақ
Тағы тойда тоюға
Мен кепілмін соны біл;
Кел менімен бірге күл!
Қошеметтеп қоюға...
Көңілің болса тоюда...

Сол аюды не керек:
Көзімізбен көрмеп ек,
Ертегі еді елдегі;
Қалған екен нақыл боп,

Ақымаққа ақыл боп,
Кейде бала ермегі;
Сопаң етіп сол аю
Жалайырдан шығыпты
Көксу деген жердегі.

Аю аты — Бұқарбай,
Әкесі оның Айғырбай,
Ауданы оның Қаратал;
Елдің пысық жігіті,
Обсырзақтың агенті,
Агенттіктен біткен мал.
Мал біткен соң жел бітті,
Мақтан бітті, желікті;
Кесусіз бір ұлы бар.
Дәулет анау, ұл мынау,
Абұйыр анау, жұрт мынау,
Бұқарбай жүр “шүкір” деп,
— Ұлын қашан кестірмек?—
Деп Жалайыр күңкілдеп
Тұрған сынды көрінді;
Бұған көңіл бөлінді.
Той қылмаса тағы да
Дұспан бетке түкірмек...

Тұрқы-тұрқы жерлерден,
Жалайырдағы елдерден
Ақсақалды, жақынды
“Осындай бір ниет”— деп
“Көптен көмек тиед”— деп
Аю жұртты шақырды.
— Ниетіңе жет,
жаным!
— Ұлы дүбір ет,
жаным!—
Десті, берді ақылды.

Қаулы — малды сой!— болды.
Сонымен той болды.
Сол аюдың тойына,
Қараталдың бойына
Сазға тікті жетпіс үй;
Түсті үйлерге болыс, би
Жалмаң қақты, жұтынды.
Қырылды мал, күтінді,

Қырға қазған жерошақ
Бұрқыратты түгінді.

Жетті қулар жылғалап,
Бауырсақтар бума қап.
Шапты біреу қалаға,
Талдықорған қайдалап.
Құлақтан қап монпаси,
Құдағилар бал жалап.
Қоржын-қоржын шекер-шай,
Бұқардай бір төгілді;
Обсырзак бір түнілді.
Өзі “өкімет”, өзі бай,
Той қылсаң қыл аюдай!
Түлкі менен мысықтан—
Атқа мінер пысықтан:
Есімбек, Қаумен, Сұлтамбай—
Сорпасына су тамбай
Той басқарған тройка;
Болды дүбір, мереке.
Әрбір Ауыл Кеңеске
Кеткен бір-бір записка.
Оқығанға оңаша үй,
Ағы-қызылы аралас,
Араласты бутылка.
Шолакетек, бай, мырза,
Қыз, келіншек — тамаша;
Салды-ау,— көтер!
Көтерге —

Кооператив, Совет, мұғалім,
Жіңішкенің, жуанның—
Бәрі де бір мәжіліс.
— Қой, зорлама, өзің іш!—
Деді молда— я, алда!
Көшпелі суд жұтқанда.

Мая-мая майларды,
Төбе-төбе еттерді
Ақсақалдар ашалап,
Арыстандар, қабыландар
Бір-бір табақ алғандар
Қарындарын қампайтпақ.
Қонақтарын күттіріп,
Табанынан тік тұрып,

Аюла жок шаршамак.
Көкмөйынға көпіріп,
Қаскыр құсты өкіріп;
Мақтап жатыр түлкілер:
— Уа, Бұқарбай, жасалап.

Бұқарбайдың ұлының
Сүндетін ал, құттықтап.
Бар Жалайыр жабылды:
Біреу айдап танасын,
Біреу айтып шамасын,
Жекжат-жұрат сабылды.
Көңілдегі — Сайланбай
Тай жетелеп, қой айдап,
Келсін бе ол байланбай.

Соныменен келген мал
Есептесең мынадый:
17 өгіз, 15 қой,
Екі жылқы бірі тай.
Екі жүз сом червонец
Дастарқаннан алды жай.
Несие мал және бар;
— Аларсыз,
— Қостық...
Ол былай
Сонымен не керек,
Қарақшы алған бір бөлек.
Жалайырлар ентелеп,
Бір-бір атын жетелеп,
Тарқатпаққа құмарлы
Сайлап, айдап шығарды.
Елеуретті намысты,
Екі-екіден алысты,
Ырсылдасты, қабысты;
Шыр жалаңаш қылысты.
Болғанан соң күресіп,
Ат бәйгесін үлесіп,
Енді ауылға барысты;
Құнан, серке алысты.
Желбезегі желбендеп,
Танаулары делдендеп
Қараталдың бойында,
Бұқарбайдың тойында
Жалайырлар шабысты.

Сонымен күн батты,
Күн батыра ел қайтты.
— Ұмытпастай той қылдың!
— Атак алдың, жұрт жидың!
— Азаматсын!— деп айтты.
— Тілеулеспіз бағыңа!
— Тәңірі ұл берсін тағы да!—
Тағы түлкі сүм айтты.
Аюдағы о күнгі ой:
Осы сөздер еді ғой!
Айтқандары — қоңайтты.

Сонымен бұл қылық
Сөйлегенге жыр қылып—
Ертек емей немене?
Агенттіктен байыса,
Той жасаған аюша
Айғырбайдың бұқасы,
Анау ұлдың әкесі
Еркек емей немене?
Ескіліктің төбесін
Қашап жатқан заманда,
Бай, кулаққа шабуыл
Жасап жатқан заманда,
Бұқарбайдың мұнысы—
Сердебе емей немене?
Жалайырға жар салған
Бай қылықты мынадай,
Айғырбайдың аюы
Тентек емей немене?..

1929

Пұшық мұрынға кетік ыдыс

Мақта жұмысындағы зиянкестерге қарсы
Мақтаарал совхозындағы жұмысшылардың жиналы-
сында отырмыз. Жұмысшылар, халық жиналған.

Әдемі кеш, айдала. Электрдің нұрынан жердегі
инені алуға болады. Сахнада — сартылдап сөйлеп
жатқан жұмысшылар. Бәрі де зиянкестікке кектенген.
Бәрі де жұмысқа жігерленген:

— Құрысын зиянкестік!

— Ату керек. Адамсыз қалсақ та, соларды ат-
сыншы, қырсығын қоймайды ғой.

— Оларды жауапқа — жоспарымызды үстеп орындаймыз...

— Оларға жауап ретінде жұмысқа тегіс аттанамыз.

— Оларға жауап ретінде бесжылдықты төрт жылда орындаймыз...

Осы ретте қаулы алынып болған соң, ойын алдында перде ашылып қалғанда — сахнаға шығып толған балалар көрінді. Пионер, жай бала — бәрі де совхоздағы мектептікі. Қолдарында бір-бір жалау, бір-бір қаңылтыр қуық, рупор. Біреу шылапшын, біреу патнос, біреу қаңылтыр ұрып музыкалатып аспанның басын қаңғыртып жіберді. Дүрілдетіп барып басылды. Басылған кезде жалпақ мұрын сары бала сөз сөйледі:

— Жолдастар! Біздер осындағы мектептің балаларымыз. Біз мәдениет әскеріміз. Осындағы мәдениет аттанысының қаулысы бойынша, мынау туымызды жұмысшылар жиыны алдында совхоздағы почта бөліміне тартамыз,..— дегенде, балалардың ар жағынан екі ағашпен керген өрелі киіздің үлкендігіндей ту көрінді. Ту электр нұрында жарқырап сала берді. Жазған жазулары айшықталып көз алдымызға келді.

Жан қыпылдап отыра алмадық, соншалық нұрлы, соншалық түрлі тамаша.

Тамашаға қалай батпассың. Өңкей қызғалдақтай қызыл жағалы пионер балалары жұмысшылар жиылысы алдында көсемсіп сөз сөйлеп тұрса, көтерген туының нұры электрмен шағылысып аспанды шарпыса, тудағы салынған сурет, ілінген әлем дәл бүгінгі күннің ұранына құйылысып тұрса...

Ту өзгеден өзгеше — бөлек ту болса; түстелген зат барқыттан әрі жібектен бері күрең қызыл құлпырмалы, нұры ойнамалы болса, туға тағылған асылдар — тақиядай алтындар, асыл тастар болса, міне, осындай қымбатты туды жаңағы жас балалар музыкалатып, әндетіп, ардақты почтамызға сыйлаймыз деп тұрса, осыған қалай тыныш отыра аласың.

Сөзді ана балалар айтып тұр:

— Жұрт алдында қымбатты туымызды сыйлаймыз почтамыз саған...

— Социалдық құрылыс дәуіріндегі сенің қаһармандық тасбақа қарқыныңа.

— Пролетариат төңкерісі кезіндегі сенің қоңыз қимылыңа.

— Еңбекшілердің ұлы тартысындағы сенің биттеп, құрттап отырған іскерлігіңе.

— “Кеңес Одағының барлық еңбекшілері бес жылдықты төрт жылда орындаймыз”, деп арпалысып жатқандағы сенің қоңыр-қоймалжың тәтті ұйқыңа.

— Мақтаарал совхозының барлық жаны, жұмысшылары қайтсек жоспарды орындаймыз, қайтсек мақтаны молайтамыз деп жанталасып жатқанда...

— Сенің ардақты апартундық; сылбырлық қылығыңа, былығыңа... Салақтығыңа; олақтығыңа...

— Қымбатты почта бөлімі, сен бізге қадірлісің. Сенің жұмысың мына дәуірде бізге қымбат. Айында жалғыз хат бермейсің. Айында жалғыз газет бермейсің, жалғыз газет, журналға бізді жазбайсың. Жазылған газетіміздің ақшасын алсаң да, өзін көрсетпейсің, ерте жатып, кеш тұрасың. Той тарағанша біздің таздар танып болмайды. Есігінің ашығынан жабығы көп болады. Қызметшілеріңнің айығынан, шалығы көп болады. Берілген жай телеграмдар, найзадай телеграмдар, тығыздар, асығыстар, росталар, газет телеграмдарының сіздің есікке кірген, жатқан ізі болады, шыққан ізі болмайды. Жетілеп, жарты айлап жата береді. Сіз бір жатқан телеграм қаттардың керуен сарайысыз, қыс қыстау, жаз жайлаусыз. Сіздің осы жұмыстарыңызды біз, мәдениет әскері, аса бағалаймыз. Аса бағалағандықтан, жұрт алдында шығып жариялаймыз. Біздің мәдениет штабының сіздерге ту сыйлауы туралы қаулысымен мына туды мына жиында сізге береміз...— деп туды почтаға ұсынды.

— Тудағы жарық өте түсті. Халық ду күлді: күлмеуге болмайды. Үйткені почтаның ұйқылы-ою тұрған бастығы таяу түр екен, қалбалақтап капелімде туды құшақтай алды...

Тудың қандай екенін бағана айтқан едік; барқыттан әрі, жібектен бері деп едік, онда ол не болады деп оқушы күпті шығар, ол— “киіз” болады. Не кенеп болады. Не қазанқап, не тұтқыш болады. Бірақ, мына ту олардан емес еді. Бұл ту жырттық жөкеден еді. Даладан кіргендер аяғын сүртіп кіруге мектептің сыртқы есігі алдында төселген еді. Осы қар бұзылғалы сонда жататын еді...

Туға салынған суреттер почтаның үйі, үйінің “Мақтаарал почтасы” деген вывескасы, хаттары, хат жәшіктері еді. Қуыршақтар еді.

Туға жазылған сырмайлар, батпақтар, ылайлар, күйлер еді. Осындай тұлымшықтар еді.

Туға тағылған моншақтар — үлкенді-кішілі алты таспаға, төрт шарық, он шақты сынық бөтелке... сылдырмақтар еді. Осындай асылдар еді.

— Осы туды сізге сыйлаймыз,— дегенде, ұйқылы-ояу почта бастығы жалма-жан жармаса кетіп еді. Жұрт осыған күліп еді. Үйткені, ол бастық осы замандағы “өзімнің қарамандық қарқыныма, іскерлігіме шынайы қызыл ту сыйлағалы түр екен” деп қалып еді. Үйткені, жөкеден істелген таспаға туы, большевиктік қызыл туының қалқасында қалып түр еді...

Қалқада тұрған “қара ту” шығарылып, иесіне беріледі...

Жұмысшылар тұрып тағы сөйлеп:

...Ісінді енді түземесең, саған қарғыс айтамыз,— деді.

— Әзірге мына балаларға алғыс айтамыз,— десті.

1933

Шайтанарба

Адамдарын отырғызып, жүгін тиеп, Мәскеуден мәңірей жөнелген жүйрік поезд күні-түні демей шушуге салды. Сарт-сұрт тебініп сабаулатып, азанда тып, Рязаньдатып, Сызраньдатып, Еділді өтіп, Самарлатып, Кенельдетіп, жеделдетіп Орынбордан өте шықты.

Сардаланы сара тіліп, саулап келе жатқанын поездың оңды-солды терезесінен кезек-кезек қараймын: керіліп жатқан кең дала, шалқайып жатқан кең дала, шалқайып жатқан кең жон, сұлап жатқан жазық алқап. Бір тал бұлтсыз шаңырақпаған бозаң аспан төңкеріліп жабағы жер жиегімен астасқан. Көлеміне көз жеткісіз көк бурыл дөңнен асып, белдің белдігі жол жатыр. Айдала. Айнала алапта көзге қадалар сыңар бұта, жалғыз ағаш жоқ. Жоғарыға қарасаң — көкшіл тақыр аспан, төмен қарасаң — көсіліп

жатқан кокала бурыл жазық жер. Жалғыз-ақ жер мен аспан арасындағы көз тоқтатарлық қараңқураң — поезд жолының сілемі, селдіреген дінгегі. Арсылдап, адымдап алысты алған, алып күшті машина станциялатып, разъездетіп жүйткіп келеді.

Шілде. Қырдың май айындағы көк бұйра елтірі жүні жетіліп, сабалақ сенсең болып, сарғайғайып қалған. Жазда, күзде салынған егіндер сарала болып пісіп келеді. Енді аздан соң қыр қарпылып, егін күземі алына бастайды.

Орынбордан өткен соң-ақ поезга өзгеріс кіреді. Станция, разъезд келсең-ақ басына шыт байлаған, желең шекпелдер орын алады. Соның бірі мынау тұрған өндірішегі созыңқы, қой көзді, сирек сақал, арықтау қара шал, Поезга арпалысып мінемін деп алқынып қалған, маған қарсы отыр, тер сасиды.

— Сіз қайдан отырдыңыз?

— Мына Қосаралдан.

— Барыс?

— Ақтөбенің аржағындағы станциядан түсем, онда балам бар еді...

Поезд ұзады. Станциядан абырлап жүргендер орны-орнына отырып, дабыр-дүбір аяқсыды. Менің қасымдағы шал да айналасын әбден шолып болып, терезеден бір қарап, қонышынан құмырасын шығарды. Насыбай шақшаны тізесіне бір қағып алып, алақанына күс-құстай бастады. Бұл — шалдың көңілінің орныққандығын білдіретін әрекет еді. Шал насыбай атып алған соң, тұрып барып ашық терезеден тысқа түкіріп келді.

— Өзің қайда барасын?— деді.

Мен жөнімді айттым. Жөн сұрасқан соң, жол таныстыққа айналдық. Сынық жүзі, үйірсек мінезі, орынды айтылған көңілді сөзі өзінен көп әңгімені күттіргендей.

— Жол қысқартыңыз!..

Ол ойланғандай үндемей қалды. Аздан соң:

— Жол қысқарту керек қой; бірақ қайсын айтайын, шынды ма, өтірікті ме?— деді. Мен де ойланып қалдым. Тағы да ол:

— Өтірік пен шынның арасы екі-ақ елі дер. Менде екеуі де бар, екеуін де білем; саған қайсысы қызық?— деді.

— Оны әңгімесі біледі. Кейде шынға бермейтін өтірік болады, өтірікке татымайтын шын болады.

Оны менің тыңдауым білсін. Бірақ сіздің бір сөзіңіз маған түсініксіз болды. Оны әңгімеңіздің артынан сұраймын. Айта беріңіз...

— У — у — у!..

Машина дабыстады.

— Пә, станцияға келіп қалдық. Сен түсіп су ал, шай сал, сонсоң...

Су алынды. Шай салынды. Осы өлкенің қызылбұйра шайға қаны құмар қазағының қануы қиын болып, түйеше сораптап отыр. Жүк вагонының ішіндегі шайдан жіпсіп шыққан шалдың тері былауға айналды. Самайдан сорғалып, күреден бұлақтап тер сөгілді. Шал шайға салған бауырсақтай бөртіп, суыны қанып, құмары басылды. Омырауды желпіп тастап:

— Осы поездан бір тентектік есіме түседі,— деді.

— Айтыңыз!

— О, бір жылдар, осы маңда Таңатар ауылы отырады. Оларда мал көп. Лықсыған бай ауыл. Әсіресе түйе мен жылқы өші қалғандай біткен. Өрістегі жайылған түйені көрсен, қаптаған шегірткені көргендейсің. Күні-түні далада, басын бұратын кісі болмайды. Жылқыны қыста қостап, жазда жайлауда боламыз. Дәл, міне шілденің осы уағында құлын қосу үшін таңғы иіруден өргізген жылқы шұрқырасқанда мына кер дала күңіреніп жатады. Мен Жұмағұлда жылқышымын.

— Жұмағұл кім?

— Әлгі Таңатар ауылынан шыққан бұл елдің ең мықты кісісі. Түрі тұтқыштың бетіндей қап-қара, қарыны шертиген жуан кеуделі, биік кісі еді. Беті іркіттің сабасы сықылды, қанталаған қызыл ала көзді, селдір сақалды, мұртты, бүркіт қабақ, қошқар тұмсық, зор дауысты, сесті адам. Өзі өлгенше, ешкімнің ырқына көнбей кеткен қайсар, тентек көкжалдың өзі еді. Оның қылмағаны жоқ. Тым тентек еді. Осы кісінің бір өрескел тентектігі есіме түседі.

— Айтыңыз!..

— Өз дегені болмаса, өзгенің өзі де ұнамайды, сөзі де ол кісінің құлағына кірмейтін. Әсіресе, ата салтын мықты ұстайтын; ата жолына қылдай қиянат қылмайтын өте берік кісі еді. Дүние неше жаңаланып жатса да, ата мұрадан арылмайтын; ата дағдыны бұзам деген қылықты көрсе, оған жаны қас; оған

қарсы үлкен бүлік шығаратын тотияйын кісі еді. Ол кісінің талай тентектігі бар. Әсіресе, базарға дүспан, қалаға жау еді. Сәудегерден жыландай жиіркенетін; ауылға келген қыдырмашылардың бұлын талап, білмесе де зорлап молда қылып, өлгенге жаназа оқыттыратын. Қаланың шыны, ыдыс-аяғын алғызбай, қайың теректен тегеш, астау, сапты аяқ жасаттыратын. Қырға жүргізген телеграмды талай рет құлаттырып, үздіріп тастаған Жүмекең еді ол.

— Рас, тоңмойын кісі екен-ау!

— Керемет еді. Телеграм демекші, тағы бір тентектігі ойыма түсті.

— Айтыңыз!

Әңгімені тыңдаушылар көбейді. Біреу жамбастап, біреу-біреуге тығылып, вагон ішінен үш-төрт тыңдаушы кісі табылды.

— Е,— дейміз.

— Қай жылы екенін білмеймін, осы өлкеде өзіміз келе жатқан шойынжолдың алғаш салынып жатқан кезі. Шойынжол алғаш жасалғанда ел орасан әбігер болды. Елге салған ылау, сойыс, шығын көбейіп кетті. Отарба туралы неше түрлі ертегі қорқыныштар жұрт ішіне тарал: “Шайтан арба”, “Сиқырлы жол”, “Заман ақыр дажалы” екен деген толып жатқан әуезе, лақап елді үрейлендіреді. Стражник, шабармандар елден үй жинап, ылау айдаттарды. Рас жарлы жігіттер жұмысқа жалданып жер қазды, жүк тасыды; ақша алды. Бірақ, солардың көбі айлап апталып ашты, тоқты ауыр жұмыс істеп, көбі — көкжұлын ауыру, жарымжан болды. Қыста суық, жазда күн жеп, көп жігіт дертті болды. Онда жігіттерді бүгінгідей доктор қарамайтын.

Қырдан алғаш айғайлай отарба жүргенде өзіміз жанына бара алмадық. Жағамызды ұстадық. Не екеніне көзіміз қайдан жетсін! Алғашқыда поезды тамашалап алыстан ара қонып келген адамдар болушы еді.

Онда мал көп. Ұлан жазға жылқысы жиылмайтын байлар болады. Мал семіз. Әсіресе, жылқының түгін тартсаң майы шығады. Жылқы қику шықса желмен тең; жылқыны ұстап болмайды. Алғаш поезд келгенде қорлықты осы жылқыдан көрдік. Қоя берсең жылқы ен далада, жол үстінде жайылады. Алыстан поездың қарасын көрсе, не дауысын естісе, жау тигендей шұрқырасып, үркіп поездың алдына түседі.

Құтырып тұрған құр ат, айғырлар, ту биелер, тай, құлындар поезбен жарысып, түтінге шаң қосып тұман қылады. Ондайда поезды тоқтатпайды. Қайта қайта ақырып, жылқыға әдейі жау тигендей қылады. Ақырған сайын жылқының әдеті емес пе, үркіп, жо-сып жер-көкті көшіреді.

Біз, көбінесе, жылқыда болмаймыз. Бола қалған күнде де айғайға айғай қоспасақ, ондай дүрліккенде жылқыны қайырып ала алмаймыз. Далбайды де-лендетіп, жанасалай біз де бездіреміз. Атқа қамшыны басамыз, құйырықты көтереміз, айқайды саламыз. Сарт-сұрт тебініп поезбен жарысып келеміз. Алғашқыда жылқыны әдейі отарба жолының үстіне айдап барып жаятын күндеріміз де болушы еді. Жын-дылық қой!

Ал, түйенікі тіпті қызық, отарба бұларға жо-лықса, дегенбай топалаң сонда болады. Түйеден меңіреу, қорқақ мал жалғанда болар ма, үлкен ба-сымен селт еткен шөптен үркіп, қыбыр еткен тышқаннан қорқып үңіреңдеп жүргені. Кенеттен отарба кезігіп қалса, қодырайып қарасып біраз тұра-ды, тұрады да, поездың бетіне қарай безіп береді; жүгіргенде төрт аяғы төрт жаққа тарбандап, да-лақтап шапқан белсенділердің кннгалы қоржынындай өркештері салпылдап, мойныны ілгері итеңдеп, қашқан қаздай тайрақтайды. Не арба артынан қопарыла, не жанасалап жарыса береді. Не арбаның алдына түсіп қалса, бір жағына да бұрыла алмай, бетімен сабай береді. Болмаса, кейбіреулері поезд жолының жұмсақ қордалау жері болса шөгіп жатады. Егер де бұл кезде поезд келе қалса, екі көзі тасы-райып, құлағы делдиіп, меңірейіп, тұрып қашуды ұмытып кетеді.

Жарықтық, тақ иесіне ұқсаған хайуан ғой!

Қой, түйедей емес. Олар дыр етіп бір үркеді де, біріне-бірі жүгіріп жиналысқан соң тоқтай қалады. Олар поезды алыстан көрмейді; дауысын да қойшы, күзетші дауысынан ажыратып білмейді. Тек үстіне келіп отарба ақырса, салдырласа сонда ғана қасқыр тигендей дыр-дыр үркеді. Олар поезды тек қасқырдың үлкені шығар деп түсінетін сияқты. Со-ндықтан қой үріксе қойшыға қарай үркеді. Бірақ қойды поезд жолына қойшылар айдап келеді. Поезд жолының үстіне қойшылар қойды ойдан да, қиырдан да жайып келіп тамаша қылады. Өткен поезды көріп

жүгіреседі, далбалақтап қатар жарысады. Мәз болады. Кешке көргендерінің біріне екіні қосып қыз, келіншек, бала-шағалардың ауызына: суын ағызып әңгіме соғады.

Отарба алғаш жүргенде шығын көп болды. Малды көп басты; поездан қазысы жарқырап жылқы жатты, қарны ақтарылып түйе жатты; қой қырылып, қойшыны басқан кез де болды. Бүгін бұл жерде, ертең ол жерде, “басып кетті”, “жарып кетті” хабарға құлақ сасыды...

Ел поезд жолына жақын мал жаймайтын болып шошымалы болды. Поезд жолынан аулаққа көшті. Осыдан Жұмағұлдың бір тентектігін айтайын деп келемін.

— Айтыңыз!

— Бір күні Жұмағұл жігіт жинады. Жігіттің біреуі — мен. Бір-бір құрық алдық. Саулап аяндай қара жолға келдік. Кең даланы қақ жарып қол ұстасып тізіліп ақ шыны құлақты телеграф дінгектері түр. Жұмағұл біздің үш құрығымызды жалғаттырап қолына алды. Жалғанған құрықты көтеріп көріп еді, шыжылдап сымға тиді, шықылдап шыныға тиді. Жұмағұл “жарайды” деді. Сонан соң өзі телеграм ағашының басындағы шынысына қарап:

— Ассалаумағалайкүм, алдияр патсамыз!— деп, басын иіп аз тұрып, ауырлықпен, ашулы зілмен, ұмытпасам осылай деді:

— Е, ақ патсаның әділ баласы жас патса! Біз сіздің қол астыңызға қарағалы бір дәуір заман өтті. Ол уақытта сіздің атаңыз ақ патса айтқан екен: “Жеріне тимеймін, солдат алмаймын, өз еркің өзіңде, кеңшілікте жасайсың” деген екен; тіпті, теріге хат жазып, мөрді басып берген екен. Ол сөз, ол уәді бүгін қайда? Айтылған атак ақ патсаның сөзі бірте-бірте ұмыт болып кетті. Ата-бабам туып көрмеген әлеметті көрсете бастадың. Мылтығын тарсылдатып солдаттың келді. Кезін кезеп сәудегерің келді; знагін салып ақ төре шықты; үй тіктірді, ылау жинады, сойыс сойдырды. Бұған да көндік-ау!

Бұрын еркін заманда мандайына жез қадаған шабарманды кім көрген? Салдырлаған көк арбаны, көрдей қараңғы абақтыны кім көрген? Оны да қайтелік!

Көрмеген сұмдықты көрдік. Сиқырлы сым темірі сөйлеген телеграмды біз өңіміз түгіл, түсімізде де

көріп пе едік, көреміз деп ойлап па едік? Ат жекпестен от жегіп, кара жерде қайықтай жүзген шайтанарбаны да көрдік. Ол құтымызды ұшырды. Шайтандай салдырынан мал үрікті, жерді басты, малды басты. Елде зәре жоқ.

Бұл сұмдық емес пе? Бұдан қатты қорқамыз.

Осы жайларымызды жанабаңызға мағлұм қылып, көптен-көп сіздің мархабатыңыздан сұраймыз. Бұдан былай, қол астымдағы қазақ халқы бейбіт жасап, тыныш ұйқы ұйықтасын десеңіз, мына шайтанарбаны біздің жаққа жібертпейтін қылыңыз! Мұндай ақыр заман ғаламаты шайтанарбаны бұл жаққа әкеліп өзіңізге қараған халықтың жанын шошытып, малын үркітіп жүрген жауыз ниетті бұзық адамдар болса, оларды әділ үкіміңізбен қатты жазаласаңыз екен! Сізге мың қабат алдияр деп, әр уақытта саламаттығыңызды алладан сұрап, жанабыңызға телеграмм соққан Жаманбайұғылы Жұмағұл!— деді де маған:

— Ал, соқ!— деді.

Мен жалғаулы құрықпен телеграмды беріп қалдым. Сымы шыж-шыж етті.

— Жабыла ұрып-ұрып жіберіңдер,— деді Жұмағұл. Келген жігіттер кезектесіп екіден-үштен телеграмды сойылмен соқты.

— Кетті!— деді Жұмағұл, көңілі жайланып.

Сонымен сөз патсаға кетті, біз үйге кеттік.

Жұмағұл бүгін ауылға көңілі тынып қайтты. Ел орынға отыра сойылған қозының етін таңға жақын жеп, ауыл-аймақ сорпа ішті.

Тамақ артынан төсекке жатарда тойған қарнын сипап отырып, кеңірдегін кере кекіріп:

— Алқамдылила, шайтанарба енді келмейтін болды,— деді.

— Қалайша?— деп, бір аяғын сылтып басатын бәйбішесі сұрады.

— Солайша, шайтанарбаның үстінен арыз қылып ақ патсаның баласы әділ патсаға телеграмм соқтым,— деді Жұмағұл.

Ертеңіне таң атты. Кең даланы жаңғырықтырып айқайлап, поезд қырды ұйқыдан оятты. Ауыл адамдары алағызып дөңге шықты. Түтіні будақтап, жыланша сумаңдап поезд жоғарылап барады. Өзге жан қобырасып поезд туралы көргенін, естігенін айтып “әні, мәні” деп турғанда, топтан аулағырақ, қабағы

салыңқы Жұмағұл, кең даланы жарып бара жатқан отарбаның артынан қарап қалған еді.

Ай сүттей жарық, түн салқын. Ауыл-ауылдағы жалшы-құлшының барлығын Жұмағұл жинап келіп жұмысқа салған. Табанымыздан таусылып, пұшпақтап терге шомылып тас тасыдық. Үйіп жатырмыз, үйіп жатырмыз, үйіп жатырмыз. Үйілген тастар жолдың үстіне шөккен түйедей болды. Шойынжолдың үстіне әр жерден тас үйіп, бір шақырымдай жерге шейін бөгеуіл салдық. Таң қылаң берді.

— Енді болар!— деді Жұмағұл. Біз жұмыстан босандық. Астына көрпе салдырып, жол жазғасына отырып Жұмағұл поезды тосты.

Көп уақыт өтпеді. Күн шығардың алдында алыстан түтіні будақтап келе жатқан поезд көрінді. Жұмағұл тұрып үйілген тастың қасына барып тұрды. Көз көрім жерден отарба бажылдап айқайды салып келеді. Сірә, жолымнан былай кетіңдер!— дегені болу керек, ышқынып-ышқынып ақырады. Жұмағұл мелшиіп тұр.

Поезд зырлап келеді. Бүрк-бүрк бу шығарып безек-безек етеді. Отарба мінген жанның бәрі де дүркіреп есіктен, терезеден поездың алдындағы біз жаққа қарап аң-таң болғандай. Поезд дамылсыз ақырады. Қолындағы жалаушасымен “кет” деп ым-балап, есікке асылып біреудің қолы жұлқынып келеді. Жол үстінде Жұмағұл ханнан хабарсыз талтайып тұр.

Отарба ышқынып келіп те қалды. Жақындаған сайын, Жұмағұлды басады деп бізде зәре жоқ. Ақырған арба, сақырлаған поезд, шулаған жан жерді, көкті азан-қазан қылды. Жүрегіміз тұрып, құлағымыз түнды. Жұмағұл тапжылмай тұр...

Поезд ышқына-ышқына ақырып Жұмағұлдың тап қасына келді; келді де тоқтап қалды. Бүкіл поездағы жан қопарылып жерге түсті. Түскен халық айдаладағы шойынжолдың үстіне үйілген төбе-төбе тасты, жиылған жігіттерді, жалындап түтігіп, түгі сыртына шығып, түнеріп тұрған, паравоздың алдындағы Жұмағұлды көрді. Үстіне киген ақ киімінің жаға, жеңін алтындап тастаған ақ төре, Жұмағұлдың қасына келді. Сірә, үлкені болу керек. Келіп гүж етті. Жұмағұлдан бір нәрсе сұраған сияқты. Бірақ, бізде тіл білетін кісі жоқ; олар да солай екен. Тек

Жұмағұл таяғымен ақ төренің көзіне түртіп қайта-қайта:

— Өт! Өт!— деді.

Орыстар оған түсінбей шерменде болды. Жұмағұл ақ төреге төніп күж-күж етеді:

— Арбанды неге тоқтатасын? Неден қорқасын? Жол үстінде үйілген тас жығылған жылқыдан, шөккен түйеден биік пе? Өт! Өт!— дейді.

Не екенін төре түсінбейді. Аң-таң. Арбаны тоқтатқанға Жұмағұл жаны жай тапқан. Оның дегені болған сияқты. Далбайды қолға алып поезға сілтейді:

— Шайтанның арбасы неге тоқтадың? Түйеден тас қалай екен? Тас-талқанын шығарып неге басып кетпейсің? Басып кет! Жаншып кет! Сен — шайтансың ғой! Сен — күштісің ғой! Шөккен түйеден аласа тасқа неге бөгелесің? Басып кет! Жаншып кет!..— дейді.

Поезда бір талай солдаттар бар екен, олар бұған бұрқан-талқан болды. Көріп тұрмыз. Бірақ, төренің өзі оларға тентектік қылдырмай, бірдене деп зекіп тастап еді, олар тынышталып қалды.

Жұмағұл: “Аттаныңдар, жігіттер!”— деді. Біз Жұмағұлға еріп ауылға қайтып келдік. Айдалада тоқтап отарба қалды. Сыртынан қарап жүрдік; отарба сол арада күнімен тұрды. Алды, артындағы станциялардан жұмысшылар жәрдемге келісіп, ұзақ күнге біздің үйген тастарды аршумен әлектенді. Бұл арадан келер кешіне азар өтті.

Міні, сүйтіп отарбаға қарсы Жүмекеңнің бір істеген тентектігі есіме түскені.

— Артынан Жұмағұлға тиген жоқ па?

— Жо, тиді. Оны дуанға шақырыпты. Жұмағұл дуанға жүрерде поезд жүргелі өлген малдың бірін — екеу қылып көбейтіп: “сонша түйе, сонша жылқы, сонша сиыр, сонша қой-ешкі, ”пәлен кісіні шайтан арба басып өлтірді”— деп, адамға күн, малға төлеу даулаған. “Егер мұны төлемесең патсаға дейін барамын”— деген. Дуандағы төре жасқанып, “Жұмағұлды үйіне түсіріп, тәтті шай ішкізіп, ”Тамыр болалық”, “Бұдан былай отарбамен түйелерінді басқызбаймыз, басқан поезды законға салып тентек қыламыз, жазалаймыз”,— депті. Жұмағұл сонан кейін тынышталды...

Әңгімені менімен бірге тындағандар мырс-мырс күлді. Біреу Жұмағұлды— “қайсар, қайтпас ер; қырдың қысқыры екен”— деді. Біреу— “акмак”— деді. Біреу— “жабайы, надан”— деді. Әңгіме айтқан шал “тентек” деп бастаған еді, сол пікірінде қалды.

Осы әңгімемен отырып, жолды қысқартып тастаппыз. Поезд жолдың мөлшерлі жеріне келіп тоқтаған соң шал түсуге жиналды. Шал поездден түскенде алдынан бір жігіт күтіп алды. Омырауына Ленич орденін қадаған қарашұбар жұмысшы осының баласы болды. Ақтөбенің депосында істейді екен.

— Менің соққан телеграммды алдың ба?— деді әкесі.

— Алып күтіп тұрмын,— деді баласы.

Шалдың әңгімесі, өзі, поезд, баласы — бәрі тұтасып баланың тарихын ойлатты...

1935

Көрген де арманда, көрмеген де арманда

Біз, Қызылорда халқы, қалалық киноның басқармасына мың-мың алғыс айтамыз. Ол азаматшаға тәңір алдына дейін тәңір жарылқасын айтуға борыштымыз. Биыл ел алдымен ебелек ұшып, “Мемлекет театры” дегеніміз желпілдеп, Алматы жөнеліп, жетімісірегіп кеткен жайымыз бар еді. О шіркіндердің де жетіскендігін есітіп жатырмыз. “Басында үйі жоқ, әркімнің босағасына түнеп жүр” деп ұзын құлақтан естиміз.

Біздің көңілімізді көтеретін жалғыз Көркино байғұс. Қайтсын, табанынан тік тұрады. Зыр жүгіреді. Африкасын жапсырады. “Совет степке” бастырады. Үйін жылытады, сыпыртады, билетін береді, орын көрсетеді, уақытында бастайды. Таспасы тозыңқырағандықтан тарс үзіліп кетсе де, жарты сағатта жалғап жібереді. Көрсеткен суреттің де алды-артында жуан жуса әйелдеріне ән салғызады. Әйтеуір көңіл көтереді. “Барымен базар” дегендей Қызылорда халқы жазды, күзді, қысты осымен өткізіп келеміз. Көркиномыздың өркені өссін!

Біз, жергілікті халық Көркино байғұстың ықыласына аса ырзамыз. Шамасы келгенше мәдениет майданына ат салысқанына, өзімізбен бірге атта-

нысқанына дардаямыз. Шарқы жеткенше картинасын қазақшаландыруға кіріскеніне біз жергіліктілер, арт жағымыз шелектей болады (Мен ғапу өтінемін!).

Көркино көптен қазақы. Жаздан бері бірталай “қазақыландырылған” сурет көрсетті. Түсінбесек те талай “қазақшаны” өзіміз көрдік. Қазақшасын түсіне алмай, орысшасын оқи алмай талай құрамай қаптық. Бекер, обалы кәні, онысын айтпай отыра алмаймыз.

Тілеуіңді бергір Көркино жакында “Жарық қала” деген суретті көрсетті.

— Жарық қала не? Түрдің жарығы ма, жоқ “жарық астау” дегендей қалаң жарылып жатыр ма?— деп оқушы жағалай жармаса түсер ме екенсің. Қалай ұғынсаң, солай ұғын, еркің. “Жарықты” жанымнан шығарып отырсам, жан қалтамнан алып отырсам — сенікі жөн, әйтпесе:

— Мен ғапу өтінемін! Оның орысша аты, “Светлый город”. Өзі “Жарық қала” десе — жарық қала. “Жақсы лебіз — жарым ырыс” дегендей “Жарық қала” қойылғалы Қызылорда жап-жарық. Шырақ қып отырған жалғыз машина-қазан бар еді. “Жарық қала” келгелі жарылды да қалды. Жануарға өлі тисе керек. Жазылғанша жанымыз жай табатын емес: күн еңкейсе-ақ көшеде қошқарша сүзisetіндікке жолықтық. Күн бардан күйбіндеп төсек салатын болдық. Кирсинді алу үшін “профиранс” білу керек білем, онан мен өз басым мақұрыммын.

— Мен ғапу өтінемін!

Ал, “Жарық қала” суретін көрген де арманда, көрмеген де арманда, әсіресе өзінен де жазуына арманда.

• • •

Алматының ар жағында “Шелек”, “Есік” деген екі поселке бар. Осы екі қаланың арасының неше шақырым екендігіне жолда келе жатқан екі тілмаш таласа кетіпті. “Жүз шақырым” деп біреу айтыпты.

— Жоқ, болмайды!— деп біреуі көнбепті. Ақырында жолыққан орыстан сұрапты. Әрине орысшылап:— Эй, тамыр, скажи нам, сколько версть от ведры до двери?— деп “асыра сілтеңкіреп” жіберіпті. Бұл тілмаштың дәл аудармасы. Ал жаңа, тілмаштың

қазақшалағаны мұнан да көңілді. Көңіл көтерейін деген кісі “Жарық қаланы” көрсін. Бірақ, бір көңілсіз жері, “Жарық қаланың” жазуын қазақшалаған “азаматшаның” кім екендігін “сразы” біле алмай ынтығады. Оны білу — мекемелерден бюрократизмнің белгісін іздеумен бір бас. Із де жоқ, түз де жоқ, дәйек те жоқ, дерек те жоқ. Жазуы да арапша, тілі жыңша, өз аты жоқ. Ал, тамыр, тапшы!

Картинаны көргенде оның не болып, не қойып жатқанында менің жұмысым болған жоқ. Алғашқы жазуы жарқ еткенде-ақ қазақшасы көзіме оттай басылды. Қазақыланғанына қуандым. “Жаса!” деп жіберейін деп едім, ұят бола ма дедім.

“Қазақылап берген қайырымды азаматшаның” кім екендігіне ынтазар болдым.

— Оның тамыры Березкин.

(Березкин его друг).

— Қатын неге алмайсың?

(Почему не женишься?),—

дегеніне қарап тілмашты қазақтың қара байырғы қол тумасысын-ау деп дәмелендім. Оның қисыны болмады.

— Мен гапу өтінемін, қашаннан бері еріңні көрмеген әлі?

— “Ерімні ізлеймін. Петр Артемичтің” дегенінен тілмашын татар болмас па деп едім, оның да жөні болмады.

— Бойлай жиылыс, газет... ең болмаса менімен сөйлес тағы... дегендегі “бойлайына” бойлап Орал, Бөкейдің бірі болар десем, одан де ештеңе шықпады.

— Күн шығысымен жарық қала шашылды.

— Выходом солнца светлый город рассыпался.

— Мен оған барлық станцияның тізбесін оқимын. Дәміне қарай таңдасын.

(Я буду читать ей список станцией, пускай она сама выбирает по вкусу.)

— Мен гапу өтінемін, ләззәтті жалғыздыққа...

(Я извиняюсь в приятном одиночестве),— дегендерінен перевод қылған тілмәш орыс екен-ау деген қорытындыға ұйғарып едім, ол да қорымады.

— Ақа, мұнда бір азаматша қай станцияға барарын білмей қысылып отыр.

(Папаша, здесь одна гражданка затрудняется ехать на какую станцию.)

— Осындай адреспен моссельпромға кіріп кетерсің!

(— С таким адресом зайдете в мосселпром!)

— Олардың қоғамдық тамыры Тоня.

(— Их общественный друг Тоня)

— Ах, айтпаңыз, бүгін жалмауыз ерлер жоғалды.

(— Ах, не говорите, нынче проклятые мужи, исчезли.)

— Менікі де солай жоғалды. Өзім де аlementке тұрам.

(— Тот тоже исчез. Я сама существую на алименты.)

— Ізде, ізде, тағы өсекші жоқ па екен.

(— Ищи, ищи, нет ли еще чего развратного.)

— Тіке айт! Менімен Артемов.

(— Скажите окончательно, я или Артемов?)

— Сен мені мұрындан жетектейсің.

(— Ты меня за нос водишь.)

— Сен мені ауыл тентегіне санайсың.

— Ты меня считаешь за дурной деревенской...— дегендерінен тілмаштың қай заттан екенін ажырата алмай парадай басым шакпадай болды. Переводтары: қылға тіздім. “Мұрынан жетектедім”. Түк шықпады.

“Менікі де солай жоғалды!”

Тағы қарадым, “Жарық қаланың”:

-- Күндер қашты.

Бежалы дн,—

жазулары жарқ-жарқ етті.

Алдында ауру баласы бар Настасия деген әйел “Жарық қаладағы” Артемов деген күйеуін іздеп отарбада келе хатты. Станцияға жақындады. Вагонның бақташысы әлгі әйелге келді де көптің көзінше:

— Саған қазір екінші міну! Жинал! (Сейчас вам пересадка, собирайтесь!),— деді. Мәссаған! Май тілесен, мә күйрық! Жағамды ұстадым. Картина тамашасында отырған жергілікті тұқымды еркек-әйел бірін-бірі түртті. Әйел болса бетін шымшыды. Еркек болса мырс-мырс күлді. Тілмаш болса, не күйсеп тұрғанын бір күдай білді тек. Өзі білді.

Вагонның бақташысы Настасияға қолақпандай қылып жоғары “мінуді” айтқанда вагонда халықтан жырылған, тұқырылған ешкім болмады. Үйткені ол жерде қазақ болмады. Қазақ болмаған соң

бақташының сөзін ешкім перевод та қылмады. Бақташы айтқан соң Настасия баласын алып, поездан түсуге ұйғарылды. Үйткені бақташы Настасияға мына тілмаштың тентектігіндей бөтен еш нәрсе айтқан жоқ еді. Жалғыз поезд станцияға жақындағанда:

— Сейчас вам пересадка, собирайтесь — деп өте шыққан. Осының аудармасы жоғары айтқан, ол тілмаш түсінікті:

— Саған қазір екінші міну; жинал!— болып шықты.

Міне, бағанадан тілмаштың кім екенін білмей отырған басым осы “шығармасына” келгенде тілмаштың үстінен түстім. Кім екендігін біле қойдым.

— Тілге қылдай қиянат қылмайтын тілмаш екен!

— Сөздің қылшығын қыңыр айтпайтын тілмаш екен!

— Жөн айтылған сөздің қыртысын айналдырып, асыра сілтейтін абүйрсыз шіркін екен!

— Сен мені “Ауыл тентегіне санайсын” деп өзі айтқандай, оны тіл тентегіне санайтын адам екен!

— Жанды сурет сықылды жалпының ортақ мүлкі, мәдениет жабдығын өзінше былғап отырған бір “ботқа асатар” екен!

Асағаны арам екен.

Сүйтіп күйіл-пісіп отырғанымда картинаның жазуы:

— Үзіліс жарияланады,— деді.

“Мұнысы не екен?” дей бергенімше, орысша шыға келді:

— Объявляется перерыв...— екен.

Терлеп-тепшіп далаға шықтым. Көркиноның мандайшасындағы айшықты жазуы (вывескасы) көзіме түсті: “Горкино” депті.

— Көріңде өкір, Көркино! Халыққа не көрсетіп жатқаныңды өзінде көрмейсің-ау,— дедім.

— “Соқырдың қолына, саңыраудың астына түспе”— деген осы-ау дедім.

— Саңырау, мылқау картинаның халықты қалай боқтап, қалай даттап жатқанын өзің де білмейсің-ау,— дедім.

— Қызылорданың сорлы жергілікті халқын өз ақшасына өзін сәгіп, не қылып, нетіп жатқан тентектігіңді түсінбейсің-ау,— дедім. — Алдымен

өздерің қазақылансаң қайтер еді, шіркін!— дедім. Сүйтіп кейіп тұрдым.

Көркиноның вывескесі ала көленкеде мені жақтырмай қабағын түйгендей болды.

— Мен, ғапу өтінемін!— дедім.

“Жарық қаланы” көргенде арманда, көрмеген де арманда. Көрсеткен көркино да арманда.

Сонымен:

— Үзіліс жарияланды.

Мазмұны

Қуыршақ	3
Жалаңаш жиылыс	6
Бақтың әдісі	13
Ташкендікке тарт	15
Шешілмеген жұмбақ	19
Жарайсың Шұлғаубайым	27
Ұяның ұясы — Кожаның дорбасы	29
“Қыз көзінше неге замечанье жасайсың?”	35
Сөз Қамысбаевқа	38
Сұрпақбай сұғанақ	40
Күйрықты базар	45
Алдандық	48
Шалқыбай	52
Төрешілдіктің түрлері	55
Хан адвокат	62
Күк	67
Сыйға — сый, сыраға — бал	71
Газет емес, концерт	73
Социализм болғанда ауыл қандай болады?	78
Оңшылбаевтың ауылы	—
Солшылбаевтың ауылы	80
Колхоз ауыл	82
Кімді кім	84
Мен қателескен екем	88
Басқа пәле тілден	91
Жайлаубектің жауыры — арудың ауыры	95
Тентектің ертегісі	102
Пұшық мұрынға кетік ыдыс	107
Шайтанарба	110
Көрген де арманда, көрмеген де арманда	119

Жансүгіров І.
Ж.27 Күк: Фельетондар мен сықақ әңгімелер. —
Алматы: Қайнар, 1995- 128 бет.

ISBN 5-620-00845-4

Ілияс Жансүгіровтың бұл жинағына 1935 жылы „Күк“ деген атпен шыққан кітабындағы фельетондары мен сықақ әңгімелері топтасырылды.
Кітап көпшілік оқырмандар қауымына арналады.

Ж 4702250201 — 030 Дп — 95
403(05) — 95

ВБК 84 Қаз 7-4

Ильяс Джансугуров

ҚҰҚ

(на казахском языке)

Редактор А. Отарбасв
Худ. редактор Б. Жапаров
Тех. редактор Т. Суранова

ИБ 4347

Теруге берілген күні 8.11.94 Басуға қол қойылған күні 10.07.95. Форматы 84x100 1/32. Қаразы № 1. Гарнитурасы „Тип Таймс“. Шартты баспа табағы 6,2 Есепке алынатын баспа табағы 6,3 Шартты бояулы оттискілері 6,43 Тиражы 10000 дана. Заказ№ 2902. Келісімді баға.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің „Қайнар“ баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің „Кітап“ полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.